

Куанова И.З., Носов П.Б., Темирова Е.А.

---

**СУДЬЯЛЫҚ ӘДЕП КОДЕКСІНЕ**  
**ТҮСІНІКТЕМЕ**

---

Нұр-Сұлтан, 2021

**ӘОЖ 342.56**  
**КБЖ 67.71**  
**К88**

**И.З. Куанова, П.В. Носов, Е.А. Темирова. Судьялық әдеп Кодексіне түсініктеме. Қазақстан Республикасы Судьялар Одағы Орталық Кеңесінің жалпы редакциялауы бойынша әзірленді.**

**ISBN 978-601-80005-5-3**

**И.З. Куанова**, Солтүстік Қазақстан облыстық сотының отставкадағы судьясы, з.ғ.к. – кіріспе, сөзбасы, 2, 3, 5, 8, 9 баптар, 1 қосымша (басқа авторлармен бірге);

**П.Н. Носов**, Нұр-Сұлтан қ. адвокаттар алқасының адвокаты – 4, 6, 10, 12, 15 баптар, 1 қосымша (басқа авторлармен бірге), 2-11 қосымшалар;

**Е.А. Темирова**, Павлодар облыстық сотының отставкадағы судьясы, з.ғ.к. – 1, 7, 11, 13, 14 баптар, 1 қосымша (басқа авторлармен бірге).

**ӘОЖ 342.56**  
**КБЖ 67.71**  
**К88**

Судьялық әдеп Кодексіне түсініктеме 2016 жылғы 21 қарашада Қазақстан Республикасы судьяларының VII съезі қабылдаған Судьялық әдеп Кодексінің нормаларын түсіндіру баяндалған. Судьялық әдеп Кодексінің баптары судьялардың мінез-құлқының халықаралық этикалық стандартына, ұлттық заңнамаға, осы Кодексті қолданудың қалыптасқан тәжірибесіне сәйкестік тұрғысынан қарастырылды.

Түсініктеме судьяларға, судьялыққа үміткерлерге, оқытушыларға, магистрлерге, Әділет Академиясы мен Заң ЖОО-ларының студенттеріне, қызметтегі заңгерлерге, сондай-ақ судьялық әдеп мәселелеріне қызығушылық танытатын тұлғаларға арналған.

Түсініктеме Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Құқық Үстемдігі Бастамасы Америкалық заңгерлер қауымдастығымен Құқық үстемдігі бағдарламасы бойынша ынтымақтастығы шеңберінде әзірленді.

**ISBN 978-601-80005-5-3**



© **И.З. Куанова, П.В. Носов, Е.А. Темирова**

# МАЗМҰНЫ

---

<b>ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР .....</b>	<b>4</b>
<b>КІРІСПЕ .....</b>	<b>6</b>
<b>СУДЬЯЛЫҚ ӘДЕП КОДЕКСІ.....</b>	<b>7</b>
1-бап .....	9
2-бап .....	12
3-бап .....	21
4-бап .....	25
5-бап .....	30
6-бап .....	34
7-бап .....	36
8-бап .....	39
9-бап .....	41
10-бап .....	44
11-бап .....	46
12-бап .....	49
13-бап .....	51
14-бап .....	54
15-бап .....	57
1-қосымша.....	59
2-қосымша.....	64
3-қосымша.....	66
4-қосымша.....	68
5-қосымша.....	70
6-қосымша.....	71
7-қосымша.....	72
8-қосымша.....	74
9-қосымша.....	76
10-қосымша.....	78
11-қосымша.....	79

# ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

Мәтінде мынадай қысқартулар қабылданды:

Сот төрелігі академиясы	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы
ӘРПК	Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі <sup>1</sup>
Бангалор қағидаттары	Судьялар мінез-құлқының Бангалор қағидаттары <sup>2</sup>
АҚЖД	Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы <sup>3</sup>
Жоғарғы Сот	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты
ЖСК	Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі
Азаматтық кодекс	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі
ГПК	Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан <sup>5</sup>
АҚЕС	Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот
НОК	Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексі <sup>4</sup>
Кодекс немесе СӘК	Судья әдебі кодексі <sup>5</sup>
ДИАҚБ түсініктемелері	ЕҚЫҰ ДИАҚБ Қазақстан Республикасының Судьялық әдеп кодексіне түсініктеме беруге қатысты түсініктемелері <sup>6</sup>
Түсініктеме	Судьялық әдеп кодексіне түсініктеме <sup>7</sup>
Комиссия	Судьялар одағы филиалының Судья әдебі жөніндегі комиссиясы
Конституциялық заң	«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы <sup>8</sup>

<sup>1</sup>Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI кодексі.

// <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2000000350>

<sup>2</sup> БҰҰ Экономикалық, әлеуметтік кеңесінің 2006 жылғы 27 шілдедегі 2006/23 қарарына қосымша. [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/bangalore\\_principles.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/bangalore_principles.shtml)

<sup>3</sup> Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған. // [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/declarations/declhr.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr.shtml)

<sup>4</sup> Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV кодексі. // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1100000518>

<sup>5</sup> 2016 жылғы 21 қарашада Қазақстан Республикасы судьяларының VII съезі қабылдаған // <http://www.krso.kz/ru/act-9>

<sup>6</sup> ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросының тапсырысы бойынша жүзеге асырылған Судьялық әдеп кодексіне түсініктеменің бейресми ағылшын тіліндегі аудармасы негізінде Қазақстан Республикасының Судьялық әдеп кодексіне түсініктемеге қатысты ЕҚЫҰ ДИАҚБ-ың түсініктемелері. Түсініктемені Орталық Еуропа университетінің Құқық факультетінің адам құқықтары саласындағы бағдарламасының жетекшісі проф. Кароли Бардтың және Букингем университетінің Заң факультетінің дәріскері доктор Гар Йен Нг-ның қатысуымен Адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық жөніндегі сарапшы Элис Томас ханым дайындады, Варшава, 2018 ж. 27 желтоқсан. // <https://www.osce.org/ru/odihr/410411>

<sup>7</sup> Судья әдебі кодексіне түсініктеме жобасы. // <http://www.krso.kz/ru/act-7>

<sup>8</sup> Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы. Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25

# ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

Конституция	Қазақстан Республикасының Конституциясы <sup>9</sup>
ҚРӘҚТК	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі <sup>10</sup>
АСҚҰП	Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті <sup>11</sup>
ХЕҰ	Халықаралық еңбек ұйымы
НҚ	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы
Тәуелсіздіктің негізгі қағидаттары	БҰҰ-дың сот билігі тәуелсіздігінің негізгі қағидаттары <sup>12</sup>
Т.	тармақ
Тш.	тармақша
СӘК туралы ереже	Судьялар одағы филиалының Судья әдебі жөніндегі комиссиясы туралы ереже <sup>13</sup>
Филиал туралы ереже	«Қазақстан Республикасы Судьялар одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің филиалы туралы ереже <sup>14</sup>
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
Судьялар одағы	Қазақстан Республикасы Судьялар одағы
Б.	бап
ЕК	Қазақстан Республикасының еңбек кодексі <sup>15</sup>
ҚК	Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі <sup>16</sup>
ҚПК	Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі <sup>17</sup>
Орталық кеңес	Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық кеңесі

желтоқсандағы № 132 Конституциялық заңы.

// <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z000000132>

<sup>9</sup>Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000>

<sup>10</sup>Әкімшілік құқық бұзушылық туралы. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V кодексі. // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235>

<sup>11</sup> Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1966 жылғы 16 желтоқсандағы 2200 А (XXI) қарарымен қабылданды. // [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/pactpol.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pactpol.shtml)

<sup>12</sup>БҰҰ-дың сот билігі тәуелсіздігінің негізгі қағидаттары. 1985 жылғы 26 тамыз бен 6 қыркүйек аралығында Миланда өткен қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен жұмыс істеу жөніндегі БҰҰ-дың жетінші конгресі қабылдаған және 1985 жылғы 29 қарашадағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 40/32 қарарымен мақұлданған.

// [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/indep.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/indep.shtml)

<sup>13</sup>Қазақстан Республикасы Судьялар одағы Орталық кеңесінің 2017 жылғы 6 ақпандағы қаулысымен бекімінген. <http://www.krso.kz/ru/act-11>

<sup>14</sup>ҚР Судьялар одағы Орталық кеңесінің 2013 жылғы 05 желтоқсандағы қаулысымен қабылданған. // <http://www.krso.kz/ru/act-1>

<sup>15</sup>Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V кодексі. // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000414>

<sup>16</sup>Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V кодексі. // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226>

<sup>17</sup>Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V кодексі. // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000231>

# КІРІСПЕ

2016 жылғы 21 қарашада Қазақстан Республикасы судьяларының VII съезі қабылдаған СӘК 2009 жылы Қазақстан Республикасы судьяларының V съезі негізін қалаған судьялардың әдепті мінез-құлқын реттеу тетігін жетілдіруді жалғастырды.

СӘК нормалары Қазақстан Республикасының әрбір судьясы сақтауға тиіс талаптарды ғана емес, сондай-ақ жұртшылық және сотқа өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін жүгінген әрбір адам күтетін мәдениет пен әдептің белгілі бір деңгейін де қамтиды. Судьяның адам және азамат ретіндегі өз құқықтарын іске асыруы мен судьяға оның жоғары миссиясы мен мәртебесі жүктейтін жоғары адамгершілік пен кәсібилік талаптары арасындағы теңгерім, бір жағынан, мінез-құлықтың әдеп стандарттарын бұзатын судьяларға жол бермей және, екінші жағынан, судьялардың тиісті мінез-құлқын тым кеңінен түсіну мен құқықтарын негізсіз шектеуге жол бермей, СӘК нормаларын олардың мақсаттарына сәйкес түсіну және қолдану қажеттілігін айқындайды.

Бұл Түсініктеме СӘК-тің негізгі ережелерін Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңнамасының негізінде және судьялардың мінез-құлқының әдеп стандарттарын реттеудің халықаралық практикасына сәйкес түсіндіреді.

Түсініктемеде бағалау санаттарын қамтитын судьялардың әдеп нормалары мен мінез-құлық қағидаларына түсіндірме берілген. Адам құқықтары саласындағы негіз қалаушы халықаралық-құқықтық актілерге, халықаралық сарапшылардың СӘК туралы пікірлеріне сілтемелер келтірілген. Орталық кеңестің Судьялар одағы филиалының Судья әдебі жөніндегі комиссияларының шешімдеріне шағымдарды қарау практикасы негізінде СӘК нормаларын сақтау немесе бұзу мысалдары жинақталған. СӘК нормаларын түсіндіру кезінде Орталық кеңестің және Судьялар одағы филиалдарының, сондай-ақ Жоғарғы Соттың ұсыныстары ескерілді.

Аталған Түсініктеме судьялардың тиісті мінез-құлқын барынша түсінуге, судьялар мен Судья әдебі жөніндегі комиссияларға СӘК-тің әдеп нормаларын түсіндіруде көмектесуге, сондай-ақ СӘК ережелерін бұзғаны үшін судьялардың жауапкершілігі туралы нормаларды қолданудың бірыңғай практикасын қалыптастыруға ықпалдасуға арналған.

*2016 жылғы 21 қарашада  
Қазақстан Республикасы судьяларының  
VII съезінде қабылдаған*

## **СУДЬЯЛЫҚ ӘДЕП КОДЕКСІ**

Судья Қазақстан Республикасының судьялары,

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын басшылыққа ала отырып;

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті ережелерінің, БҰҰ Бас Ассамблеясының Қарарымен мақұлданған сот органдары тәуелсіздігінің негізгі қағидаларының маңыздылығын сезіне отырып;

судьялардың тәуелсіздігі, объективтілігі, теңдігі, адалдығы мен сатылмайтындығы, құзыреттілігі мен ұқыптылығы және әдеп нормаларын сақтау туралы судьялардың мінез-құлқының Бангалорлық қағидастары мен қағидаларын ескере отырып;

үстемдікті құқық пен демократияның, ал сот билігінің тәуелсіздігін әділ сот талқылауына деген құқықтың базалық элементі ретінде мәлімдей отырып;

азаматтардың, қоғамның адамгершілік, адалдық пен сатылмайтындық мәселелерінде биліктің сот тармағына, сондай-ақ сот жүйесінің беделіне деген сенімі қазіргі демократиялық қоғамда аса маңызды рөлге ие екенін мойындай отырып;

осы Судьялық әдеп кодексін (бұдан әрі – Кодекс, СӘК) қабылдай отырып, жұмыс істеп жүрген судьялар мен отставкадағы судьялар үшін мінез-құлықтың мынадай әдеп қағидаларын белгілейді.

1. СӘК преамбуладан басталады, онда Конституцияның, Конституциялық заңның және адам құқықтары жөніндегі негіз қалаушы халықаралық-құқықтық актілердің негізінде СӘК-ты қабылдаудың мақсаттары мен уәждері баяндалған, жұмыс істеп жүрген судьялар мен отставкадағы судьялар үшін әдеп нормалары мен мінез-құлыққағидалары белгіленген.

1.1. СӘК қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының судьялары Конституция

мен Конституциялық заңды басшылыққа алады. Яғни сот төрелігін жүзеге асыру кезінде судьялар мемлекеттің ең қымбат құндылықтары адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары жөніндегі конституциялық ережелерді негізге алады, бұл кез келген сот ісін қарау кезінде, оның ішінде заң түсініксіз болған кезде заңдарды түсіндіру мен қолданудың бастапқы нүктесі болып табылады.

1.2. Адам құқықтары жөніндегі негіз қалаушы халықаралық-құқықтық актілердің маңыздылығын сезіне отырып, Қазақстан судьялары сот төрелігін іске асыру кезінде оларды білу және қолдану міндеттемесін өзіне алып қана қоймай, сонымен бірге оларда қамтылған құндылықтар мен қағидаттарды өздерінің кәсіби және қызметтен тыс қызметінің негізі ретінде тануды да мәлімдейді.

1.3. Судьялар Бангалор қағидаттарында көзделген, ұлттық заңнамада жазылуы мүмкін немесе тікелей жазылмауы мүмкін әдеп құндылықтарын: тәуелсіздік, объективтілік, адалдық, сатылмаушылық, теңдік, әдептілік нормаларын сақтау, құзыреттілік, судьялардың ынтасы назарға алынатынын мәлімдейді.

1.4. Құқық пен демократияның үстемдігін бекіте отырып, Қазақстан судьялары Қазақстан Республикасының өзін демократиялық және құқықтық мемлекет ретінде орнықтыратыны туралы конституциялық декларацияға өз бейілділігі туралы мәлімдейді.<sup>18</sup>

1.5. Халықаралық актілерге сәйкес судьялар сот төрелігінің жоғары миссиясы призмасы арқылы онда әркім әділ сот талқылауына сене алатын сот билігінің тәуелсіздігін мәлімдейді.

1.6. СӘК судьялардың әдепті мінез-құлық нормаларын сақтауы, адалдығы, судьялардың сатылмайтындығы шарттарында азаматтар мен қоғамның сот билігіне және сот жүйесінің беделіне деген сенімін айқындады.

1.7. Сот төрелігі әділ және тәуелсіз сот жүйесінсіз өмір сүре алмайды және оның әділдігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін ол сот әдебінің жоғары стандарттарын қалыптастыруға, қолдауға және сақтауға қатысуға міндетті.

СӘК мінез-құлықтың әдеп нормалары мен қағидаларын белгілейді. Әдеп нормаларында, әдетте, судья ұмтылуы керек белгілі бір әдеп құндылықтары, мұраттары (тәуелсіздік, құзыреттілік және т.б.) бекітіледі. Мінез-құлық қағидалары судья осы әдеп құндылықтарына қол жеткізе алатын, жүзеге асыра алатын, сақтай алатын мінез-құлықүлгілерін, қызмет стандарттарын тұжырымдайды.

1.8. СӘК жұмыс істеп жүрген судьялар, сондай-ақ отставкадағы судьялар үшін әдеп нормалары мен мінез-құлыққағидаларын белгілейді. Бұл Конституциялық заң отставкадағы судьяға судья атағын және судьялар қоғамдастығына жатқызылуын сақтайтынын білдіреді.<sup>19</sup>

Одан басқа, Конституциялық заң отставкадағы судьяларды сот төрелігін жүзеге асыруға тарту, отставкадағы судьяларды Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның құрамына енгізу және т.б. мүмкіндігін көздейді.

<sup>18</sup> Қараңыз: Конституцияның 1-б. 1-т.

<sup>19</sup> Конституциялық заңның 35-б. 1-т.



## 1-бап

**Судья өз антына адал болуға, әдеп нормаларын бұлжытпай сақтауға, қоғамдық қызмет пен тұрмыстық жағдайда кез-келген әрекеттерді жүзеге асырған кезде, әдепсіз мінез-құлықтың көріністеріне жол бермеуге, іс-әрекеттері судья лауазымының жоғары мәртебесіне лайық болуы тиіс.**

**Судья заң үстемдігін және сот органдарының тәуелсіздігі қағидаттарын қорғауы және жүзеге асыруы тиіс.**

**Судья сот билігінің беделін түсіруге әкеп соғуы және судьяның абыройына нұқсан келтіруі мүмкін кез-келген іс-әрекеттерден аулақ болуы тиіс.**

1. Бұл бап судья өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде, қоғамдық қызметте және күнделікті өмірде ұстануға тиісті қағидаларды белгілейді.

**1.1.** Оларды сақтау жөніндегі міндеттер Қазақстан Республикасы Президентінің лауазымға тағайындау туралы Жарлығы шыққаннан кейін басталады. Конституциялық заңның 32-бабына сәйкес судья беретін анттың мәтінінде былай делінген: «Өз міндеттерімді адал және абыройлы атқаруға, сот төрелігін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына ғана бағына отырып жүзеге асыруға, судья ретіндегі борышым міндеттегендей бейтарап және әділ болуға салтанатты түрде ант етемін». «Судьяның басты борышы сот функцияларын орындау болып табылады, олардың негізгі элементтері істерді қарау және олар бойынша шешімдер шығару болып табылады, бұл заңды түсіндіруді және қолдануды талап етеді».<sup>20</sup>

Судьяның антта қарастырылған және заңға бағынуды талап ететін мінез-құлқықоғамға оның әрекеттерінің объективтілігі мен бейтараптығына деген сенімділікті көрсете алуы керек. Сот төрелігін бейтарап жүзеге асыру-бұл азаматтың сот төрелігі жүйесіне деген сенімін қалыптастыратын іргетастың бөлігі.<sup>21</sup> «Әркімнің өзіне тағылған кез келген қылмыстық айыптауды қарау кезінде немесе қандай да бір азаматтық процесте оның құқықтары мен міндеттерін айқындау кезінде заң негізінде құрылған құзыретті, тәуелсіз және бейтарап соттың істі әділ әрі жария талқылауына құқығы бар».<sup>22</sup> Азаматтардың конституциялық құқықтарын іске асыру және олардың заңды мүдделерін қорғау сот төрелігін жүзеге асыратын судьяға, оның шыншылдығына, адалдығына, бейтараптығына және әділдігіне байланысты. Бұл миссияны орындау судьяның өзі кез келген сыртқы ықпалға тәуелсіз болған кезде мүмкін, әйтпесе бұл сот төрелігін жүзеге асыруда жағымсыздыққа, алалаушылыққа және заңдылықтың бұзылуына әкелуі мүмкін.

**1.2.** Осы баптың диспозициясы судья сақтауға міндетті құқық пен әдепті реттеу субъектілерін біріктіреді және бұл оның өмірінің ажырамас бөлігі. Әдеп нормалары – оларды қолдану кезінде таңдау мүмкіндігін беретін идеологиялық ұстанымдар. «Әдеп пен құқық нормаларының сәйкес келуі құқықтық реттеудің тиімділігіне ықпал етеді, және керісінше, олардың сәйкес келмеуі оның әсерін айтарлықтай төмендетеді».<sup>23</sup>

СӘК-тің 1-бабының бірінші абзацына сәйкес, судьяға оның жоғары мәртебесіне сай келмейтін жөнсіз мінез-құлыққа жол беруге болмайды. Шын мәнінде, қоғам

<sup>20</sup> Бангалор қағидаттарына түсініктеме, 116-бет

<sup>21</sup> Нидерландыдағы іскерлік әдеп жөніндегі нұсқаулық

<sup>22</sup> Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті, БҰҰ Бас Ассамблеясының 1966 жылғы 16 желтоқсандағы қарарымен қабылданған, 14-бап

<sup>23</sup> Панкратов В.В. Сот әдебі кодексіне түсініктеме. – М.: «Новая юстиция», 2005. – 6-бет

судьяның лайықты мінез-құлқына сенеді, оның басқаларды соттау өкілеттігі оған өз рөліне қол сұғатын бағалау пайымын болдырмау үшін өзін-өзі ұстау міндетін жүктейді. Практикалық қызметте жөнсіз мінез-құлықты анықтау қиындық тудыратынына қарамастан, мұндай мінез-құлықты бағалау басқалардың қабылдауына тікелей байланысты екенін білген жөн, атап айтқанда: судьяның осы немесе өзге мінез-құлқы оның бейтараптығына күмәндануға мүмкіндік бермейді ме, жоқ па, оған деген сенім әлсіреді ме?! Әдепті мінез-құлықты қамтамасыз ету мақсатында судья тек сөздері мен әрекеттерін ғана емес, эмоциялары мен сезімдерін де бақылауы тиіс. Олардың судьяға мотивациялық-реттеуші ретінде әсер етіп, әрекетке итермелеп, оның кейінгі мінез-құлқын бағыттайтын және анықтайтын жағдайлар да аз емес.

Өз эмоцияларын шебер басқару судьяның басқаларға жағымды әдістермен әсер ету қабілетін едәуір арттырады және өз сезімдерінің негізінде басқа адамдардың мінез-құлқтарының жасырын себептерін тануға, қажет болған кезде жағдайды басқаруға - деструктивті конструктивке ауыстыруға мүмкіндік береді.

1.3. Кодекстің 1-бабының ережелерін түсінуде жөнсіз мінез-құлықты тұжырымдауға азаматтың (шағым авторының) алдында қарыздың бар екеніне сілтеме жасай отырып, өтініш берушіні жазамен қорқытып, өз лауазымымен мақтанып, дөрекі сөйлеп, одан елеулі ақша сомасын талап еткен судьяның әдепсіз әрекеттерінің мысалы көмектесе алады. Судьяның мінез-құлықтың әдеп нормаларын бұзу фактісі өтініш беруші ұсынған судьямен сөйлесу кезіндегі аудиожазбамен расталады. Шағымды қарау нәтижелері бойынша Комиссия судья СӘК-тің 1-бабының ережелерін бұзды, яғни, сот билігінің беделін төмендететін, судьяның абыройына нұқсан келтіретін әрекеттер жасады деген қорытындыға келді.

2. Кез келген мемлекеттің сот жүйесі қоғамды заңмен кепілдік берілген құқықтар мен бостандықтарға кез келген қол сұғушылықтан қорғауға арналған. Оның өкілдерінің тәуелсіздігі құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің алғышарты және істі сотта әділ шешудің негізгі кепілі болып табылады. Демек, судья заң үстемдігін және сот органдарының тәуелсіздігі қағидатын оның жеке және институционалдық аспектілерінде қорғауға және жүзеге асыруға міндетті. Тәуелсіздік қағидаты судьяның мінез-құлқының алғашқы көрсеткіші, ал адал және тәуелсіз сот жүйесі демократияның негізі болып табылады. Заң үстемдігінің басты мәні – оның заңды күшінің онымен салыстырылатын кез-келген актінің заңды күшіне қарағанда басым болуы. Заң үстемдігі біздің мемлекетіміздің құқықтық жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуының қағидаты деп жарияланды және судьялардың қызметінде ол бірінші дәрежелі мәнге ие. Бұл адам құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына деп танылатын Конституцияда және ҚР басқа да заңдарында жазылған.

**2.1. Заңнаманың мәні бойынша судьяға өз қызметіне сырттан араласу туралы алаңдамай, адал және ашық түрде, түпкілікті шешімнің қаншалықты танымал болатынына назар аудармай, қолда бар дәлелдер мен заң негізінде істі қарау міндеті жүктеледі. Заңдардың қайшылықтарын еңсерудің құрметті және жауапты миссиясы судьяға жүктеледі, ол оларды түсіндіру барысында өзінің құқықтық және жалпы эрудициясының барлық арсеналын, жеке тәжірибесін және өмір процесінде қалыптасқан моральдық сананы әділ шешім қабылдау үшін қолдануы керек.<sup>24</sup>**

3. Бұл бапта сот билігінің беделін түсіретін және судьяның абыройына нұқсан келтіретін әрекеттерден аулақ болу қажеттілігі туралы айтылады. Бұл дегеніміз, судья кез-келген жағдайда өзінің қадір-қасиетін сақтап, абыройын бағалай білуі керек, оның объективтілігі мен тәуелсіздігіне күмән келтіретін барлық әрекеттерден аулақ болуы тиіс.

<sup>24</sup> Фоков А.О. РФ-дағы Судья әдеби кодексі туралы // Российский судья. 2002 ж. №12. С. 2

3.1. Судьяның жеке қасиеттерін қоғамның оң бағалауының белгісі өте маңызды, өйткені сот қорғауының объектісі оның оң түсінігіндегі абырой болуы мүмкін. Сот билігінің беделі мен абыройы заңды категориялар емес, моральдық сипатқа ие болғанына қарамастан, оларды төмендету судья үшін теріс сипаттағы нақты құқықтық салдарға әкеп соғады. Осылайша, судьялардың өздері, олардың жұмыстағы, қоғамдағы және күнделікті өмірдегі мінез-құлқы, мәдениеті, қарым-қатынас тәсілі, өмір салты, киім стилі және т. б. сотқа деген құрметтің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

3.2. Сот билігінің абыройын басқалар өзіне билік ретінде мойындайды, бұл сот билігі өкілдерінің сөзсіз абыройының арқасында. Судья өзінің мінез-құлқымен өзінің жеке абыройын үнемі растап жүруі керек, бұл сот билігі абыройының ажырамас бөлігі болып табылады және қай жерде: жұмыста, қоғамдық жерде немесе үйде, өзінің қызметтік, қоғамдық, отбасылық немесе өзге де міндеттерін атқаратынына қарамастан, оны басқалардың көз алдында иеленудің заңдылығына күмәндануға себеп болмауы керек. Судья лауазымға жанама түрде байланысты кез-келген әрекетті жүзеге асыру кезінде жөнсіз мінез-құлыққа жол бермеуі керек. «Лауазымға байланысты» деген тұжырымдама ең үлкен контекстті білдіреді, өйткені жеке өмірде де судья сот билігінің иесі болып қала береді.

## 2-бап

Судья өзінің кәсіби қызметін жүзеге асырған кезде заңды ұстана отырып, кез келген сыртқы ықпалдың алдын алуға, қорқытуларға, қысымдарға және заңсыз ықпал етулерге, сот процесіне тікелей немесе жанама қол сұғушылықтарға олардың кімнен болғанына қарамастан қарсы тұруы тиіс. Судья сот отырысын жүргізудің жоғары мәдениетін қамтамасыз етуге, өзін лайықты, әдепті ұстауға және процеске қатысушылар мен өзге де сот отырысына қатысушы адамдардан сондай қарым-қатынасты талап етуге және сот төрелігінің әділдігі олардың күмәнін туғызбауы үшін шаралар қолдануы тиіс.

Судья қабылдайтын процестік шешімдердің заңдылығы мен негізділігі қандай да бір жария талқылауға немесе оның қызметін қандай да бір бағалауға қарамастан қамтамасыз етілуі тиіс.

Судьяның кәсіби міндеттерін атқарған кездегі мінез-құлқы судьяның адалдығы мен сатылмайтындығы туралы қоғамның сенімділігін қалыптастырып, нығайтуы тиіс.

Сот төрағасы (алқа төрағасы) ұйымдастырушылық-өкімдік өкілеттіктерді жүзеге асырған кезде судьялардың тәуелсіздігін шектейтін іс-әрекеттерге жол беруге, оларға қысым көрсетуге, сондай-ақ судьялардың сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі қызметіне ықпал ету мақсаты бар өзге де әкімшілік ықпал ету әдістерін қолдануға құқылы емес.

1. СӘК-тің 2-бабы судьялардың дербес қағидаттары немесе әдепті мінез-құлық стандарттарына бөлінетін әртүрлі әдепті құндылықтарға жататын бірқатар қағидаларды біріктіреді. СӘК-тің 2-бабының бірінші, екінші және төртінші абзацтары судьяның тәуелсіздігіне, бірінші абзац - ішінара сот процесінде әдепті қағидаларды сақтауға және сот төрелігін қамтамасыз етуге, ал үшінші абзац - судьяның адалдығы мен сатылмаушылығына арналған.

Бангалор қағидаттарында судьялар тәртібінің негіз қалаушы қағидаттарының ішінде (көрсеткіштер деп аталады) мыналар көрсетілген: тәуелсіздік (бірінші көрсеткіш), адалдық және сатылмаушылық (үшінші көрсеткіш), әдеп нормаларын сақтау (төртінші көрсеткіш).

Осылайша, СӘК-тің 2-бабында судьялардың әдепті мінез-құлқының үш стандарты топтастырылған, олар судьяның кәсіби міндеттерін жүзеге асыру кезіндегі бір қолдану саласы бойынша біріктірілген.

1.1. СӘК-тің 2-бабы сот төрелігін іске асыру кезінде судьяның тәуелсіздігі туралы конституциялық нормаларды және мінез-құлықтың әдепті қағидаларын сақтау тұрғысында сот төрелігін іске асыру жөніндегі сот қызметіне араласуға жол бермеуді дамытады.

СӘК-тің 2-бабы тәуелсіздік қағидатын сот төрелігін іске асыру қағидаты ретінде ғана емес, барлық кәсіби қызметтің (өзінің кәсіби міндеттерін жүзеге асыру кезінде) базалық әдеп құндылығы ретінде тұжырымдайды.

Судьяның өкілеттіктері сот төрелігін жүзеге асырумен шектелмейді, өйткені сот билігіне басқа функциялар да (сот бақылауы, заң шығару функциясы, азаматтардың шағымдары мен басқа да өтініштерін қарау және т. б.) тән.<sup>25</sup>

<sup>25</sup>Сулейменова Г.Ж. ҚР судьяларының құқықтық мәртебесі: ұғымы және мазмұны

Судьяның кәсіби міндеттеріне судьяның, әдетте, жұмыс уақытында, сот төрелігін іске асыру, сот бақылауын жүзеге асыру, сот актісін кассациялық тәртіпте қайта қарау туралы өтінішті алдын-ала қарау жөніндегі және судья жасаған өзге де процестік емес әрекеттер (яғни сот процесінен тыс): сот практикасын талдау және қорыту, судья лауазымына кандидаттардың тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру және оған басшылық ету; тиісті соттың жалпы және кеңейтілген жалпы отырысына қатысу; нормативтік қаулының жобасын әзірлеуге қатысу; оқыту іс-шараларына қатысу; БАҚ-пен өзара іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу және т.б. кіреді.<sup>26</sup>

Судьяның кәсіби міндеттеріне не жататынын анықтау кезінде Конституциялық заңда белгіленген шектеуді ескеру қажет - бұл судьяға заңда көзделмеген соттан тыс функциялар мен міндеттерді жүктеуге тыйым салу.<sup>27</sup>

1.2. Заңды ұстану судьяның кәсіби міндеттерін жүзеге асыру кезіндегі барлық әрекеттері заңға сәйкес келуі және белгіленген шектеулер мен тыйымдарды қоса алғанда, заңға негізделуі тиіс дегенді білдіреді.

Сот төрелігін іске асыру кезінде судьяның істі дайындау, сот талқылауы және шешім шығару кезіндегі процестік әрекеттері мына кодекстермен реттеледі - ӘРПК, АПК, ҚПК, ҚР ӘҚБтК. Процестік заңның талаптарын сақтамау сот актісіне дау айту үшін негіз болуы мүмкін, ал бұл әрекеттер әдеп нормаларын бұзумен ұштасқан кезде – судьяның мұндай әрекеттеріне Комиссияға шағым жасалуы мүмкін.

Судья заңнама талаптарын басшылыққа ала отырып, әділ әрекет етуі тиіс.

Осылайша, журналистке сот отырысына рұқсат беруден бас тартқан кезде судья бапты көрсетуге, қажет болған жағдайда осы әрекет негізделген заңның нормасын түсіндіруге міндетті. Мысалы, некені бұзу және ортақ мүлікті бөлу туралы азаматтық іс бойынша журналисті сот отырысына жіберуден бас тартудың заңды негізі жеке өмірге қол сұғылмаушылықты қамтамасыз ету қажеттілігі болып табылады.

Егер судья журналисті сот отырысына жіберуден бас тартуға заңды негіз болмаған жағдайда, БАҚ туралы заңнаманы елемей, оны өрескел түрде шығарып жіберсе, онда журналистің шағымы бойынша судьяның мұндай әрекеті Комиссияда қаралуы мүмкін.

Сот отырысында немесе сот актісін дайындау кезінде судья өзінің процестік әрекеттерін негіздеу үшін заңның бабына сілтеме жасап қана қоймай, сонымен бірге осы норманы дұрыс және әдепті түсіндіре білуі, оның осы жағдайға қолданылуын дәлелдей алуы, тараптың заң талаптарына сәйкес келмейтін құқықтық ұстанымын сенімді түрде жоққа шығаруы керек.

1.3. СӘК-тің 2-бабы судьяны заңды ұстануға және кәсіби міндеттерін жүзеге асыру кезінде судьяның тәуелсіздігіне қол сұғу кезінде белсенді ұстаным танытуға міндеттейді: кез келген бөгде ықпал етудің жолын кесу, қауіп-қатерлерге, қысымға және құқықтық емес ықпал етуге, олар кімнен шықса да сот процесіне тікелей немесе жанама араласуға қарсы тұру.

1998 ж. 14 мамырдағы № 1 НҚ-ның 4-тармағында былай түсіндірілген: «Соттардың нақты іс бойынша әділ және бейтарап сот төрелігін жүзеге асыруына кедергі келтіру мақсатындағы кез келген нысандағы іс-әрекеттерді сот қызметіне араласу деп түсінген жөн. Мұндай араласу түрлеріне, атап айтқанда, сот процесіндегі нақты тараптың пайдасына шешім қабылдау туралы әлдебіреулердің сырттан берілген тікелей нұсқауы немесе жанама өтініші, судьяларды белгілі бір шешім қабылдауына мәжбүр ететін жағдайлардың әдейі жасалуы және басқа да осындай іс-әрекеттердің жатуы мүмкін. Мемлекеттік органдардың немесе ондағы лауазымды адамдардың сот ісі жүргізіліп

// [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=33998829#pos=0;3458.39990234375](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33998829#pos=0;3458.39990234375)

<sup>26</sup>Қараңыз, мысалы: Конституциялық заңның 9-б. 1-т. 1), 23-б. 2-т., 12-б.3), 16-б., 22-б., 23-б. 2-т.

<sup>27</sup>Конституциялық заңның 23-б. 2-т.

жатқан істі бақылауға алуына сот төрелігін жүзеге асыруға кедергі келтіру мақсатында сот қызметіне араласу деп бағалау керек».<sup>28</sup>

1.4. Судья әсерді тоқтатуы керек, яғни «тоқтату, доғару, әдетте, күрт, жігерлі, пәрменді шараларды қолдану арқылы».<sup>29</sup>

Егер адамдар судьяға іс бойынша бір тараптың пайдасына шешім шығару туралы өтініштермен, меңзеулермен жүгінсе, судья бұл адамдарға сот төрелігін іске асыру және сотқа қысым көрсету процесіне араласуға жол берілмейтіні туралы әдепті, бірақ нақты және айқын түсіндіруі, сот төрелігін іске асыруға араласқаны үшін қылмыстық жауапкершілікті еске салуы тиіс.

1.5. Судья қауіптерге, қысымға және заңсыз әсерге қарсы тұруы керек, олар кімнен болса да, яғни, берілмеуі, басқа адамның ықпалына – қорқытуға, зиян келтіруге немесе қандай да бір игіліктен айыру туралы уәдеге қарсы тұруы керек. Судья әріптестерінің тарапынан судьяға қауіп-қатер, қысым жасау және оған заңсыз ықпал ету фактілері бойынша сот төрағасына немесе сот алқасының төрағасына жүгіне алады, соттың ішкі қауіпсіздік қызметін хабардар ете алады, ал егер қылмыстық құқық бұзушылық құрамы<sup>30</sup> байқалып отырған жағдайда судья тиісті құқық қорғау органдарына өтінішпен жүгінуге құқылы.

1.6. Егер судьяға сот төрағасы немесе сот алқасының төрағасы ықпал етсе, онда судья жоғары тұрған сот сатысының басшысына не қызметінің мәні судьялардың тәуелсіздігі мен мәртебесін нығайтуға ықпалдасу, сыбайлас жемқорлық пен судьялардың Әдеп кодексінің ережелерін бұзуды жою болып табылатын Судьялар одағына немесе Комиссияға өтініш бере алады.

1.7. СӘК-тің 2-бабы судья заңды ұстануы, сот процесіне араласуларға және ықпал етулерге құрсы тұруы тиіс екенін білдіреді. Сонымен қатар, судья кеңес алу үшін әріптесіне, тәлімгерге, менторға жүгіне алады. Істің фабуласы жөніндегі құқықтық жағдай туралы пікірді дау тараптарын көрсетпей анықтау судья әдебі мен процестік заңды бұзу болып табылмайды, өйткені шешімді судьяның өзі қабылдайды және қабылданған шешім үшін судьяның өзі жауапты болады.

1.8. Судья сондай-ақ сот процесіне тікелей немесе жанама араласуға қарсы тұруы керек.

Сот процесінің барысына араласуға қарсы іс-қимыл шаралары процестік заңдарда көзделген.

Сот процесіне араласудың көрінісі сот ісін судьядан қандай да бір негізсіз не ойдан шығарылған негіздер бойынша алып қою, сот талқылауы кейінге қалдырылған жағдайда істі қарау кезінде алқалық құрамды негізсіз өзгерту болып табылады. Мұндай араласуға қарсы тұрудың құқықтық негізі істі қарау кезінде және судьяны немесе судьялардың бірін ауыстырудың ерекше жағдайларында сот құрамының өзгермейтіндігі туралы процестік нормалар болып табылады.<sup>31</sup>

Кейде тараптар сот залына «қолдау тобын» шақыру арқылы сотқа ықпал етуге тырысады, олар сот процесінің қалыпты барысына араласып, дауыстап, ыммен, бет-әлпетімен судьяның әрекеттеріне мақұлдауын немесе наразылығын білдіреді. Мұндай жағдайда судья сотқа құрметтемеушілік білдіргені үшін<sup>32</sup> не сот отырысында тәртіп бұзушыларға қолданылатын жауаптылық шараларын қолдану<sup>33</sup> қажеттігі туралы мәселені қарайды.

<sup>28</sup>«Қазақстан Республикасында сот билігі туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1998 жылғы 14 мамыр № 1 нормативтік қаулысы // [https://adilet.zan.kz/rus/docs/P98000001S\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/P98000001S_)

<sup>29</sup>Д.Н. Ушаковтың редакциясындағы «Толковый словарь русского языка» (1935-1940)

<sup>30</sup>Қараңыз: ҚК-нің 409-б.

<sup>31</sup>Қараңыз: ӘРПК-нің 111-б., АПК-нің 35 бабының 8, 9-бөліктері, ҚПК-нің 332-бабы.

<sup>32</sup>Қараңыз: АПК-нің 119, 120-баптары

<sup>33</sup>Қараңыз: АПК-нің 188-бабы, ҚПК-нің 346-бабы, ӘРПК-нің 12-бабы

1.9. Заң судьяны сыртқы ықпалдардан қорғайды, себебі судьяның тәуелсіздігі институционалды түрде қамтамасыз етіледі: соттар заң шығарушы және атқарушы биліктен, қоғамдық ұйымдардан және өзге адамдардан тәуелсіз (сыртқы тәуелсіздік). Судьяның тәуелсіздігіне сот жүйесі ішінде кепілдік беріледі: сот төрағасының, сот алқасы төрағасының немесе жоғары тұрған сатыдағы судьяның сот ісін қарауға араласуға және судьяға ықпал етуге (ішкі тәуелсіздік) құқығы жоқ. Өзінің жеке тәуелсіздігі үшін судьяның өзі жауап береді: оның атқаратын лауазымы мен конституциялық мәртебесіне байланысты судья басқа адамдардың құқықтары мен міндеттері мәселелерін шешетін өзінің құқық қолдану миссиясын сезінуі, сот төрелігін жүзеге асыру кезінде өзінің ерік білдіру бостандығын сақтауы және нығайтуы, оған қызмет ететін құқықтың мүдделерін қорғауға дайын болуы керек.

Жекелеген адамдар – отбасы мүшелері, жақын туыстары және басқа да адамдар тарапынан сот төрелігін іске асыру кезінде судьяға ықпал етуге қарсы іс-қимыл да СӘК-тің 12-бабында көзделген.

2. СӘК-тің 2-бабы бірінші абзацының екінші сөйлемі судьяның сот төрелігін жүзеге асыру кезінде іске қатысатын адамдармен өзара іс-қимылын реттейді – судья сот отырысын жүргізудің жоғары мәдениетін қамтамасыз етуі керек.

2.1. Сот отырысын жүргізудің жоғары мәдениеті сот процесі мәдениетінің бір бөлігі болып табылады және құқықтық, адамгершілік, саяси, ұйымдастырушылық және эстетикалық аспектілерді қамтиды.

2.2. Сот отырысының жоғары мәдениеті барлық аталған элементтерді бір уақытта сақтауды білдіреді.

Сонымен, процесілік кодекстер сот ісін жүргізу кезінде ар-намысты немесе қадір-қасиетті қорлайтын, процеске қатысатын адамның іскерлік беделін кемітетін әрекеттерге тыйым салады.<sup>34</sup> Бұл тыйым – судьяның процеске қатысушыларға қатысты мінез-құлқына қойылатын талаптардың ең төменгі деңгейі.

Судьяның мінез-құлқына қойылатын талаптардың неғұрлым жоғары деңгейі – бұл соттың тараптарға құрметпен қарау міндеті.<sup>35</sup>

«Құрметтеу» сөзі латынның «respectus» сөзінен шыққан, ол «көңіл бөлу», «қадірлеу», «қорғау» дегенді білдіреді.<sup>36</sup> Сот процесі тараптарына құрметпен қарау жеке адамның қадір-қасиетін тануды, тараптардың заңды және заңмен қорғалатын мүдделерін ескеруді, олардың нанымдарына, ұмтылыстарына мұқият қарауды; мұқияттылықты, сыпайылықты, әдептілікті білдіреді. Адамдарға құрметпен қарау – бұл, сөзсіз, судья айналысатын әлеуметтік жұмыстың<sup>37</sup> маңызды қағидаты және басты құндылығы.

2.3. Бұдан әрі СӘК-тің 2-бабының бірінші абзацының екінші сөйлемінде судьяның сот отырысын жүргізудің жоғары мәдениетін қамтамасыз етуіне енгізілетіні (бірақ толық қамтылмайтыны) атап өтілді.

Судья өзін лайықты, яғни қадір-қасиетін сақтап ұстауы, процеске қатысушылардан және сот отырысына қатысушы басқа да адамдардан осындай мінез-құлықты сыпайы талап етуі тиіс.

Судья сот отырысында заң талаптарын өзінің, сот қызметкерлерінің, іске қатысушы және сот отырысына қатысушы адамдардың толық және мүлтіксіз сақтауын, сондай-ақ сот процесіне қатысушылар құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

2.4. Судьяның сөзі әдепті және түсінікті болуы керек, паразиттік сөздерге, жаргон сөздеріне жол бермеуі қажет. Судья өз қорытындыларын қысқаша, анық, айқын баяндауы тиіс.

<sup>34</sup> Қараңыз: АПК-нің 9-бабы, ҚРӘҚБтК-нің 15-бабы, ҚПК-нің 13-бабы

<sup>35</sup> Қараңыз: АПК-нің 15-бабы

<sup>36</sup> <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A3%D0%B2%D0%B0%D0%B6%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5>

<sup>37</sup> Сол жерде

Судьяның сот отырысында нашар мінез-құлық мәдениетін көрсетудің мысалы: судья процеске қатысушылардың процестік құқықтары мен міндеттерін түсініксіз әрі тез оқыған кезде немесе қатысушылардың сөйлеген сөздерін «Мұның іс бойынша ешқандай мәні жоқ!» деген сөзбен әдепсіз үзген кезде байқалып қалады. Мұның орнына «Мұның іс үшін қандай маңызы бар?» деп сыпайы және қызығушылықпен сұрап айтылғанның маңыздылығын негіздеуге мүмкіндік берген жөн.

Істі онлайн режимінде қарау кезінде судьялар кейде көп сөйлейтін (артық сөйлейтін) процеске қатысушыны өшіретінін ескертеді. Бұған жол беруге болмайды, өйткені ол әркімнің сотта тыңдалу конституциялық құқығын<sup>38</sup> бұзады, ал процеске қатысушыға ықпал етудің мұндай шарасы процестік заңда көзделмеген. Процеске қатысушының назарын мысалы, ол айтқан мән-жайлар бұрын жазбаша процестік құжаттарда немесе ауызша баяндалғанына, алдын-ала сот отырысында талқыланғанына, сот назарына алынғанына аударған жөн, тараптың осы мәселелер бойынша ұстанымы сотқа түсінікті екеніне және даулы болып қалған, нақтылауды қажет ететін және т. б. мәселелерге назар аударуды ұсынған жөн.

2.5. Судья істі қарауды сындарлы жолға бағыттау білуі керек. Адвокат өзінің 20-дан астам парақтағы апелляциялық шағымын толығымен оқыған кездегі практикада кездескен іс: судьяның барлық шағымды сөзбе-сөз оқудың қандай қажеттілігі бар деген сұрағына адвокат сотта тыңдалуға құқылы деп жауап береді. Судья мұнымен әдепті түрде келісіп, «Сіздің сөйлеуге құқығыңыз бар және мен Сізді даудың мәні бойынша тыңдап шығамын», - деп жауап берді. Судьяның осындай сабырлы, парасатты, мейірімді түсіндірмесі келіспеушіліктерді жойып, процеске қатысушылар істі сындарлы талқылауға көшті.

2.6. Судья сотқа жүгінген адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі өзінің жоғары миссиясын сезінуі, процеске қатысушылардың пікіріне шынайы қызығушылық пен құрмет көрсетуі, өзінің мінез-құлқымен сот алдына қойылған құқықтық мәселені шешуге дайындығын көрсетуі тиіс.

Бұған белсенді тыңдауды қолдану<sup>39</sup>, судьяның істің мән-жайлары туралы білімін көрсету, істің мәні бойынша сұрақтар қою арқылы қол жеткізіледі. Судьяға жоғары реңктерде сөйлеуге, жағымсыз эмоцияларды – агрессия, ыза, ашу және т. б. көрсетуге жол берілмейді.

2.7. Сот процесінің мәдениеті судьяны заңдардың мәні мен мағынасын түсінуге, оларды дұрыс түсіндіруге және заңда бекітілген саяси көзқарастар мен құндылықтарға қатысты қолдануға міндеттейді.

Осылайша, Конституцияда адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең қымбат қазынасы деп жариялау судьяны заңдарды түсіндіру, дауға қатысушылардың әрекеттерін бағалау, жаза тағайындау, моральдық зиянның орнын толтыруды анықтау және т.с. кезінде осы жалпыға бірдей танылған постулатты ескеруге міндеттейді.

2.8. Судья өз жұмысын ұтымды, сауатты ұйымдастыра білуі тиіс. Сот отырысын уақытылы бастау керек, ал сот отырысы уақытылы басталмаған жағдайда, процеске қатысушылардан кешірім сұрап, кешіктірудің себебін түсіндіру орынды (мысалы, алдыңғы сот отырысы кеш аяқталды және т.б.). Істі дайындалған жоспарға – алдынала белгіленген мәселелерге сәйкес жүргізген жөн, процестің қатысушылары істің қай бағытта қозғалатынын, нені ескеру керектігін, нені негіздеу, нақтылау қажет екенін түсінуі үшін белгілі бір әрекеттер тізбегін сақтаған жөн.

Күтпеген, штаттан тыс жағдайлар туындаған кезде – өзі тыныштық сақтауға және

<sup>38</sup> Қараңыз: Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 4) тармақшасы

<sup>39</sup> [https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%BA%D1%82%D0%B8%D0%B2%D0%BD%D0%BE%D0%B5\\_%D1%81%D0%BB%D1%83%D1%88%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D0%B5](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%BA%D1%82%D0%B8%D0%B2%D0%BD%D0%BE%D0%B5_%D1%81%D0%BB%D1%83%D1%88%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D0%B5)



сот отырысы залында қатысып отырғандарды тыныштандыруға, сот отырысының барысына басшылықты сақтай отырып, туындаған мәселелерді жедел шешуі тиіс.

2.9. Сот этикетін сақтай отырып, судья тек өзі ұқыпты болып қана қоймай, сот отырысы кезінде мантияда болуы керек, сонымен қатар сот қызметкерлерінен ұқыптылықты, іскерлік киім стилін сақтауды талап етуі керек. Судья мен сот қызметкерлері сыртқы келбетімен және құрметпен қарау арқылы процеске қатысушыларды қарым-қатынастың іскерлік стиліне итермелеуі, сот талқылауынан алшақтатпауы керек. Судья өзінің жеке еңбегі мен қадір-қасиетін көрсетпеуі, өз мәселелеріне шағымданбауы керек, ал сот отырысының барысын қаралып жатқан істің мәні бойынша құқықтық мәселелерді шешуге бағыттауы керек.

Сотқа келушілерді сотта қысқа белдемше, терең мойны бар жейде киіп келетін, сондай-ақ орынсыз жарқын косметика қолданатын сот хатшысының еркін киім стилі ызаландыруы мүмкін екенін атап өту керек. Бұл орынсыз көрініс сот төрелігінің мүдделеріне сай келмейтін жағымсыз әсер қалдыруы мүмкін мысалдар.

Судьяның артында қисық орнатылған ту процеске қатысушылардың сот талқылауына теріс көзқарасын тудырады және мемлекеттік билік институты ретінде сотқа құрметпен қарауды арттыруға ықпал етпейді.

Судьяның бір тарапқа – «талап қоюшы», «жауапкер», ал екінші тарапқа тегі, аты, әкесінің аты бойынша жүгінуіне жол берілмейді. Мұндай жүгіну сот этикетін және сот процесінде тараптардың теңдігін бұзады, оны қатысушылар объективтілік пен бейтараптықты бұзу ретінде қабылдай алады, сот процесінің әділетсіздігі сезімін тудырады.

2.10. Судья өзі іскерлік, лайықты және сыпайы мінез-құлықты ұстана отырып, процеске қатысушылардан және сот отырысына қатысушы басқа да адамдардан осындай мінез-құлықты талап етуі, сондай-ақ тараптардың сот төрелігінің әділдігіне күмән келтірмеуі үшін тәртіп бұзушыларға шаралар қабылдауы тиіс.

Судья жоғары тондарда сөйлейтін, екінші жағына қысым жасайтын процеске қатысушыға ескерту жасауы керек. Мұндай жағдайда судья өз құқықтарын адал пайдалану міндетін және құқық бұзушыны сотты құрметтемегені үшін жауаптылыққа тарту мүмкіндігін түсіндіруі қажет. Процеске қатысушылардың құқықтарын бұзу, тәртіп бұзушы судьяның лайықсыз мінез-құлықты тоқтату туралы нұсқауын орындамаса және сот отырысында тәртіпті бұзса, «сотты құрметтемеу» ұғымымен қамтылады.

Заңда көзделген шараларды қабылдай отырып және процеске қатысушылар мен сот отырысына қатысып отырған адамдардың лайықсыз, жол берілмейтін мінез-құлқының жолын кесе отырып, судья заңда және СӘК-те көзделгендей басқа адамдарда сот төрелігінің қорғалуы, қауіпсіздігі және әділеттілігі сезімін туындатады және нығайтады.

3. СӘК-тің 2-бабының екінші абзацы қандай да бір жария талқылауға немесе оның қызметін қандай да бір бағалауға қарамастан, судья қабылдайтын процестік шешімдердің заңдылығы мен негізділігін қамтамасыз ету қажеттілігін көздейді.

3.1. СӘК-тің 2-бабы судья қабылдайтын процестік шешімдерді көрсетеді, бірінші, апелляциялық және кассациялық сатыдағы сот процестік заңдарда<sup>40</sup> көзделген кез келген нысандағы - шешім, үкім, ұйғарым, қаулы, сот бұйрығы - қабылдайтын шешімдер түсініледі.

3.2. Процестік шешімдердің заңдылығы мен негізділігіне қойылатын талаптар процестік кодекстерде белгіленген – ӘРПК, АПК, ҚР ӘҚБтК, ҚПК.

Қандай да бір факторларға қарамастан, процестік шешімдердің заңдылығы мен негізділігін қамтамасыз ету - бұл судьяның сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және

<sup>40</sup> ӘРПК, АПК, ҚР ӘҚБтК, ҚПК-ныесте сақтау керек.

тек Конституция мен заңға ғана бағынатыны туралы конституциялық ережені<sup>41</sup>, сондай-ақ Конституциялық заңның талаптарын<sup>42</sup> және СӘК-тің антқа адалдық туралы 1-бабын орындауы.

3.3. Судья процестік шешімдер қабылдаған кезде, лауазымды адамның кеңесте сөйлеген сөзі немесе БАҚ-та сөйлеген сөзі болсын, қандай да бір жария талқылаудың немесе оның қызметін қандай да бір бағалаудың нәтижелерінен тәуелсіз болып қалуы тиіс.

Қоғамдық талқылау, яғни ашық, жария түрде, қоғамның, көпшіліктің қатысуымен, әдетте, БАҚ-ты қолдана отырып жасалған, істің заңдық тұрғыдағы тағдыры туралы пікірлер, болжамдар, бағалау тұрғысындағы пікірлердің айтылуы судьяға әсер етпеуі керек.

Кейде процеске қатысушылар сотқа ықпал етуге тырысып, процесті объективті түрде көрсету қажеттігін дәлелдеп, сот отырысына журналистерді, бейне операторларды шақырады.

Сот процесінде сот билігінің өкілі-қоғамдық тұлға бола отырып, судья моральдық, психологиялық, физикалық, заңдық тұрғыдан кез келген уақытта қоғамның назарына түсуге дайын болуы тиіс. Судья сот отырысы залында баспасөз өкілдерінің қатысуы туралы арыз түскеннен кейін қабылданатын әрекеттер алгоритмін, сот отырысының жабылуына және адамның өз бейнесінің құқығына байланысты БАҚ үшін заңға негізделген шектеулерді ескере отырып білуі тиіс.

Судья әлі аяқталмаған сот процесі туралы журналистердің жарияланымдары, блогерлердің посттары бұқаралық ақпарат құралдарында пайда болуы мүмкін екеніне дайын болуы керек. БАҚ-та сот процесінің барысы біртіндеп жарияланып, судьяның әділдігі мен объективтілігіне күмән келтірілуі мүмкін. Интернеттегі посттар кейде судьяға қатысты жағымсыз пікірлермен қатар жүреді. Кейде мұндай жарияланымдар қоғамдық резонанс тудыруға, сот ісіне жұртшылықтың назарын аударуға, іс бойынша қоғамдық пікірді көрсетуге және шешім қабылдау кезінде судьяның ұстанымына ықпал етуге бағытталған.

Көрсетілген және өзге де факторлар судьяға процестік шешімдер қабылдаған кезінде ықпал етпеуі тиіс. Кез келген жағдайда судья процестік шешім қабылдау кезінде заңдылық пен негізділікті басшылыққа алуы тиіс.

4. СӘК-тің 2-бабының үшінші абзацы судьяның адалдығы мен сатылмайтындығы сияқты моральдік-әдептік құндылықтарды бекітуге бағытталған.

4.1. Бангалор қағидаттарында сот органдарының адалдығы мен сатылмайтындығы қазіргі демократиялық қоғамда басты рөл атқарады.<sup>43</sup> Судьялардың адалдығы мен сатылмайтындығы – бұл сот органдарының да адалдығы мен сатылмайтындығының құрамдас бөлігі.

4.2. Қоғам алдында сот төрелігін жүзеге асыру миссиясын орындау өте маңызды. Сондықтан судья күдік келтірмеуі тиіс, тек адал және сатылмайтын ғана емес, сонымен бірге қоғамның көз алдында да солай қабылдануы керек.

Адалдық ашықтықты және алдаудың болмауын қамтығандықтан, судья сот талқылауының ашықтығы мен жариялылығы туралы заңның талаптарын сақтауы тиіс.

Мысалы, егер заң талаптарын бұза отырып, судья процеске қатысушыларға хабарламай процестік шешім шығарса, осылайша ол сот процесінің ашықтығы мен жариялылығын бұзады. Мұндай процестік шешім заңсыз болып қана қоймайды және күшін жоюға тиіс болады, сонымен қатар процеске қатысушыларға қатысты әділетсіздік сезімін тудырады. Шешім процеске қатысушылардан құпия, жасырын түрде

<sup>41</sup> Конституцияның 77-бабының 1-тармағы

<sup>42</sup> Конституциялық заңның 28-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы

<sup>43</sup> Қараңыз: Қосымшаға преамбула

шығарылғандықтан, бұл әділеттілікке күмән тудырады және судьяның мұндай заңсыз әрекеттерінің себептерін анықтауға деген ұмтылысты туындатады.

4.3. Адалдық пен сатылмаушылық туралы талаптар судьяға ол сот төрелігін іске асырған кезде ғана емес, сондай-ақ өзге де кәсіби міндеттерін орындаған кезде де қойылады.<sup>44</sup>

4.4. Адам судьяны адал емес және пара алды деп жала жапқан, негізсіз айыптаған жағдайда, судья ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау туралы талап қоюды, сондай-ақ кінәлі адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы құқық қорғау органдарына арыз беруді қоса алғанда, өзін заңнамадада көзделген барлық тәсілдер арқылы қорғауға құқылы.

5. СӘК-тің 2-бабының төртінші абзацы Конституциялық заңмен ұйымдастырушылық-өкімдік өкілеттіктер берілген сот төрағасы, сот алқасының төрағасы тарапынан судьяның ықпал етуінен ішкі (сот ішінде) тәуелсіздігін қамтамасыз ету қағидаларын көздейді.

5.1. Сот төрағасы, сот алқасының төрағасы, ең алдымен, судья болып табылады<sup>45</sup> және судьяның міндеттерін атқарумен қатар ұйымдастырушылық-өкімгерлік өкілеттіктерге ие. Демек, СӘК нормалары сот төрағасына, сот алқасының төрағасына сот төрелігін жүзеге асыруда олардың дербестігін сақтау тұрғысынан да, судьялардың сот төрелігін тәуелсіз жүзеге асыруына жағдай жасау тұрғысынан да толықтай қолданылады.

Судья әдебінің нормаларын сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру сот төрағасына жүктеледі.<sup>46</sup>

Ұйымдастырушылық-өкімгерлік өкілеттіктер Конституциялық заңда<sup>47</sup>, сондай-ақ процестік заңдарда<sup>48</sup> көзделген.

Істі алқалы құрамда қарауға қатыспаған сот төрағасы, алқа төрағасы істі қарайтын судьяға сол немесе өзге процестік әрекеттерді (мысалы, сараптама тағайындау, тараптарды татуластыру, талап қоюды қайтару) немесе істі мәні бойынша шешу жөнінде қандай да бір нұсқаулар беруге құқылы емес.

Азаматтық істі қарауға қатысқан кезде сот төрағасы, сот алқасының төрағасы төрағалық ете отырып, ұсыныстар енгізеді, өз пікірін білдіреді және соңғы болып дауыс береді.<sup>49</sup> Бұл қағида төрағалық етушінің істі шешу жөніндегі өз көзқарасын күштеп енгізбеуіне, әкімшілік ресурстармен нығайтылған өзінің беделімен судьяға қысым жасамауына бағытталған. Төрағалық етушінің ұсыныстары мен пайымдаулары істің нақты мән-жайлары мен заңның нормаларына ғана негізделуі тиіс.

5.2. Төрағаның (сот алқасы төрағасының) белгіленген негіздер болмаған кезде сот құрамын кейіннен өзгерту арқылы апелляциялық шағымды қарау бойынша отырысты негізсіз кейінге қалдыру жөніндегі мінез-құлқы СӘК-тің 2-бабының төртінші абзацының ережелерін бұзу ретінде қаралуы мүмкін. Яғни, сот талқылауы кейінге қалдырылғаннан кейін іс басқа судьяға беріледі немесе төрағалық етушіге адал әрекет ететін басқа «бүйірдегі» судья алқалық құрамға енгізіледі.

Судьяға әкімшілік ықпал етудің өзге де әдістеріне дәлелдемелер болған кезде Комиссия сот төрағасының, сот алқасы төрағасының тиісті сот актісін қабылдау туралы өтінішін, ұсынысын, ишарасын, қорқытуын, ескертуін, сондай-ақ судьяны басқа сот алқасының құрамына ауыстыру туралы мәселе қоюды; судьяны тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы мәселеге бастамашылық жасауды; қорытындылау, оқыту

<sup>44</sup> Қараңыз: СӘК-тің 2-бабына осы Түсініктеменің 1.1-тармағы

<sup>45</sup> Қараңыз: Конституциялық заңның 9-бабының 1-тармағы, 14-бабының 1-тармағы, 15-бабының 1-тармағы, 20-бабының 1-тармағы, 21-бабының 1-тармағы

<sup>46</sup> Қараңыз: Конституциялық заңның 9-бабы 1-тармағының 5) тармақшасы, 14-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы, 20-бабы 1-тармағының 6-1) тармақшасы

<sup>47</sup> Қараңыз: Конституциялық заңның 9, 14, 15, 20, 21-баптары

<sup>48</sup> Қараңыз: мысалы: АПК-нің 35-бабының 6, 7-бөліктері, 414-бабының 1-бөлігі және басқалары

<sup>49</sup> Қараңыз: мысалы: АПК-нің 36-бабының 2-бөлігі

және имидждік іс-шараларды жүргізу бойынша сот жұмысының жоспары бекітілген кезде судьяның жүктемесін негізсіз ұлғайтуды; облыстық соттардың төрағалары, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары лауазымдарына судья кандидатурасын ЖСК-ге ұсынуға кедергі келтіруді; судьяны шетелдік іссапарға жіберу туралы мәселенің теріс шешілуін; жалпы отырыс хатшысымен, оқу орталығымен, соттың баспасөз қызметімен және т.б. жұмыс жөніндегі қоғамдық міндеттен босатуды жатқызуы мүмкін.

Сот төрелігін іске асыру кезінде судьялардың тәуелсіздігін шектеуге қол сұғатын сот төрағасының, сот алқасы төрағасының көрсетілген не өзге де қылмыстық әрекеттерді жасауы СӘК-тің 2-бабының төртінші абзацын бұзу болып табылады және қоғамдық, тәртіптік не қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыруы тиіс.

Егер судьяға осындай не өзге де құқыққа қарсы ықпал ету шаралары лауазымды адамдар - сот төрағасынан, сот алқасының төрағасынан не қабылданған ант негізінде сот төрелігін іске асыруға араласуға жол берілмейтіні туралы білетін жоғары тұрған сот сатысының судьясынан туындайтын болса, судья Комиссияға лауазымды адамдардың заңсыз, әдепке жат мінез-құлқы үшін оларға шаралар қолдану туралы шағыммен жүгінуге құқылы. Сондай-ақ судья соттың ішкі қауіпсіздік қызметіне хабарлай алады, ал егер қылмыстық құқық бұзушылық құрамы байқалған жағдайда, ол тиісті құқық қорғау органдарына арызбен жүгінуге құқылы.

### 3-бап

**Судья заңды күшіне енбеген сот шешімдерін бағалауға қатысты жария мәлімдемелерден және сот жүйесінің абыройына нұқсан келтіретін, сот төрелігінің мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін түсіндірмелерден бас тартуы тиіс.**

**Аталған ережелер судьяны бірыңғай сот практикасын әзірлеу мақсатында сот шешімдерін құқықтық талдаудан және істерді қарау нәтижелері бойынша жария пікірталастан шектемейді.**

1. СӘК-тің 3-бабы судьяның сот қызметіне қатысты мәселелері бойынша сөз және пікір білдіру бостандығы құқығын іске асыру ерекшеліктерін реттейді.

1.1. Сенім бостандығына, сенім мен пікірді еркін білдіру құқығы СӘК кіріспесінде сілтеме жасалған АҚЖД<sup>50</sup> және АСҚХП<sup>51</sup>-де бекітілген. Адамның негізгі бостандықтарының бірі ретінде пікір білдіру бостандығы басқа көптеген келісімдерде, конвенцияларда және стандарттарда<sup>52</sup> бекітілген. Сөз бостандығы Конституцияның 20-бабында бекітілген.

АҚЖД-ға сәйкес сот органдарының мүшелері басқа азаматтар сияқты, сөз, діни сенім, қауымдастық және жиналыс бостандығын пайдаланады; алайда, осындай құқықтарды пайдалана отырып, судьялар әрқашан өз лауазымына құрметпен қарауды қамтамасыз етіп және сот органдарының бейтараптығы мен тәуелсіздігін сақтай отырып әрекет етуі тиіс.<sup>53</sup>

Қоғамның судья мәртебесіне және сот билігінің беделіне деген құрметін сақтау мақсатында СӘК-тің 3-бабында көпшілік алдында мәлімдемелерден және көпшілік алдында түсіндірмелерден тартыну туралы әдеп міндеттемесі қарастырылған.

1.2. «Азаматтардың өмірі мен өлімі, бостандығы, құқықтары, міндеттері мен меншігі туралы»<sup>54</sup> дауды шешетін сот актісін әркім әрдайым шүбәсіз қабылдай бермейді, оның ішінде жеңілген тараптың қарсылықтары мен наразылықтары болады. Түсінбеушілік, сот актісімен келіспеушілік олардың процестік тәртіпте шағымдануына және мемлекеттік органдарға, сот жүйесі органдарына және БАҚ-қа шағымдануына әкеп соғады. Кейде істің нәтижесіне наразы адамдар қоғамдық резонанс пен жанжалды жасанды түрде жасайды.

Соттар процесте дау-дамайды болдырмау үшін ресми сенімді ақпаратты жұртшылыққа жеткізуді қолданады. Атап айтқанда, соттың баспасөз қызметі немесе өзге де өкілі істі қарау нәтижелерінің неғұрлым толық және объективті қабылдануы үшін сот шығарған шешімге жариялы түрде түсіндірме береді.

1.3. СӘК-тің 3-бабында бекітілген шектеуді бұзғаны үшін судьяны жауапкершілікке тарту Комиссия шешімі бойынша бірқатар шарттардың жиынтығы кезінде туындауы мүмкін, егер:

- судья көпшілік алдында мәлімдеме жасаудан және/немесе көпшілік алдында түсіндірмеден тартынбаса;
- судьяның мәлімдемесі және/немесе түсініктемелері жарияланса;
- судьяның жария мәлімдемесі және/немесе жария түсініктемелері өзі немесе

<sup>50</sup> Қараңыз: АҚЖД-ның 19-бабы

<sup>51</sup> Қараңыз: АСҚХП-ның 19-бабының 1-тармағы

<sup>52</sup> Қараңыз: мысалы: Тәуелсіздіктің негізгі қағидаттары; 806/2015 Венеция комиссиясының судьялардың пікір білдіру бостандығы туралы пікірі CDLAD(2015)018 // <https://www.venice.coe.int/webforms/documents/?opinion=806&year=all>; Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттың 2009 жылғы 26 ақпандағы қаулысы: Дело "Кудешкина (Kudeshkina) против Российской Федерации" (жалоба N 29492/05) (Первая секция) // <https://base.garant.ru/12168966/#friendsu> др.

<sup>53</sup> Қараңыз: Тәуелсіздіктің негізгі қағидаттарының 8-тармағы

<sup>54</sup> Қараңыз: Тәуелсіздіктің негізгі қағидаттарының преамбуласы

басқа судья шығарған заңды күшіне енбеген сот шешіміне қатысты болса;

- судьяның жария мәлімдемесі және/немесе жария түсініктемесі сот шешімін бағалауға қатысты болса;

- осы жария мәлімдеме және/немесе осы жария түсініктемелері сот жүйесінің беделіне нұқсан келтіруі және сот төрелігінің мүдделеріне залал келтіруі мүмкін болса.

Көрсетілген шарттардың ең болмағанда біреуінің болмауы судьяны СӘК-тің 3-бабы бойынша жауапкершіліктен босатады.

1.3.1. Жұртшылық пен Фемидаға қызмет етушілердің судьяның өзі қабылдаған шешімге қатысты көпшілік алдында мәлімдеме жасау мүмкіндігі туралы пікірлері әртүрлі.

Бір жағынан, *Nemo iudex in propria causa* (Ешкім өз ісінде судья емес) деген латын мақалына сүйене отырып, судья көпшілік алдында түсіндіру кезінде эмоционалды, өз шешімін қорғауға мүдделі болуы, артық талқылауға кірісіп кетуі, сот актісінде көрсетілмеген қосымша ойларды айтуы мүмкін деп болжанады. Сондықтан мұндай жария түсіндірмені сот төрағасы<sup>55</sup> немесе дайын мамандар - баспасөз қызметінің үйлестіруші – судьясы немесе соттың баспасөз қызметінің қызметкері<sup>56</sup> бергені дұрыс.

Екінші жағынан, кейбір судьялар құқықтық нормаларды, арнайы терминдер мен заңгерлік ұғымдарды түсінуде күрделі мән-жайлары көп сот шешімін шығарған судьяның өзі соттың ұстанымын жұртшылыққа жеткізу керек деп есептейді. Мұндай қадам судьяның өз кәсіби қызметінің нәтижесін жұртшылықтың сотына ұсынуға жауапты тәсілі және дайындығы ретінде бағалануы мүмкін.

Бірқатар шет елдерде судьяға өзі қабылдаған, заңды күшіне енген сот актісіне қатысты мәлімдемені көпшілік алдында жариялауға тыйым салынбайды. Шығарылған сот актісі жөнінде мәні бойынша дұрыс, қолжетімді, қысқа нысанда көпшілік алдында сөйлеу (мәлімдеу немесе көпшілік алдында түсініктеме беру) туралы шешімді судьяның өзі өз жауапкершілігіне алады.

Судья жұртшылықты жұмысының нәтижелері туралы хабардар ету кезінде көпшілік алдында дұрыс нысанда мәлімдеме жасай алады, өзі немесе басқа судья қабылдаған шешімге қатысты көпшілік алдында түсініктеме бере алады. Мысалы, апелляциялық сатыдағы судья бірінші сатыдағы соттың шешімін апелляциялық тәртіпте қайта қарау нәтижелері туралы жария етеді.

Мұндай жағдайларда судьялардың әрекеттері маңызды қоғамдық мүддені қанағаттандыруға – сот төрелігі туралы ақпаратты «бірінші ауыздан» естуге бағытталған. Мұндай мәлімдемелер соттың беделін арттыра, сот төрелігінің ашықтығын көрсете, қоғамды қабылданған шешімнің негізділігіне сендіре және қоғамның сот билігіне деген сенімін нығайта алады.

1.3.2. «Жария мәлімдемелер» және «жария пікірлер» терминдері олардың жұртшылық алдында, яғни көпшілік алдында судьялар немесе сот қызметкерлері, судьялар қауымдастығының мүшелері болып табылмайтын адамдар арасында жасалғанын білдіреді.<sup>57</sup>

Әдетте, жария мәлімдеме БАҚ-та, қоғамдық іс-шарада – баспасөз конференциясында, брифингте және т.б. жасалуы, сот сайтында жариялануы мүмкін. Сот ақпаратын жұртшылыққа жеткізудің өзге де тәсілдері жоққа шығарылмайды.

1.3.3. Шектеу заңды күшіне енбеген, міндеттілік, бұлтартпау, ерекшелік сияқты қасиеттері жоқ сот шешіміне қатысты белгіленген. СӘК-тің мәлімдеменің немесе

<sup>55</sup> Қараңыз: мысалы: Түсініктеменің 6-бабының 2-тармағы: Нехаев В.В., Нехаева Т.Г. Кодекс судейской этики: научный комментарий // <https://cyberleninka.ru/article/n/kodeks-sudeyskoy-etiki-nauchnyy-kommentariy/viewer>

<sup>56</sup>Қараңыз: Маартен Стинбик. Укрепление независимости судебной власти Кодекс этики Казахстана. Нур-Султан, 2021. 16-бет // Орталық кеңес ұсынған материалдардан

<sup>57</sup>Сонда

түсініктеменің жария сипатына сақтық көзқарасы нақты осыған байланысты.

СӘК-тің бұл нормасы сот жүйесінің беделіне негізсіз нұқсан келтіруге және сот төрелігінің мүдделеріне зиян келтіруге жол бермеуге арналған.

Сонымен қатар, бұл норма, егер сот актісін көпшілік алдында қорғап, қоғамды оның заңдылығы мен негізділігіне сендіргеннен кейін сот актісінің күші жойылса немесе өзгертілсе, судья үшін ыңғайсыз жағдайдың пайда болу мүмкіндігін болдырмауға арналған. Мұндай жағдай судьяның шынайылығы мен біліктілігіне күмән тудыруы және оның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін.

Басқа адамдар – сот төрағасы, баспасөз қызметінің үйлестіруші-судьясы, баспасөз хатшысы арқылы қоғамның қызығушылығын тудырған және қазіргі уақытта талап етілген істі қарау нәтижелері туралы жұртшылықты және БАҚ-ты хабардар етуге жол беріледі. Яғни, судья баға беруден – пайымдаулардан, нанымдылық мәніне тексерілмейтін,<sup>58</sup> шындық дәрежесін анықтау күрделі немесе мүмкін емес<sup>59</sup> субъективті көзқарастарды білдіруден аулақ болуы керек.

Осы бап сот белгілеген нақты мән-жайлар, сот қолданған заңның нормалары, сот шешімі негізделген дәлелдемелер туралы жария түрде мәлімдеуге шектеу қоймайды.

1.4. СӘК-тің 3-бабының бірінші абзацының екінші бөлігі судьялардың көпшілік алдында түсініктеме беруі кезінде қоғамның сот билігі институтына деген сенімін қолдауға бағытталған.

Сот жүйесінің беделі соттарға қатысты қоғамды сот төрелігін іске асыру жөніндегі миссияны орындау тұрғысынан әлеуметтік бағалауды көздейді.

Сот билігінің адамдардың құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін ерекше процестік нысанда қорғауды жүзеге асыру мақсатын негізге ала отырып, әрбір нақты істі мұқият және әділ қарау үшін жағдай жасауды сот төрелігінің мүдделері деп есептеген жөн.<sup>60</sup>

Еуропалық соттың практикасында сот саласында жұмыс істейтін лауазымды тұлғалар сот төрелігінің беделі мен бейтараптығына күмән келтірілуі мүмкін барлық жағдайда пікір білдіру бостандығын жүзеге асыруда ұстамдылық танытуға міндетті, ал мемлекеттік қызметшілерді, әсіресе судьяларды байланыстыратын адалдық пен парасаттылық міндеті тіпті ұстамдылықпен және сақтықпен нақты ақпаратты таратуды талап етеді.<sup>61</sup>

Осыған байланысты судья көпшілік алдында сот жүйесінің беделіне нұқсан келтіруі, оның мүдделеріне зиян келтіруі, сот жүйесінің сот төрелігін сәтті жүзеге асыру, сот арқылы қорғауды тиісті түрде жүзеге асыру, әрбір сот ісі бойынша заңдылық пен негізділікті қамтамасыз ету қабілетіне күмән келтіруі мүмкін мәлімдемелерден, пікір айтудан қалыс қалуы тиіс. Сот жүйесінде әлдебір мәселелердің болуы мемлекет пен судьялар қоғамдастығы тарапынан сот төрелігін арттыруға бағытталған күш-жігерді төмендетпейді және қол жеткізілген нәтижелерді жоймайды. Жария түсініктемелер сот шешімдеріне де, сот қызметінің басқа салаларына да қатысты болуы мүмкін.

2. СӘК-тің 3-бабының екінші абзацы судьяның көрсетілген шектеулерді ескере отырып, сот қызметі мәселелері бойынша өз нанымдары мен пікірлерін білдіру құқығын растайды және судьяның көпшілік талқылауға қатысуының ықтимал нысандарын атап көрсетеді. Қатысу нысандарының тізбесі түбегейлі болып табылмайды.

2.1. СӘК-тің 3-бабының екінші абзацы судьяның құқық нормаларын қолдану, оларды түсіндіру, дәлелдемелерді бағалау тұрғысынан, оның ішінде сот практикасының

<sup>58</sup> Белов В. Бағалаушы пікірі дегеніміз не? // <https://yuristprav.ru/chto-takoe-otsenochnoe-suzhdenie>

<sup>59</sup> Поташев В. Бағалаушы пікір: бұл не, анықтамасы, сипаттамасы қарапайым сөздермен // <https://1-kak.ru/617-ocenochnoe-suzhdenie-chto-eto.html>

<sup>60</sup> <https://law.wikireading.ru/10431>

<sup>61</sup> Қараңыз: § 86, 93 Постановления Европейского Суда по правам человека от 26 февраля 2009 г. Дело "Кудешкина (Kudeshkina) против Российской Федерации" (жалоба N 29492/05) (Первая секция) // <https://base.garant.ru/12168955/#friends>

біркелкілігіне ықпалдасу мақсатында сот актілеріне талдау жүргізу құқығын түсіндіреді. Мұндай талдауды судья «Талдау» Істер санаттарының бірыңғай жіктеуіші форматында, судьялардың алқалы жиналыстарында, кеңестерде, семинарларда жасай алады.

2.2. Судья істерді қарау нәтижелерін жария пікірсайыс шеңберінде, яғни судьялық корпоративтік іс-шаралардан тыс, оның ішінде БАҚ-та, СӘК-тің 3-бабының бірінші абзацында белгіленген шектеулерді ескере отырып талқылауға құқылы. Жария талқылауға мұндай қатысу ақылға қонымды, уәжді, сындарлы болады және заңнама мен құқық қолдану практикасын жетілдіруге бағытталады деп күтіледі.



#### 4-бап

**Судьяның соттан тыс жердегі мінез-құлқы, оның процеске қатысушылармен өзара қарым-қатынасы соттың тәуелсіздігі туралы қоғамның сенімділігін сақтауға ықпал етуі тиіс.**

**Судья нақты сот ісі бойынша іске қатысушы адамдармен, олардың өкілдерімен, прокурормен, адвокатпен, өзге де мүдделі адамдармен процестік және өзге де заңнамада көзделмеген кез келген қарым-қатынас деп түсінілетін процестік емес байланыстарды, егер осы іс-әрекеттер судьяның объективтілігіне және бейтараптылығына негізделген күмәннің туындауына алып келуі мүмкін болса алдын алуы тиіс.**

1. Судьяның тәуелсіздігі Конституцияда, Конституциялық заңда және соттардың құқықтық қатынастарын реттейтін және судьяның мәртебесін белгілейтін өзге де заңнамалық актілерде бекітілген.

Конституциялық заңда мемлекет судьяға ғана емес, судьяның отбасы мүшелеріне, сондай-ақ олардың мүлкіне де бірқатар кепілдіктер белгіленген (26-бап).

Судьялардың тәуелсіздігі туралы айтқанда, сыртқы тәуелсіздікті (яғни, атқарушы билікке, прокурорға және заң шығарушы билікке қатысты тәуелсіздік) және ішкі тәуелсіздікті (яғни, әріптестеріне, сот төрағаларына қатысты тәуелсіздік) ажырату керек. Автономия деп те аталатын ішкі тәуелсіздік судьяның өз ұйымында оңтайландыруды іске асыру мүмкіндігін білдіреді.<sup>62</sup>

Сыртқы тәуелсіздіктің ұлттық деңгейдегі кепілдіктері Конституцияда және сот жүйесіне қатысты заңдарда да бекітілген. Ресми ғана емес, сонымен қатар күнделікті тәжірибеде - атқарушы биліктің судьялар мен сот кеңесі мүшелерін тағайындау, бағалау, жылжыту және жұмыстан шығару жүйесіне, сондай-ақ сот билігінің оның бюджетіне әсері де маңызды болып табылады.<sup>63</sup>

1.1. Бұл бап судьялардың назарын заңнамада белгіленген кепілдіктер ғана емес, сонымен бірге судьяның мінез-құлқы да, сот төрелігін жүзеге асыру кезінде ғана емес, сонымен бірге соттан тыс, яғни күнделікті өмірде де тәуелсіздікке ықпал ететініне аударады.

Судьяның өмір сүру салты, оның іс-әрекеттері, қылықтары оған мемлекет жүктеген міндеттерді орындау кезінде оның объективтілігіне, адалдығы мен бейтараптығына күмәндануға себеп болмауы керек.

1.2. Судьяның сот отырысы барысында және сот қабырғасынан тыс мінез-құлқықоғамның, заңгерлік мамандық өкілдерінің және сот процесі тараптарының судья мен сот органдарының объективтілігіне деген сенімін қолдауға және арттыруға ықпал етуге тиіс.<sup>64</sup>

1.3. Әлеуметтік желілердің (Facebook, Twitter, LinkedIn, ВКонтакте, Одноклассники), жедел хабар алмасу жүйелерінің (WhatsApp, Telegram, Instagram) танымалдылығының артуына байланысты судьяның кәсіби қызметі, оның жеке өмірі, сондай-ақ оның отбасы мүшелерінің өмірі үнемі назарда және қоғамның бақылауында.

Жұртшылық тарапынан осыншама көңіл бөлінуі судьяға бірқатар шектеулерді қабылдауына міндеттеме жүктейді және қарапайым азамат үшін бұл шектеулер ауыр болып көрінуі мүмкін болса да, судья оларды өз еркімен қабылдайды. Судьяның мінез-

<sup>62</sup> Қараңыз: Маартен Стинбик. Укрепление независимости судебной власти и кодекс этики Казахстана // Орталық кеңес ұсынған материалдардан. 4-бет

<sup>63</sup> Қараңыз: сонда

<sup>64</sup>Қараңыз: Бангалор қағидаттарының 2.2-тармағы

құлқы оның лауазымының жоғары мәртебесіне сәйкес келуі керек.<sup>65</sup>

Күн сайын өз жұмысында судья істерді қарау кезінде үлкен психологиялық әсерге тап болады.

Бұл ретте ол бейтарап, объективті болып қалуы тиіс, сот төрелігін жүзеге асыра отырып, заңды және өзінің ішкі сенімін ғана басшылыққа алуы тиіс.

Судьяның, ең алдымен, адам ретінде сыртқы жағдайларға тәуелділігі нақты істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыруда субъективті бағасын дәлелдеуі мүмкін.

Сондықтан осы бапта ешкімнің судьяның тәуелсіздігіне күмәндануға объективті мүмкіндігі қалмайтынын, осылайша судьяның заңды және әділ сот актілерін шығаруы үшін судьяның өзінің мінез-құлқының осындай моделін таңдауы көрсетілген.

Соттан тыс әрекетте және қызметтен тыс қатынастарда судья сот билігінің беделіне нұқсан келтіретін, оның бейтараптығы мен әділдігіне күмән тудыратын барлық нәрселерден аулақ болуы керек.

Судья соттан тыс қызмет түрлерімен айналыспауы және судьяға өзінің кәсіби міндеттерін орындауына кедергі келтіретін, судьяның тәуелсіздігі мен бейтараптығына теріс әсер ететін жария іс-шараларға қатыспауы керек.

1.4. Судья әрдайым айналасындағылар ол арқылы заң қызметшісін, сот билігінің өкілін көретінін есте ұстауы керек, сондықтан ол өзінің сыртқы келбетін, мінез-құлқын, риторикасы мен сөздік қорын қатаң бақылауға міндетті.

Процеске қатысушылардың, сот ғимаратында кездейсоқ кездесіп қалған таныстарының, достары мен туыстарының оған қатысты тәкаппарлыққа және дөрекі сөйлеуіне ешбір жағдайда жол бермеу керек. Дөрекілікпен, тым жақын әрі жылы амандасу мұны бақылаған адамдарға судьяның объективтілігі мен бейтараптығына күмән тудыруы мүмкін. Әлеуметтік желілерде өте ұстамды болу керек, сыни бағалаулардан, жарияланымдар туралы пікірлерден аулақ болу керек.<sup>66</sup>

Сонымен қатар, қоғамда қабылданған мінез-құлық қағидалары сипатындағы байланыстар, мысалы, әдеттегі сәлемдесу, көршілермен, әріптестермен, таныс адамдармен қол алысу сот әдебі нормаларын бұзу ретінде қарастырылмауы керек.

1.5. Судья өзінің сот функциясын кез келген тараптан жүзеге асырылатын және кез келген мақсаттарды көздейтін тікелей немесе жанама кез келген бөгде ықпалға, ниеттерге, қысымдарға, қатерлерге немесе араласуларға қарамастан, құқықты саналы түсінуге сәйкес фактілерді бағалауға негіздей отырып, дербес жүзеге асыруы тиіс.<sup>67</sup>

2. Бұл бапта заңгерлер арасында кеңінен қолданылатын «процестен тыс байланыс» ұғымы енгізілген.

СӘК судьяның оның іс жүргізуіндегі нақты істер бойынша процестік және өзге де заңнамада көзделмеген кез келген қарым-қатынасты осы істерге қатысатын адамдармен, прокурормен, адвокатпен, өзге де мүдделі тұлғалармен болдырмауы тиіс екенін көрсетеді.

«Процестік емес байланыс» ұғымы үш компоненттен тұрады: судья сөйлесе алмайтын субъектілер; қарым-қатынас мазмұны (тақырыбы); судья осы субъектілермен сөйлеспеуі тиіс уақыт кезеңі.

2.1. Судьяның нақты іс бойынша процеске қатысушылардың бірімен процестік емес байланыстары, егер әрекеттерде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болмаса, заңда көзделген тәртіптік жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін.

Нені процестік және процестік емес байланыс деп тану керектігі баптың диспозициясынан туындайды.

Мысалы, процестік емес байланыс судьяның сот отырысынан тыс, бейресми

<sup>65</sup>Қараңыз: Бангалор қағидаттарының 4.2-тармағы

<sup>66</sup>Қараңыз: СӘК-тің 4-бабына түсініктеме

<sup>67</sup>Қараңыз: Бангалор қағидаттарының 1.1-тармағы

жағдайда іс бойынша тараптардың бірімен пікір алмасуы болады.

Сонымен бірге процестік емес байланыстарға тараптардың процестік жағдайына қарамастан, судьяның іс жүргізуіндегі адамдармен тілдесуін, құпия (жеке) кездесулерін, әңгімелесуін жатқызу керек.

Мысалы, 2017 жылы Сот жюриі тәртіптік комиссиясының шешімімен судья оның төрағалығымен қаралған істің қатысушыларының бірімен телефон арқылы сөйлескені үшін қызметінен босату түрінде тәртіптік жауапкершілікке тартылды.<sup>68</sup>

Кез келген қарым-қатынас деп жеке кездесуді ғана емес, сонымен қатар телефондармен, басқа байланыс құралдарымен, электронды құрылғылар мен сандық технологияларды қолдана отырып байланысуды да түсіну керек.

Судья әдебі жөніндегі комиссиялар судьяның ұялы телефон арқылы процестен тыс байланыстарға түскенін көрсететін шағымдарды жиі қарауға мәжбүр болады, мұны растау үшін мұндай келіссөздердің аудиожазбалары ұсынылады.

Судья әдебі туралы қолданыстағы заңнаманы және СӘК-ті қолдану практикасын талдай және процестен тыс байланыстар туралы мәселені қарай отырып, И.З. Қуанова мыналарды көрсетеді.

СӘК бойынша процестік емес байланыстың айрықша белгілері мыналар болып табылады:

- адамдар тобы: іске қатысатын адамдар және іске қатыспайтын, бірақ істің нәтижесіне материалдық немесе процестік мүдделілігі бар өзге де адамдар;
- қарым-қатынас тақырыбы: хабарлама, ол бойынша сот төрелігін жүзеге асыруға байланысты нақты сот ісі бойынша мәселелерді талқылау;
- қарым-қатынас нысаны: бұл процестік заңнамада белгіленген қағидалардан тыс байланыс.

Мүмкін болатын салдардың басталуы туралы СӘК-тің 4-бабының екінші абзацындағы тағы бір белгімен толықтыру керек деп ойлаймын, атап айтқанда:

- салдарлардың басталу ықтималдығы, яғни егер әрекеттер судьяның объективтілігі мен бейтараптығына негізделген күмән тудыруы мүмкін болса.

Тек көрсетілген барлық шарттардың жиынтығында ғана СӘК бойынша процестен тыс байланыс туралы айтуға болады. Егер осы белгілердің кем дегенде біреуі болмаса, процестен тыс байланыс жоқ.<sup>69</sup>

Жоғарыда айтылғандар бойынша судьяның байланыс кезінде байланыс жасайтын адамның кім екенін, оның іс жүргізу жағдайы қандай екенін білмеуі маңызды болуы мүмкін. Мысалы, бала кездегі досы заң факультетінің студенті - ұлының курстық жұмысы бойынша құқықтық мәселелерді талқылау үшін кездесуді сұрады, ал кездесу барысында әрекеттің сюжеті мен тергеу органдары кінәлі деп санайтын қылмыстың құрамын іс жүзінде талқылауға кірісті.

Кез келген жағдайда, комиссия арызды қарау кезінде СӘК-тің 4-бабын бұзудың барлық белгілерінің болу-болмау мән-жайларын зерттеуі тиіс.

Судьяның іс бойынша өкіл - адвокатпен қарым-қатынасы, егер қарым-қатынас мәні іске ешқандай қатысы жоқ мүлдем басқа тақырыптар болса, қазіргі уақытта судья қарайтын іс бойынша СӘК нормалары тұрғысында процестік емес байланыс ретінде қарастырылмауы тиіс. Мұндай қарым-қатынас судья мен адвокат кездейсоқ мерекеде, еске алуда және т.б. бір үстелде бірге болған кезде орын алуы мүмкін. Немесе судья мен адвокат, іс бойынша екінші тарап, жолаушылар, көршілер, спорттық ойынға қатысушылар және т.б. болуы мүмкін.

Тағы бір нәрсе, мұндай қарым-қатынас судьяға қарсылық білдіру үшін негіз

<sup>68</sup>Қараңыз: СӘК-тің 4-бабына түсініктеме

<sup>69</sup>Қараңыз: Қуанова И.З. Анализ действующего законодательства о судейской этике и практики применения Кодекса судейской этики // Орталық кеңес ұсынған материалдардан. 8-бет.

ретінде бағалануы мүмкін. Бірақ бұл жағдайда да, қарсылық білдіруді қанағаттандыру үшін бұл байланыстар судьяның бейтараптығына әсер етуі мүмкін маңызды негіздемелер болуы керек. Мұндай байланыстар процестік емес болып табылмайды.<sup>70</sup>

Азаматтарды жеке қабылдау кезінде сот төрағасы не сот алқасының төрағасы жүргізетін процестік емес байланыстың болуын бағалау мәселесі назар аударуды талап етеді.

Сот төрағасы, сот алқасының төрағасы істерді кез келген басқа судья сияқты қарайды.

Егер сот төрағасының жеке қабылдауына сот төрағасының іс жүргізуіндегі іске қатысатын адамдар соттың лауазымды адамы ретінде жазылса, онда мұндай әңгімені дереу процестік емес байланыс ретінде саралауға болмайды.

Біріншіден, мұндай қабылдау - төрағаның міндеті. Төраға азаматтарды бұл оның іс жүргізуінде жатқан іс бойынша қатысатын адамдар ғана деген сілтемемен қабылдамай қоя алмайды. Азаматтарды жеке қабылдау мәселелері әр түрлі, оның ішінде нақты істі қарауға байланысты емес болуы мүмкін.

Екіншіден, қабылдауды төраға жеке-дара жүзеге асырмауы, ал қабылдау кезінде азаматтардың өтініштерінің мазмұны сот төрағасы немесе сот алқасының төрағасы төрағалық етуші судья ретінде сот талқылауын өткізетін іске байланысты мәселелерді қозғамауы маңызды.

Егер азаматтардың өтініштері тек осы істі қарау мәселелеріне қатысты болса, төраға қабылдауды тоқтатуы керек, бұл ретте оның іс жүргізуіндегі істің мәні туралы өз пікірін білдірмеуі, бұл мәселелер тек процестік тәртіпте қаралуы мүмкін екенін түсіндіруі керек.

Мұндай жағдайларда азаматтарды қабылдауды тоқтату сот төрағасының немесе сот алқасы төрағасының олардың құқықтарын бұзуы деп бағаланбауы тиіс.

2.2. Бұл бапта судья нақты іс бойынша процестік және өзге заңнамада көзделмеген қандай да бір тілдесуді болдырмауы тиіс субъектілер көрсетілген.

Осы тұрғыда процестік заңнамаға сәйкес кез келген сот талқылауының негізгі қатысушылары іске қатысатын адамдар болуы тиіс.

2.3. Бапта «өзге мүдделі тұлғалар» ұғымы ашылмаған. Осы ұғымды неғұрлым нақты түсіну үшін мүдделері судья қарайтын іспен сол немесе өзге де түрде көрінетін адамдарды осы санатқа жатқызумен шектелу керек, өйткені қызығушылықтың өзі тікелей емес, жанама болуы мүмкін.

Сонымен бірге судья өзге адамдардың осындай қызығушылығын (материалдық немесе процестік) білуі керек, бірақ соған қарамастан олармен қарым-қатынас жасауға жол беретінін ескеру қажет.

2.4. Адвокат және прокурор сияқты субъектілерге келетін болсақ, мұнда басқа түсінік болуы мүмкін емес, өйткені бұл субъектілердің мәртебесі заңнамалық тұрғыдан анықталған.<sup>71</sup>

Осы судья істі қарайтын сотта тұрақты тәжірибесі бар адвокаттармен жеке қарым-қатынаста судья негізді күдік тудыруы немесе судьяда қандай да бір артықшылық немесе біржақты көзқарас болуы мүмкін жағдайларды болдырмауы керек.<sup>72</sup>

Мұны прокурорларға да, сотқа қатысуы кәсіби міндет, олардың жұмысының бір бөлігі болып табылатын адамдарға да жатқызуға болады.

3. Судья бапта көрсетілген адамдармен оның іс жүргізуіндегі мәселелер бойынша сөйлесе алмайды.

<sup>70</sup> Сонда

<sup>71</sup> Қараңыз: «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабы; «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы

<sup>72</sup> Қараңыз: Бангалор қағидаттарының 4.3-тармағы

Сонымен бірге, бұл шектеу судьяның осы істің мән-жайларын қозғамайтын кез келген басқа тақырыптар бойынша, тіпті оған қатысушы адамдармен де қарым-қатынасына қолданылмайды.

3.1. Қарым-қатынас түсінігінің өзі мазмұны жағынан әлдеқайда кең және тек бір сот талқылауының шеңберімен шектелген судьяның қарым-қатынасы ретінде түсіндірілмеуі керек.

3.2. Кодекс судьяға мұндай қарым-қатынасқа тыйым салмайды, бірақ ол сот талқылауының мазмұнына қатысты болмауы және судьяның іс жүргізуіндегі істің мәніне қатысты кез келген мәселелерді қозғамауы тиіс.

Бұл ретте судьяның осы бапта аталған адамдармен процестік қарым-қатынасы нақты істі қарау кезінде судьяның объективтілігі мен турашылдығына күмән туғызбауы тиіс.

Судья мүмкіндігінше өзін сот отырыстарына қатысу және сот істері бойынша шешімдер шығару құқығынан айыру үшін негіз бола алатын әрекеттер жасауда шектейді.<sup>73</sup>

3.3. Судья бастама көтермеуі және бапта көрсетілген адамдармен кездесуді іздемеуі тиіс.

Судья байқаусызда (кездейсоқ) бір іс-шараға («бір үстелде» деп аталатын) іске қатысатын адамдармен өз еркінен тыс бірге болуы мүмкін.

Мұндай кездесулер Кодекстің түсіндірілген бабының бұзылуы ретінде қарастырылмауы тиіс.

Осы бапты бұзу құрамының болуын айқындаудың негізгі өлшемшарты судьяның осы бапта көрсетілген субъектілермен бейресми (процестік емес) кездесулердің себептерін іздеу және ұйымдастыру жөніндегі іс-қимылдарының мақсаттылығы болуы тиіс.

4. Осы тыйымның қолданылу кезеңіне келетін болсақ, судьяның іс жүргізуіндегі нақты іс бойынша қандай да бір мәселелерді талқылау іс бойынша сот актісі заңды күшіне енгеннен кейін аяқталуы тиіс.

<sup>73</sup> Қараңыз: Бангалор қағидаттарының 4.3-тармағы

## 5-бап

**Судья заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілерді жалпылама, негізделмеген сынға алудан тартынуы тиіс.**

**Аталған ереже судьяға құқықтық нормаларды түсіндіруге, түсініксіздік, қарама-қайшылық себептер бойынша немесе өзге де негіздер бойынша оларды бағалауға байланысты өзінің пікірін жалпы ғылыми-практикалық пікірталастарға, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, семинарларға немесе басқа да ресми іс-шараларға қатысу арқылы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында білдіруге кедергі келтірмейді.**

**Судья өз білімін арттыру, практикалық тәжірибе мен жеке қасиеттерін жетілдіру мақсатында, үздіксіз оқу мен өз бетінше білім алу тәсілдерін пайдалана отырып, үнемі шаралар қолдану қажет. Ұлттық заңнамамен қатар судья ратификацияланған конвенциялар мен өзге де негіз қалаушы халықаралық актілер туралы хабардар болуы тиіс.**

Адамның және азаматтың сөз бостандығына құқығын іске асыру бөлігіндегі халықаралық стандарттар СӘК-тің 3-бабына түсініктемеде баяндалған.<sup>74</sup>

СӘК-тің 5-бабы судьяның сөз бостандығы мен өз пікірін білдіру құқығын іске асыру ерекшеліктерін және судьяның құзыреттілігі сияқты мінез-құлқының әдеп стандартын реттейді. Мінез-құлықтың екі әдеп қағидасы қолдану саласымен – судьяның құқық пен заңнамаға қатынасымен біріктірілген.

Құқықты қолдану судьяның сот төрелігін жүзеге асыру кезіндегі кәсіби қызметінің мәні болып табылады. Бұл судьяның заңға және өзге де нормативтік құқықтық актілерге оларды қолдану процесінде ғана емес, сонымен бірге жұртшылықты құқықтың жай-күйі, заңды қолданудың сот практикасы және заңнаманы жетілдіру жөніндегі хабардар етудегі ерекше қатынасын анықтайды.

Заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің жетілдірілмеуінің салдары заңнама мәселелерін сынау және талқылау, оны БАҚ-та және жұртшылықтың түрлі форумдарында түсіндіру және өзгерту жөніндегі ұсыныстар болып табылады. Судья бұл қызметке екі шектеуді ескере отырып, сот ісінен тыс қатыса алады.

Біріншіден, сын дерексіз, жалаң болмауы керек, яғни «заң - жаман» деген қарапайым пайымдаудың абстрактілі, нақты емес, ұстамды емес сипаттан тұрмауы немесе «Мұндай заңды кім дайындады?», «Мұндай заң ештеңені өзгертпейді және ешкімге қажет емес» және т.б. сияқты сыншының кемшіліктерін нақты талдаусыз жалпыланған скептикалық бағалаудан тұрмауы тиіс. Заңның абстрактілі сыны конструктивті емес және судьяны материалдық және процестік құқық нормаларын қолдануы кезінде объективтіліктен айырады, ал бұл заңсыз шешім қабылдауға әкелуі мүмкін. Судьядан әлсіз «осал» тұстарын көрсете отырып, оларды талдау нәтижесі ретінде нақты заңды немесе нормативтік құқықтық актіні (жекелеген норманы) пәндік, объективті, уәжді сынға алу күтіледі.

Екіншіден, сын-пікірмен, дәлелдермен, тұжырымдармен, белгілі бір тезистің тұжырымымен расталмауы керек.

ЕҚЫҰ сарапшылары судьяның заңдарға қызметтен тыс уақытында да ескерту жасау және сынға алу құқығын жоққа шығармайды.<sup>75</sup>

СӘК-тің осы бабы судьяның заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық

<sup>74</sup> Қараңыз: СӘК-тің 3-бабына осы түсініктеменің 1-тармағы

<sup>75</sup> Қараңыз: ДИАҚБ түсініктемелерінің 43-тармағы

актілерді нақты және дәлелді талқылауға құқығын шектемейді.

Судьяның сөз және өз пікірін білдіру бостандығына құқығын растай отырып, СӘК судья жария талқылауға қатысуға және құқықтық мәселелер бойынша өз пікірін білдіруге құқылы ықтимал заттар мен нысандарды көрсетеді. Көрсетілген тізбе түбегейлі болып табылмайды.

СӘК-тің 5-бабының бірінші абзацы судьяға құқықтық нормаларды түсіндіруге және оларды бағалауға байланысты өз пікірін білдіруге кедергі келтірмейді.

Құқық нормаларын түсіндіруге олардың көмескілігі (анық емес тұжырым, заңда ұғымдық аппараттың болмауы), заң нормаларының немесе бірнеше заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің сәйкессіздігі, заңнамадағы жаңалықтар, жаңа заңдарды қолданысқа енгізу немесе заңнаманы өзгерту кезінде сот практикасының болмауы не жеткіліксіздігі себеп болуы мүмкін. Мысалы, ӘРПК қолданысқа енгізілгеннен кейін: жария-құқықтық қатынастардан туындайтын даулардың соттылығы; әкімшілік қалауды<sup>76</sup> жүзеге асыру кезінде бағалау өлшемшарттарының болуын білдіретін барабарлық қағидаты, әкімшілік сот ісін жүргізуде соттың белсенді рөлі принципі және судьяның өзінің алдын ала құқықтық пікірін<sup>77</sup> білдіру құқығы туралы нормалар және т.б. түсіндіруді қажет етеді.

СӘК-тің осы бабы судьяға құқықтың сол немесе өзге нормасын, оның ішінде Жоғарғы Соттың түсіндірмесі жоқ сот практикасы мәселелері бойынша қалай түсіндіру керектігі туралы өз пікірін білдіруге кедергі келтірмейді. Егер судьяның пікірі Жоғарғы Сот берген сот практикасының түсіндірулеріне<sup>78</sup> қайшы келген жағдайда, алшақтықтың не себептен болғанын және судья ұсынған түсіндіру неге негізделгенін түсіндіре отырып, өзінің дәлелді ұстанымын білдіруге жол беріледі.

Судьяның құқықтық мәселелер бойынша өз пікірін білдіруі, судья-құқық қолданушылардың заңды қалай түсінетіні туралы ақпарат алу, заңнама мен сот практикасының жай-күйі мен даму үрдістері туралы хабардар болу үшін қоғамдық сұранысты қанағаттандырады. Сонымен қатар, пікірлер мен ұсыныстарды білдіру заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Мұндай талқылауға жариялылық бұл пікірлерді көпшілік алдында, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде әлеуметтік желілерде білдіруге мүмкіндік береді.

Құқық және сот практикасы мәселелерін көпшілік алдында талқылау ғылыми-практикалық пікірталастарда, конференцияларда, дөңгелек үстелдерде, семинарларда немесе басқа да ресми іс-шараларда өткізіледі, оларды өткізу сот төрағасының тиісті жазбаша өкімімен немесе ауызша тапсырмасымен расталған (санкцияланған) іс-шаралар деп түсіну керек.

СӘК-тің осы бабы судьяға құқықтық мәселелер бойынша және ресми іс-шаралардан тыс өз пікірін жариялы түрде білдіруіне кедергі келтірмейді.

СӘК-тің 5-бабының үшінші абзацы екі аспектіні қамтитын құзыреттілікке жатады.

Құзыретті сот – заңда көрсетілуіне байланысты істі қарайтын сот. Халықаралық актілер әркімнің құзыретті ұлттық соттардың құқықтарын тиімді қалпына келтіру, құзыретті соттың істі әділ және жария талқылауына құқығын таниды.<sup>79</sup> Аталған ұйымдастырушылық-процестік аспектіде соттың құзыреттілігіне Конституция кепілдік береді, ол сот төрелігі қағидатын бекітеді: ешкімге оның келісімінсіз ол үшін заңмен көзделген соттылықты өзгертуге болмайды.<sup>80</sup> Әркімнің істі заңның барлық талаптары мен әділдікті сақтай отырып қарау құқығы Конституциялық заңмен де бекітілген.<sup>81</sup>

<sup>76</sup>Қараңыз: ӘРПК-нің 10-бабы

<sup>77</sup>Қараңыз: ӘРПК-нің 16-бабы

<sup>78</sup>Қараңыз: ст. 81 Конституция

<sup>79</sup>Қараңыз: АҚЖД-нің 8-бабы, АСҚХП-нің 2, 14-баптары және басқалары

<sup>80</sup>Қараңыз: Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 3) тармақшасы

<sup>81</sup>Қараңыз: Конституциялық заңның 1-бабының 2-тармағы

Судьяның құзыреттілігі – сот төрелігін жүзеге асыратын судьяның жеке басына байланысты сот құзыреттілігінің жеке аспектісі.

Судья құзыретті болуға, яғни сот төрелігін жүзеге асыру және өзге де кәсіби міндеттерін орындау үшін қажетті кәсіби және жеке құзыреттері, білімі, тәжірибесі, дағдылары болуы тиіс.

Бангалор қағидаттарына түсініктеме судья өз міндеттерін орындау кезінде құзыреттілік құқық саласындағы білімді, тиісті дағдыларды, мұқият болуды және дайындықты қажет ететінін түсіндіреді. Судьяның кәсіби құзыреттілігі ол өз міндеттерін орындау кезінде айқын болуы тиіс.<sup>82</sup>

Бұл үшін судья үнемі жеке тұлғалық өсу мақсатында жұмыс істеуі, заңнама мен сот практикасын зерделеуі, жаңа кәсіби машықтар мен дағдыларды меңгеруі тиіс. Құзыреттілікті облыстық соттардың оқу орталықтары, Жоғарғы Сот, Сот төрелігі академиясы, Судьялар Одағы қолданатын сот оқуының кез келген нысандары, сондай-ақ өз бетінше білім алу арқылы арттыруға болады.

Судья ұлттық заңнама туралы да, халықаралық актілер туралы да қажетті білімді, мәліметтерді меңгеруі тиіс.

СӘК бойынша ұлттық заңнама деп Қазақстан Республикасының заңнамасы – белгіленген тәртіпте қабылданған нормативтік құқықтық актілер жиынтығы түсініледі.<sup>83</sup>

Халықаралық құқықтың қайнар көзі болып табылатын халықаралық-құқықтық актілерге халықаралық шарттар, заңдық міндетті сипаты бар және бірнеше рет қолдануға арналған қағидаларды көздейтін халықаралық ұйымдардың шешімдері, яғни нормативтік шешімдер кіреді.<sup>84</sup>

Халықаралық шарттың мәртебесі оның нақты атауына байланысты емес: келісім, конвенция, халықаралық ұйымның жарғысы, хаттама, пакт.<sup>85</sup>

Судья білуі тиісті негізгі халықаралық актілерге адам құқықтары жөніндегі халықаралық актілер кіруі керек, өйткені бұл мемлекеттің ең қымбат құндылықтары деп танылған адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Бангалор қағидаттары судьяның құзыреттілігін дәл осылай анықтайды.<sup>86</sup>

Судья Қазақстан Республикасының заңдарын ғана емес, Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығына енгізілген, Республика ратификациялаған халықаралық шарттарды да білуі және қолдануы тиіс.<sup>87</sup>

Мысалы, жұмыс берушінің қызметкерді жаңа штат кестесі бекітілгенге дейін штаттың алдағы қысқартылуы туралы хабардар етудің белгіленген рәсімін бұзуы себебінен жұмыстан босатуын заңсыз деп тани отырып, сот шешімді ЕК нормаларымен негіздеді.<sup>88</sup> ХЕҰ-ның экономикалық, технологиялық, құрылымдық немесе осыған ұқсас сипаттағы себептер бойынша еңбек қатынастарын тоқтатуды жоспарлау кезіндегі жұмыс берушінің әрекеттері туралы № 158 Конвенциясының 13-бабын қолдану<sup>89</sup> соттың еңбек

<sup>82</sup> Қараңыз : Судьялар мінез-құлқының Бангалорқағидаларына түсініктеменің 192-тармағы // chrome-extension://mhjfbmdgcfjbbpaeojofohoefgiehjai/index.html

<sup>83</sup> Қараңыз: «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 16) тармақшасы // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1600000480>

<sup>84</sup>Қараңыз: Международное право. Коллектив авторов, 2016 // [https://www.un.org/ru/ici/statut.shtml](https://kartaslov.ru/%D0%BA%D0%BD%D0%B8%D0%B3%D0%B8/%D0%9C%D0%B5%D0%B6%D0%B4%D1%83%D0%BD%D0%B0%D1%80%D0%BE%D0%B4%D0%BD%D0%BE%D0%B5%D0%BF%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%BE%5/5; п. 1 ст. 38 Статута Международного суда ООН // <a href=); О международных договорах Республики Казахстан. Закон Республики Казахстан от 30 мая 2005 года N 54 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z050000054>

<sup>85</sup>[https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%B5%D0%B6%D0%B4%D1%83%D0%BD%D0%B0%D1%80%D0%BE%D0%B4%D0%BD%D1%8B%D0%B9\\_%D0%B4%D0%BE%D0%B3%D0%BE%D0%B2%D0%BE%D1%80](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%B5%D0%B6%D0%B4%D1%83%D0%BD%D0%B0%D1%80%D0%BE%D0%B4%D0%BD%D1%8B%D0%B9_%D0%B4%D0%BE%D0%B3%D0%BE%D0%B2%D0%BE%D1%80)

<sup>86</sup> Бангалор қағидаттарының 6.4-тармағына сәйкес: "Судья халықаралық заңнамадағы тиісті өзгерістерді, соның ішінде адам құқықтарына қатысты нормаларды белгілейтін халықаралық конвенциялар мен басқа да құжаттарды білуі керек".

<sup>87</sup> Қараңыз: Конституцияның 4-бабы

<sup>88</sup> Қараңыз: ЕК-нің 1-бабының 81) тармағы, 53-бабының 1-тармағыК

<sup>89</sup> Конвенцияның 13-бабының а) тармақшасына сәйкес: «Егер Жұмыс беруші экономикалық, технологиялық, құрылымдық немесе осыған ұқсас сипаттағы себептер бойынша еңбек қатынастарын тоқтатуды жоспарласа, ол: а) қызметкерлердің тиісті өкілдеріне, оның ішінде жұмыстан шығарудың болжамды себептері, оған қатысы болуы мүмкін қызметкерлердің саны мен санаттары және жүргізілетін



заңнамасының нормаларын түсіндіруін жеңілдетеді және сот шешімін дау тараптары үшін неғұрлым сенімді және түсінікті етеді. Осылайша, сот халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, қалыптасқан практиканың заңсыздығын айқын көрсетеді, онда жұмыс беруші барлық қызметкерлерге алдағы штаттың қысқартылуы және жаңа штат кестесі бекітілгенге дейін, яғни жұмыстан босатылатын қызметкерлердің саны мен санаттары туралы ақпаратты білмей тұрып, еңбек шартының тоқтатылуы мүмкін екені туралы ресми түрде хабарлайды.

## 6-бап

**Судьяның кәсіби қызметі саяси мақсатты көздейтін саяси партияда немесе қоғамдық бірлестікте мүше болумен үйлеспейді. Ол осындай ұйымдарды қолдап жария сөз сөйлеуге, олардың саяси өміріне қатыспауы тиіс.**

**Судья нақты іс бойынша шешім шығаруға байланысты емес мемлекеттік, саяси қызметтік регламенттелмеген жария бағалаудан аулақ болуы тиіс.**

**Осы баптың ережелері судьяның саяси және қоғамдық өмірдің кез келген мәселелері бойынша пікір білдіру бостандық құқығын шектеу ретінде қаралуы тиіс емес.**

Осы бап судьяны сот төрелігін жүзеге асыру кезінде судьяның тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін саяси мақсаттарды көздейтін саяси партияның немесе қоғамдық бірлестіктің қызметіне қатысудан шектейді.

Судья судьяның тәуелсіздігі мен бейтараптығына заңды және объективті күмән тудыруы мүмкін кез келген жағдайдан аулақ болуы керек.

Осы бапта көрсетілген талаптардың орындалуы судьяны сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі өз қызметінде сырттан қандай да бір ықпал етуден, жекелеген топтар, партиялар, басқа да қоғамдық ұйымдар тарапынан олар үшін оң шешім қабылдау мақсатында судьяға қысым жасаудан қорғауы тиіс.

1.1. Судьялардың саяси партияларда болуына және саяси қызметке қатысуына тыйым салу маңызды кепілдіктердің бірі - тәуелсіздікті қамтамасыз етуге байланысты. Көптеген елдерде мұндай тыйым заңнамамен бекітілген.

Мәселен, Конституциялық заңның 28-бабына сәйкес судьялар партияларда, кәсіптік одақтарда бола алмайды, қандай да бір саяси партияны қолдап немесе оған қарсы сөйлей алмайды.

Бұл тыйым судьяның іс бойынша шешім қабылдаудағы объективтілігі мен бейтараптылығы туралы талаптарға байланысты. Елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси өмірінде болып жатқан оқиғалар, әрине, судьяға елдің азаматы ретінде белгілі бір қызығушылық тудыруы мүмкін, бірақ оның кәсібіне байланысты оның саяси мақсаттарды көздейтін белгілі бір саяси күштерге, қоғамдық ұйымдарға қолдау көрсетуге құқығы жоқ. Олай болмаған жағдайда, судья қандай да бір саяси партиялар өкілдерінің қатысуымен істерді қарау кезінде объективті емес деп сотталуы мүмкін.<sup>90</sup>

1.2. Сондықтан судья реттелмеген, яғни судьялар қауымдастығының ережелері (ұсыныстары) арқылы келісілмеген сөйлеуден бас тартуы керек.

Мұндай қағидаларды (ұсынымдарды) судьялар қоғамдастығының өзі әзірлеуі және Орталық Кеңестің немесе судьялар съезінің шешімімен бекітуі мүмкін.

1.3. Судья лауазымға сәйкес келмейтін кез келген қатынастарды немесе биліктің атқарушы және заң шығарушы тармақтарының әсерін жоққа шығарып қана қоймай, оны тіпті сыртқы бақылаушыға да түсінікті етеді.<sup>91</sup>

Істі қараудың алдында (ол өтетіні не ол тек болжанатыны белгілі болған) судья жағдайды ақылға қонымды бағалауды негізге ала отырып, осы істің нәтижесіне қандай да бір түрде әсер етуі немесе процестің әділ жүзеге асырылуына күмән келтіруі мүмкін кез келген түсіндірмелерден бас тартады. Судья жария немесе өзге де түсіндірмелерден қалыс қалады, өйткені кері жағдайда бұл қандай да бір адамға немесе мәселеге қатысты

<sup>90</sup>Қараңыз: СӘК-тің 6-бабына түсініктеме

<sup>91</sup>Қараңыз: Бангалор қағидаттарының 1.3-тармағы

істі абайсызда қарауға кедергі келтіруі мүмкін.<sup>92</sup>

2. Судьяның саяси партиялар мен қозғалыстарға тікелей немесе жанама қатысы болуға, оларды қолдауға, сондай-ақ өзінің саяси көзқарасын жариялы түрде білдіруге, саяси сипаты бар шерулер мен демонстрацияларға немесе басқа да саяси акцияларға қатысуға құқығы жоқ.

Судья үшін сот процесінің барлық қатысушылары саяси таңдауына қарамастан тең.<sup>93</sup>

Судьяға, кез келген азамат сияқты, сөз бостандығына, дінге, жиналыстар мен қауымдастықтарға қатысуға кепілдік беріледі, бірақ осы құқықтарды іске асыру барысында судья әрқашан судья лауазымының жоғары мәртебесін ұстануы тиіс және сот органдарының бейтараптығы мен тәуелсіздігіне сәйкес келмейтін әрекеттерге жол бермейді.<sup>94</sup>

3. Осы бап бойынша жариялылық саяси мақсаттарды көздейтін саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер мүшелерінің алдында жол берілмейтін сөз сөйлеу ретінде ғана емес, сондай-ақ саяси ұйымдардың бағдарламалары мен акцияларын қолдау үшін халық арасында жол берілмейтін сөз сөйлеу, судьяның мемлекеттік, саяси қызметке деген өз бағаларын БАҚ-та жариялауы, сондай-ақ оларды аталған саяси ұйымдардың бастамаларын талқылау аясында Интернет желісінде цифрлық форматта орналастыру ретінде де қаралуы тиіс.

3.1. Саяси партиялардың қызметіне қатысуға тыйым салу отставкадағы судьяларға да қолданылады. Бұл тұжырым Конституциялық заңнан туындайды, өйткені отставкадағы судья судья атағын және судьялар қауымдастығына тиістілігін сақтайды. Оның үстіне, Конституциялық заң сот төрелігін жүзеге асыру үшін отставкадағы судьяларды тарту, отставкадағы судьяларды Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның құрамына енгізу мүмкіндігін және т.б. көздейді.

4. СӘК-тің 6-бабында көрсетілген ережелер судьяның саяси және қоғамдық өмірдің кез келген мәселелері бойынша пікір білдіру бостандығына құқығын шектейді деп қарастырылмауы тиіс. Атап айтқанда, судьяның Қазақстан Республикасының Президентін, Парламенттің жаңа құрамын сайлауда, республикалық референдумда дауыс беруіне, сондай-ақ Конституцияда, елдің басқа да заңнамалық актілерінде және халықаралық шарттарда көзделген өзге де азаматтық құқықтарды іске асыруға қатысуына шектеу қойылмаған.

Цифрлық коммуникациялық технологияларды дамытудың қазіргі кезеңінде судья оларды күнделікті өмірде мұқият және ұқыпты қолдануы тиіс.

<sup>92</sup>Қараңыз: Бангалор қағидаттарының 2.4-тармағы

<sup>93</sup>Қараңыз: СӘК-тің 6-бабына түсініктеме

<sup>94</sup>Қараңыз: Бангалор қағидаттарының 4.6-тармағы

## 7-бап

**Жұртшылық тарапынан болып тұратын тұрақты назар судьяға өзіне бірқатар шектеулер қою міндетін жүктейді. Судья беделіне нұқсан келтіретін қоғамдық іс-шаралар мен өзге де көпшілік орындардан аулақ болуы тиіс.**

1. Әр адамның жеке басының бостандығына, жеке өміріне қол сұғылмауына, жеке және отбасылық құпияға, өзінің ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар.

1.1. Судьялар басқа азаматтар сияқты құқықтарға ие және оларды еркін пайдалана алады.<sup>95</sup> Бұл тезис кәсіби және жеке өмірдегі кез келген судьяның өз қалауы бойынша әрекет етуге құқылы екенін білдіреді. Алайда, әдеп нормаларын сақтау тұрғысынан оған сот билігінің жария-құқықтық функцияларын жүзеге асыруына байланысты жоғары талаптар қойылады.<sup>96</sup> Судья өзінің жұртшылықтың назарында және талқылауында тұрған объект болып табылатынымен санасуы тиіс, сондықтан қарапайым азаматқа ауыр болып көрінуі мүмкін өз әрекеттеріне қатысты бірқатар шектеулерді қабылдауы керек. Судьяның мінез-құлқының заңдылығы маңызды аспект бола отырып, бұл осындай мінез-құлықтың дұрыстығының жалғыз өлшемі ғана болып табылмайды.

Судьяның өмір салты мен әрекетінің жоғары стандарттары сот органдарына деген қоғамдық сенімнің және олардың тәуелсіздігінің сақталуы мен артуының кепілі ретінде қарастырылады. Судья барлық жерде адамгершілік талаптарын ұстануы қажет. Бұл - оның кәсібінің өзгермейтін элементі. Қоғам судьяны жұмыста өзін қалай ұстайтыны тұрғысынан ғана емес, оның сыртында тұрған судьяға да назар аударады.

1.2. Судьяның жеке басының бостандығына араласпаудың маңыздылығын ескере отырып, осы баптың диспозициясында қоғамдық іс-шараларға және басқа да қоғамдық орындарға баруға тікелей тыйым салынбаған.<sup>97</sup> Бұл ереже басқа мемлекеттердің әдеп кодекстерінің талаптарына сәйкес келеді. Олардың көлемі, құрылымы, баяндау стилі бойынша айырмашылығына қарамастан, олар судьялардың мінез-құлқына бірдей әдептік адамгершілік талаптарды қолдайтындығымен біріктіріледі.

СӘК-ң 7-бабының диспозициясы «егер бұл оның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін болса» деген шартпен «судья қоғамдық іс-шаралардан және басқа да көпшілік орындардан аулақ болуы тиіс» деген нұсқауды қамтиды.

Қоғамдық іс-шара ашық, бейбіт, әркімге қолжетімді, жиналыс және т.б. нысанда өткізілетін азаматтардың, партиялардың, қоғамдық және өзге де бірлестіктердің бастамасы бойынша жүзеге асырылатын, адамдардың ауқымды тобы қатысатын белгілі бір әрекетті білдіреді. СӘК-те осындай іс-шараларды өткізуге және көпшілік орындарға баруға себепші болатын барлық өмірлік жағдайларды алдын ала қарастыруға болмайды. Сонымен бірге ол қоғамдық іс-шаралардың бір-бірінен айырмашылығы, олардың судьяның беделіне зияндылығын анықтау туралы мәліметтерді, тіпті олардың толық немесе үлгілік тізімін қамтуы мүмкін емес. Мұндай нұсқамалар судьяның азамат ретіндегі бос уақыты мен демалысын өткізу құқығын айтарлықтай шектейді. Дегенмен, басқа адамдармен салыстырғанда одан әлдеқайда қатал және шектеулі мінез-құлық нормаларын сақтау керектігі күтіледі. Судья тек үйге, отбасына және достарына ғана назар аударып, толықтай жабық өмір сүру үшін қоғамдық ортадан толығымен бас тартуы керек деп ойлау қисынсыз болар еді. Судьяның өзі өмір сүретін қоғамнан толық оқшаулануы мүмкін емес

<sup>95</sup>БҰҰ Сот органдары тәуелсіздігінің негізгі қағидаттары. 8-тармақ

<sup>96</sup> РФ Судьялық әдеп кодексіне түсініктеме, 43-бет

және қажет емес.

Сонымен қатар, судья туралы оның беделіне нұқсан келтіретін қандай қоғамдық пікір қалыптасатыны, ең алдымен, оның өзіне жүктеледі. Судьяның өз беделі туралы қам жасауын талап ету өте әділ, өйткені оның дұрыс емес немесе әдепсіз мінез-құлқының салдарынан оның беделі ғана емес, сонымен бірге өзі жұмыс істейтін соттың беделі де, жалпы алғанда, сот билігінің беделі де зардап шегуі мүмкін. Судьяның беделі деп оның құндылықтары мен кемшіліктері арасындағы теңгерімді бағалау нәтижесінде қалыптасқан ол туралы қоғамдық пікір түсініледі, яғни, мұндай талдауда қалыптасқан ой судьяның беделін анықтайды, оның жеке беделін нығайтады.

1.3. Судьяның өзі осы немесе басқа іс-шараға, қоғамдық орынға бару-бармау туралы шешімді қабылдауы тиіс, яғни ол өзінің сол немесе өзге әрекеті беделіне нұқсан келтіретін-келтірмейтінін анықтайды. Қоғамдық іс-шараларға және басқа да қоғамдық орындарға бару судьяның сот төрелігін жүзеге асырудағы тәуелсіздігі мен бейтараптығына теріс әсер етуі, сондай-ақ оның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін болған жағдайда ғана олардан аулақ болу керек. Мұндай ескерту қоғам өмірінен толығымен ажыраған судья өз міндеттерін тиімді орындай алмайтынын түсінуден туындайды. Оны қызмет ететін қоғамынан шамадан тыс оқшаулау оның кәсіби өсуі үшін де, қоғамның мүддесі үшін де пайдалы бола алмайды. Сот төрелігін тиісінше жүзеге асыру үшін судьяда қоғамдағы өмір туралы түсінік болғаны өте маңызды. Ол қоғаммен оның ерекше рөліне сәйкес келетін дәрежеде тығыз байланыста болуы керек. Қазіргі уақытта судьялардың функциялары дауды шешудің шегінен шығады. Оларға көбінесе қоғамдық құндылықтар мен адам құқықтарына қатысты көптеген мәселелермен айналысуға, қоғамдағы плюрализм күшейген жағдайда моральдың күрделі мәселелерін шешуге тура келеді.

1.4. Қазіргі уақытта әлемнің көптеген елдерінде судьяларға қоғамдық іс-шараларға, ойын-сауық немесе басқа да осындай мекемелерге баруға тыйым салынбайды, бірақ мұның бәрі үлкен сақтықпен жасалуы керек.

Осы баптың ережелері әдеп нормаларын, іскерлік және күнделікті өмірдің негізгі қағидаларын сақтау қажеттігінен туындайды және судьяның атқарып отырған жоғары лауазымының беделін сақтауға бағытталған.

Судьяның жоғары мәртебесі жағдайында белгілі бір шектеулерді енгізу, соның ішінде судьялар корпусының қандай да бір жеке, қоғамдағы біржақтылық пен сыртқы ықпалдардан үлкен тәуелсіздігі мен бейтараптығын қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттерді білдіреді. Сот төрелігінің қоғамдық сипаты оның көрінісін қамтамасыз ете отырып, қоғам тарапынан бақылауға ықпал етеді, судьяны өз мінез-құлқын бақылауға және заң нормаларын сақтауға ынталандырады.

Судьяның мінез-құлқындағы әр түрлі элементтер конституциялық нормада жазылған «судьяның беделін, қадір-қасиетін түсіретін немесе оның адалдығына, әділдігіне, объективтілігі мен бейтараптығына күмән тудыратын барлық нәрселерден аулақ болу» деген жалпы талапты біріктіреді.

Судьяға деген сенім олардың жұмыста ғана емес, күнделікті өмірде де жоғары мінез-құлық стандарттарын сақтауына байланысты. Бірқатар шектеулерді қабылдай отырып, ол өзінің адалдығына қоғамның саналы, объективті мүшесінің күмәнін тудыруы мүмкін әрекеттерді жасамауы керек. Судья өз өмірінің қамтамасыз етілгенін, сән-салтанат заттарын, зергерлік бұйымдарын көрсетпеуге, оның ішінде бұл туралы куәландыратын қандай да бір фото-бейнетүсірілімдерді, әлеуметтік желілерде жарияламауы тиіс. Ол лауазымның беделін әлсірететін немесе бұзатын мінез-құлықтан аулақ болуы керек.

1.5. Қоғамдық қатынастардың субъектісі бола отырып, судья қоғамдық іс-шараларға және қоғамдық орындарға барғанда әдептілік пен өзін-өзі бақылау сезімін

ұстануы керек, өйткені қоғам одан дұрыс мінез-құлықтың үлгісін күтеді. Ол қоғамда жалпы қабылданған адамгершілік нормаларға сәйкес, оның беделіне қауіп төндірмейтін жеке қағидалар мен өзінің мінез-құлқының моделін дербес әзірлеуі тиіс. Судья өзінің жеке және іскерлік қатынастарын олардың сот міндеттерімен сәйкес келмеу мүмкіндігін барынша азайту үшін құруы керек. Тек осы жағдайда ол қоғамдағы беделге және қоғамның тұрақты сеніміне ие бола алады. Бұл тәсілді елемеу судьяның оң бейнесіне нұқсан келтіруі мүмкін.

## 8-бап

**Судья міндеттерін орындаған кезде өзінің діни наным мен ұстанатын дінін көрсетуден тартынғаны жөн.**

**Ар-ождан бостандық құқығын жүзеге асырған кезде, судья сот билігінің абыройына күмән туғызбау үшін, барлық жағдайларда ұстамдылық пен сабырлылық сақтауы тиіс.**

1. СӘК-тің 8-бабы судьяның ар-ождан бостандығы құқығын іске асыру ерекшеліктерін қарастырады.

1.1. Ар-ождан және дін бостандығы құқығы халықаралық-құқықтық актілермен бекітілген адамның және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарының бірі болып табылады. Әркімнің ар-ождан бостандығы құқығы Конституцияда да танылған.<sup>98</sup>

АҚЖД-нің 18-бабына сәйкес әр адам ой, ар-ождан және дін бостандығына құқылы. Бұл құқық өз дінін немесе наным-сенімін өзгерту еркіндігін, өз дінін, наным-сенімін жеке өзі, немесе басқа адамдармен бірігіп тұтып, жария түрде немесе жеке жолмен уағыздау, құдайға құлшылық ету, діни салт-жораларын орындау бостандығын да қамтиды.

Дінді немесе нанымды ұстану бостандығы заңда белгіленген және қоғамдық қауіпсіздікті, тәртіпті, денсаулық пен имандылықты, сол сияқты басқа адамдардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қажетті шектеулерге ғана жатады.<sup>99</sup>

1.2. СӘК-тің 8-бабы судьяға өзінің діни сенімдері мен тиесілігін бірінші кезекте, міндеттерін орындау кезінде көрсетуден бас тартуды ұйғарады - бұл жерде кәсіби міндеттерді білдіреді.<sup>100</sup>

Аталған шектеулер маңызды қоғамдық құндылық – сот төрелігіне деген сенімді қолдауға және нығайтуға бағытталған.

ЕҚЫҰ түсініктемелерінде судьяның сот отырысында немесе оның қызметіне байланысты басқа жағдайларда өзінің діни көзқарасын немесе сенімін көрсетуді шектеуі оның абсолютті тәуелсіздігіне, бейтараптығына және әділеттілікке деген сенімділігінің маңыздылығын ескере отырып ақталуы мүмкін екені айтылған. Судьяның жеке қасиеттері, көзқарастары немесе сенімдері оның белгілі бір іс бойынша қабылдаған шешімдеріне әсер етпеуі керек.<sup>101</sup>

Атап айтқанда, діни киім киюге тыйым салу керек (әйелдерге - никабтар, хиджабтар, ерлерге - қысқа шалбар, көзге көрінетін кресттер, киптер және т.б.). Сонымен бірге өз әрекеттерін дұға, діни фразеологизмдермен қатар алып жүруіне тыйым салынады.<sup>102</sup>

Судья өзінің сыртқы келбетімен, сөздерімен, үндеуімен процеске қатысушыларға немесе жұртшылыққа, судьяның діни сенімдері мен белгілі бір дінге тиесілігі істі қарау кезінде, мысалы, бір діндардың пайдасына немесе, керісінше, басқа дінді ұстанатын немесе ешқандай дінді ұстанбайтын қатысушыға қарсы оның объективтілігі мен бейтараптығына қандай да бір түрде әсер етуі мүмкін деп болжауға негіз бермеуі керек.

<sup>98</sup> Қараңыз: Конституцияның 22-бабы

<sup>99</sup> Қараңыз: АСҚХП-нің 18-бабы

<sup>100</sup> Қараңыз СӘК-тің 2-бабына осы Түсініктеменің 1.1-тармағы

<sup>101</sup> Қараңыз: ЕҚЫҰ түсініктемелерінің 55-тармағы: Сот органдарының адалдығы мен парақорлығын нығайту мәселесі жөніндегі топ: Судьялардың мінез-құлқының Бангалор қағидаттарына түсініктеме, 2007 жылғы наурыз, 60-тармақ; ЕСПЧ, Питкевич Ресейге қарсы, № 47936/99 шағым, 2001 жылғы 8 ақпандағы шағымның қабылданбауы туралы шешім, онда сот талапкердің шағымын қолайсыз деп таныды, өйткені оны судья қызметінен босату мүмкін емес. бұл оның құқықтарын бұзу болды. Сот өз шешімін ұсынылған фактілермен негіздеді, оған сәйкес талапкер сот тараптарын қорқытып, өз шіркеуінің мүдделерін заңның үстемдігін қорғаудан тұратын мемлекеттің мүдделеріне зиян келтірді. Нәтижесінде сот талапкер өзінің бейтараптығына күмән келтіріп, сот билігінің беделіне нұқсан келтірді деген қорытындыға келді.

<sup>102</sup> Қараңыз: СӘК-тің 8-бабына түсініктеменің жобасы // <http://www.krso.kz/ru/act-7>

2. Жоғарыда көрсетілген шектеулер судьяның қызметтен тыс ар-ождан бостандығын жүзеге асыруына қолданылмайды.

2.1. ЕҚЫҰ түсініктемелерінде дін бостандығына құқық «құлшылық еткенде дінді ұстану» құқығын қамтитыны, бұл АҚК-нің №22 жалпы тәртібінің ескертуіне сәйкес, «сенім тікелей көрінетін салт-жоралар мен рәсімдерді» қамтиды.<sup>103</sup>

2.2. Сонымен қатар, СӘК-тің 8-бабы сот билігінің беделін қорғау және қолдау мақсатында судьяға ұстамдылық пен сабырлық танытуды бұйырады.

Егер судья ар-ождан бостандығын жүзеге асыру кезінде өзінің эмоцияларын игере алмайтынына, басқа діндарларға теріс көзқараспен қарайтынына негіз берсе, сот билігінің беделіне күмән келтіруге болады. Судьяға шамадан тыс діни құлшынысын, фанатизмін көрсетуге, ұстанып отырған дінінің құндылықтарын көпшілік алдында қорғауына жол берілмейді. Дін мәселелеріндегі тәуелділікті басқалар сот төрелігіндегі тәуелділік ретінде де қабылдауы мүмкін.

ЕҚЫҰ түсініктемелерінде судья өзінің діни сенімдеріне қарамастан, тәуелсіздік пен бейтараптық қағидаттарына сәйкес іс бойынша әділ шешім шығарады деп атап көрсетілген. Судьяның бос уақытында шіркеулерге, мешіттерге, синагогаларға және т.б. жүйелі немесе дүркін-дүркін баруы және сол арқылы өзінің діни сенімдерін байқаусызда көрсетуі бұған әсер ете алмайды. Егер судьяның діни сенімдері оның шешім қабылдауына немесе басқа да кәсіби функцияларды орындауына әсер етіп, сол арқылы кәсіби әдеп кодексін, сондай-ақ судьялардың бейтараптығы мен тәуелсіздігі қағидаттарын бұзатын болса, бұл басқа іс.<sup>104</sup>

<sup>103</sup> ЕҚЫҰ түсініктемелерінің 54-тармағына сәйкес: Қараңыз: БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитеті, АСҚХП-ның 22-бабы бойынша №22 жалпы тәртіптің ескертуі: «Ой, ар-ождан және дін бостандығына құқық», 30 шілде 1993 ж., U.N. Doc. CCPR/C/21/Rev.1/Add.4, 4-тармақ

<sup>104</sup> Қараңыз: ЕҚЫҰ түсініктемелерінің 57-тармағы



## 9-бап

**Судья сот қызметінің бұқаралық ақпарат құралдарында кәсіби көрсетілуіне ықпал етуі тиіс.**

**Судья бұқаралық ақпарат құралдарына істі қараудың процестік сатылары туралы мәліметтерді, қабылданған сот шешіміне түсіндірмелерді, материалдық және процестік құқықтың нормаларын қолданудың қалыптасқан сот практикасы туралы ақпаратты бере алады.**

**Егер судьяның қызметі бұқаралық ақпарат құралдарында оның беделіне негізсіз нұқсан келтіріліп көрсетілсе, онда өз құқықтарын қорғаудың өзге тәсілдері таусылған айрықша жағдайларда судьяға ар-намысын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғау мақсатында құқық қорғау және сот органдарына жүгінуге болады.**

1. СӘК-тің 9-бабы БАҚ-пен қарым-қатынаста судьяның сөз және пікір білдіру бостандығына құқығын іске асырудың ерекшеліктерін көздейді.

1.1. Қоғамды сот қызметі туралы хабардар етудің маңыздылығын тани отырып, СӘК-тің 9-бабы судьяға осындай хабардар етуге қатысуға әдеп міндеттемесін жүктейді.

Судья ақпараттық жұмыстың білім беру, алдын алу, құқық түсіндіру және өзге де мақсаттардағы қоғамдық маңыздылығы мен пайдасын ұғынуы тиіс. БАҚ арқылы соттардың немен айналысатыны, сот талқылауы қалай жүретіні, заңдардың қалай қолданылатыны туралы қолжетімді, түсінікті, дәйекті ақпаратты халыққа жеткізу халықтың құқықтық білімін арттыруға және сот қызметін жақсы түсінуге ғана емес, сондай-ақ соттардың ашықтығын көрсетуге, соттарға деген сенімді арттыруға және олар атқаратын сот төрелігін жүзеге асыру миссиясына ықпал етеді.

Судьяның сот қызметін жариялауы кәсіби сипатқа ие, өйткені судья соттың құқық және құқық қолдану саласындағы кәсіби маманы болып табылады.

Судья сот қызметін кәсіби жария етуге өзіне қолжетімді кез келген форматта қатыса алады: соттың баспасөз қызметі арқылы; журналистермен кездесулер; мемлекеттік органдар, халық, нысаналы топтар алдында, көпшілік алдында сөз сөйлеу; газеттердегі, журналдардағы, әлеуметтік желілердегі жарияланымдар және т.б.

2. Судья БАҚ өкілдерін соттың іс жүргізуіндегі істер туралы хабардар ете алады.

2.1. БАҚ үшін қаралуы әлі аяқталмаған сот ісі туралы мәлімет беруге болады. Мұндай мәліметтер істің қай сатыда қаралғанын, қанша сот отырысы өткенін, сот пен процеске қатысушылар қандай процестік әрекеттерді жасағанын (сот тараптарды тыңдады, куәлардан жауап алды, қатысушылар өтінішхат берді және т.б.) ашуы мүмкін.

Сонымен қатар, тараптар ұсынған дәлелдемелердің мазмұны бойынша олардың БАҚ-та еркін түсіндірілуіне жол бермеу және дау тараптарының ұстанымдарының негізділігі немесе негізсіздігі туралы қоғамдық пікір қалыптастыру үшін егжей-тегжейлі түсіндірулер беру екіталай. Қатысушылардың қандай дәлелдемелерді ұсынғанын, соттың оларды зерттеп, бағалайтынын көрсету жеткілікті болып табылады. Сонымен бірге процестік заңдардың талаптарына сәйкес сот шешім шығарған кезде соттың құқықтар мен міндеттер туралы тұжырымдары негізделген дәлелдемелерді көрсетуі керек немесе сот қандай да бір дәлелдемелерді неге қабылдамағанын түсіндіргені орынды.<sup>105</sup>

<sup>105</sup> Қараңыз мысалы: АПК-нің 226-бабының 5-бөлігі

2.2. Сот шығарған шешімге түсініктеме беру кезінде СӘК-тің 3-бабында белгіленген шектеулерді ескеру қажет.

2.3. Судья БАҚ-қа материалдық және процестік құқық нормаларын қолданудың қалыптасқан сот практикасы туралы хабарлай алады: қолданылатын құқық нормаларының мәні неде екенін, заңда көрсетілген қандай да бір ұғымдар нені білдіретінін, қандай да бір нормаларды қолдануда қандай мәселелер бар екенін, Жоғарғы Сот құқық нормасына қандай түсінік беретінін және т.б. түсіндіреді.

Сонымен қатар, қаралуы жалғасып жатқан іс бойынша қалыптасқан сот практикасы туралы айтқан дұрыс емес, өйткені бұл алдын ала қабылданған шешім сияқты әсер қалдыруы мүмкін, жұртшылықтың белгілі бір үміттерін тудыруы және бұл үміттердің орындалмағандығы себепті көңіл қалдыруы ықтимал. Жоғарыда аталған процессуалдық аспектілермен шектелген жөн (осы баптың 2.1-тармағын қараңыз).

3. Өзгелердің істеріне баға беру миссиясын өз мойнына ала отырып, судья өзі де қоғамның және БАҚ-тың назарында болатынына, оның ішінде шынайы бола бермейтін негізсіз сынға ұшырайтынына дайын болуы тиіс. Судьяның жеке басына, оның әрекеттері мен шығаратын шешімдеріне көбірек көңіл бөліну – бұл судьяның жариялы қызметінің бір көрінісі.

3.1. Судьяның БАҚ-тағы қызметі біржақты сынға ұшыраған, жария етілген жағдайларда, оның тұлғасына барабар емес теріс баға берілген, оның ішінде процесті жанжалдандыру нәтижесінде судьяның беделіне нұқсан келуі мүмкін. Судьяның ар-намысы мен қадір-қасиетіне де әсер етуі мүмкін.

3.2. Адамның ар-намысы мен қадір-қасиеті қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібімен,<sup>106</sup> ал оларға қосымша бедел (іскерлік бедел) - азаматтық сот ісін жүргізу<sup>107</sup> және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот ісін жүргізу<sup>108</sup> тәртібімен қорғалуы мүмкін.

Жала жабу және қорлау кезінде бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалану саралау белгісі болып табылады және неғұрлым қатаң жауаптылыққа әкеп соғады.

3.3. Конституцияның 13-бабына, 39-бабының 3-тармағына сәйкес әркім өзінің құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға құқылы, өзінің құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқылы. 13-бапта көзделген құқықтар мен бостандықтар ешбір жағдайда да шектелмеуі тиіс.

БАҚ-пен қарым-қатынасқа қатысты түсініктемеде сарапшы Кэролин А. Дюбэй: «Судьялар ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау туралы талап қою шеңберінде бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты азаматтық құқықтық қорғау құралдарын қолдануға құқылы болса да, бұл қарапайым іс болып табылмайды (бірақ прецеденттер бар)», - деп атап өтті.<sup>109</sup>

Бұл түсініктемеден судьяның өзін сотта қорғау құқығы күмән тудырмайды. Тағы бір нәрсе, судьялар сотқа жиі жүгінбейді, бұл мәжбүрлі қадам емес, олардың ерікті таңдауы болуы тиіс.

3.4. Бір жағынан, қоғамның соттар мен судьялар туралы ақпарат алу қажеттілігін қанағаттандыру үшін сөз бостандығының, екінші жағынан, сот билігінің беделін қолдау мақсатында судьяның ар-намысын, қадір-қасиетін, іскерлік беделін қорғау үшін

<sup>106</sup> Қараңыз ҚК-нің 131-бабының 1-бөлігі: «1. Қорлау, яғни басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту ...» және бұдан әрі; ҚК-нің 378-бабы: «1. Билік өкілін өз қызметтік міндеттерін атқару кезінде немесе оларды атқаруына байланысты қорлау...» және бұдан әрі

<sup>107</sup> Қараңыз АҚ-нің 143-бабы: «1. Азамат өзінің ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді сот тәртібімен теріске шығаруды талап етуге құқылы» және бұдан әрі

<sup>108</sup> Қараңыз: ҚР ӘҚБТК-нің 73-3-бабының 1-бөлігі: «1. Жала жабу, яғни басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер тарату...» және бұдан әрі

<sup>109</sup> Кэролин А. Дюбэй. Краткое изложение полученных результатов. Комментарии к Кодексу этики Республики Казахстан // АВАРОЛІ ұсынған семинар материалдарынан 28.06.2021 ж. Бұрабайда. 11-бет

«мүдделер қақтығысының» күрделілігін назарға ала отырып, СӘК судьяға жанжалды құқық қорғау органдарына және сотқа жүгінгенге дейін реттеу үшін түбегейлі шаралар қабылдауды ұсынады. Бұл үшін БАҚ-пен хат алмасу, мұндай мінез-құлықты тоқтату туралы талаппен ахуалды және заңды дұрыс түсіндіру, әлеуметтік желілердегі хабарламаларға жауап беру, БАҚ өкілдерімен кездесу, жанжалдарды реттеу бойынша жәрдем көрсету үшін Судьялар Одағының филиалына жүгіну және т. б. пайдаланылуы мүмкін.

## 10-бап

**Судья сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі қызметіне байланысты сыйлықтарды, жеңілдіктерді, артықшылықтарды, өтеусіз көрсетілетін қызметтерді өзі де алмағаны және отбасы мүшелеріне де, процестік тәуелді адамдарға да алуға рұқсат бермегені жөн.**

1. Бұл бапта судьяның сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі қызметіне байланысты сыйлықтарды, жеңілдіктерді, артықшылықтарды, өтеусіз көрсетілетін қызметтерді, өзге де игіліктерді алуына тыйым салынады.

Судья оларды өзі де алмауы, сондай-ақ отбасы мүшелерінің де, судьяға процестік тәуелді адамдардың да алуына мүмкіндік бермеуі керек.

1.1. Сыйлықтарды алуды шектеулердің барлық жағдайларында оларды ұсынудың себебі маңызды екенін атап өткен жөн.

Пайдакүнемдік уәждердің болмауы – сыйға тарту актісінің заңдылығының басты көрсеткіші.

Судья мен оның отбасы мүшелері, егер бұл судья өзінің лауазымдық міндеттерін атқаруға байланысты жасаған, жасауға ниеттенген әрекеттерден не әрекетсіздіктен туындаса, кез келген сыйлықтарды, несиелерді, өсиеттерді немесе өзге нысандағы көмекті талап етуге не қабылдауға құқылы емес.<sup>110</sup>

2. Осы тыйымның мәнін нақты түсіну үшін Түсініктемеге қосымшада судья қабылдамауы керек мүлік пен игіліктің әр түрінің мазмұны ашып көрсетілген.

Заңда қамтылған тыйым салулар немесе көпшілік алдында әшкерелеуге байланысты өзге де заңды шектеулер болмаған кезде судья, егер олар өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауына қандай да бір түрде ықпал ету ниетінсіз жасалса және өзге де пайдакүнемдік ниеті болмаса, жағдайға сәйкес келетін естелік сыйлықтар, наградалар мен артықшылықтарды алуға құқылы.<sup>111</sup>

3. Қолданыстағы заңнамада «отбасы мүшесі» құқықтық ұғымының бірыңғай анықтамасы жоқ.

Осы СӘК-тің мақсаттары үшін қолданыстағы құқықтық актілердің тұжырымдамаларын негізге ала отырып, «судьяның отбасы мүшелері» - бұл ата-аналар, жұбайы (зайыбы), кәмелетке толмаған балалары, оның ішінде асырап алған балалары және судьяның асырауындағы адамдар екенін айқындау қажет.

4. Бұл бап судьяға тиісінше орындалуы әрбір нақты жағдайда барлық мән-жайлар ескеріле отырып қаралуға тиіс елеулі міндеттемелер жүктейді.

4.1. Сонымен, егер судья сыйлықты «өзі қабылдамау» міндетін орындаған кезде, ол Кодекстің осы талабынан ауытқуға жол бергені үшін толығымен жауап беруі мүмкін, ал басқа жағдайларда бұл, кем дегенде, қиын немесе мүмкін емес болады.

Судья Кодекстің көрсетілген талабынан ауытқыған әрбір нақты жағдайда: қандай да бір мүлікті қалай, қандай нысанда, отбасы мүшелерінің қайсысы қабылдағанын немесе өзге де игіліктерді алғанын, алу себептері қандай болғанын, олар алушы судьяның отбасы мүшесі болып табылатындығына байланысты екенін мұқият анықтау қажет.

4.2. Осы талаптың мағынасына сүйене отырып, бастапқыда кезк елген отбасы мүшелерінің судьяға қандайда бір мүлікті немесе игілікті алғаны туралы немесе алуға ұсыныстың түскені туралы хабарламасы болуы керек.

<sup>110</sup> Қараңыз: Бангалор қағидаттарының 4.14-тармағы

<sup>111</sup> Қараңыз: Бангалор қағидаттарының 4.16-тармағы

Қандай жеке немесе заңды тұлғалар отбасы мүшелеріне қандай да бір мүлік немесе игіліктер ұсынатынын сенімді түрде біле отырып, судья Кодекстің талаптарын сақтай отырып, отбасы мүшесіне бұл мүлікті немесе игіліктерді осы адамдардан алуға жол бермеуі керек.

4.3. Кодексте бұл талаптың қолданылу мерзімі көрсетілмегендіктен, сондай-ақ Кодекстің ережелері отставкадағы судьяларға да қолданылатынын назарға ала отырып, бұл талаптарды мерзімсіз деп қабылдау қажет.

5. Судьяның сот қызметкерлеріне, сондай-ақ судьяның ықпалындағы, оның қарамағындағы немесе оның басшылығымен жұмыс істейтін өзге де адамдарға, егер судьяға мұның өзінің функцияларын немесе өзінің лауазымдық міндеттерін орындауына байланысты жасаған, жасауға ниеттенген әрекеттерінен немесе әрекетсіздігінен туындағаны көрінеу белгілі болса, кез келген сыйлықтарды, несиелерді, өсиеттерді, өзге нысандағы көмекті талап етуге немесе қабылдауға рұқсат етуге құқығы жоқ.<sup>112</sup>

---

<sup>112</sup> Қараңыз: Бангалор қағидаттарының 4.15-тармағы

## 11-бап

**Судья жеке таныстық пен байланыстарда талғампаз болуы тиіс, одан қызметтік тәуелділіктегі адамдармен, сондай-ақ оның өндірісіндегі істер бойынша сот процестерінің қатысушылары болып табылатын адамдармен қаржылық міндеттемелерді туындататын азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасасудан аулақ болуы тиіс.**

**Судьяға оның қызметтік жағдайына байланысты белгілі болған құпия ақпарат сот төрелігін іске асыруға байланысы жоқ кез келген өзге мақсаттарда пайдаланылуы және кімге болсын ашылуы мүмкін емес.**

1. Қоғамның сот шешімдерін қабылдауы және қолдауы оның судьялардың адалдығы мен тәуелсіздігіне деген сеніміне байланысты. Өз кезегінде, сенім олардың мінез-құлықтың жоғары стандарттарын сақтауымен тікелей байланысты. Сондықтан судья сот органдарының тәуелсіздігін қамтамасыз ететін факторлардың бірі ретінде судьялық лауазымның қасиетті атрибуттарын көрсетуі және қолдауы керек.

**1.1. Бұл бап судьяның айналасындағы адамдармен қарым-қатынасына назар аударады және қызметтен тыс қатынастарына тікелей қатысты. Ол судьяға жеке таныстықпен қарым-қатынаста талғампаз болуды ұсынады.**

Жеке таныстық және оның ар-намысы мен қадір-қасиетіне әсер ете алатын қарым-қатынас деп беделі дұрыс емес немесе қоғам мұндай байланыстың сипатын айыптайтын адамдармен қарым-қатынас түсініледі. Судья әдептік тұрғыдан әрекет ету және дұрыс әрекет жасау үшін жеке және кәсіби өмірінің әр жағдайын дербес бағалауы тиіс. Ол өзінің институционалды немесе жедел тәуелсіздігіне қол сұғудың кез келген әрекетіне мұқият және қырағы болуы тиіс. Ол өзінің лауазымына сәйкес келмейтін кез келген қарым-қатынасты немесе сыртқы ықпалды жоққа шығарып қана қоймай, оны тіпті сырттан бақылаушыға да айқын болатындай етіп жасауы керек.

Парасаттылық пен өз тәжірибесіне сүйене отырып, судья өзіне алдын-ала шешім қабылдауы керек: ол қалай әрекет ету керек, нені дұрыс деп санау керек, неден аулақ болу керек. Оның мінез-құлқы судья лауазымын құрметтеуге және өзі мен ол ұнатқысы келетін белгілі бір адам арасындағы ерекше өзара қарым-қатынастың болуы туралы қандай да бір болжамдарды болдырмауға ықпал етуі керек. Тіпті судьяның мінез-құлқының сыртқы белгілері де үлкен мәнге ие. Өйткені өзінің мінез-құлқымен және кәсіби шеберлігімен жұртшылықты жаулап алуы тиіс әділдікке деген сенім жеңуі керек.

**1.2. Баптың диспозициясы судьяға өзінің қызметтік жағдайын азаматтық-құқықтық қатынастарда жеке пайда мен артықшылық алу үшін пайдаланбауды бұйырады. Ол өзіне қызметтік тәуелділікте болатын адамдармен, сондай-ақ оның іс жүргізуіндегі істер бойынша сот процестеріне қатысушылар болып табылатын адамдармен қаржылық міндеттемелердің туындауына әкеп соғатын шарттар жасасудан аулақ болғаны жөн. Алайда баптың ережелері судьяға, егер олар даулы қаржылық міндеттемелерге әкеп соқпаса, іскерлік және қаржылық мәмілелер жасасуға тыйым салмайды. Шын мәнінде, бапта сот жүйесіне деген сенімге нұқсан келтіруі мүмкін күдікті мәмілелер жасау бөлігінде шектеу бар. Қаржылық және іскерлік байланыстардан бас тарту басқа түрдегі жағымсыз салдарға байланысты туындаған. Бұл тыйым тек оның қызметтік функцияларының қол сұғылмаушылығына байланысты. Қалған жағдайларда судьялар дүкеннен тауарлар сатып алу, түрлі қызмет түрлерін, оның ішінде тауарлар мен қызметтерді сот процестерінің тараптары ұсынатын ауылдық елді мекендерде алу сияқты азаматтық-құқықтық мәмілелер жасай алады.**

1.3. Қарым-қатынастардағы талғампаздыққа қатысты баптың ережелері бұрын қылмыстық және (немесе) әкімшілік жауапкершілікке тартылған, өтелмеген соттылығы және т.б. бар отбасы мүшелері мен туыстарына қолданылмайды. Отбасы, сондай-ақ туыстар болып табылатын адамдар тобы ұғымының анықтамасы НжЕК-тің 1-бабының 1-тармағында келтірілген.

1.4. СӘК судьяларға әлеуметтік желілерде тіркелуге тыйым салмайды. Судьяның пікір білдіру бостандығына құқығы олардың әлеуметтік желілерде жариялануына және желілерді қарым-қатынас құралы ретінде пайдалануына қолданылады. Сонымен бірге, судьялардың бұл жарияланымдары мен бағалау пайымдаулары ұстамды және объективті болуы тиіс. Судьялар достықты, қандай да бір ұсыныстарды қабылдау және белгілі бір адамдарға жазылу кезінде ұқыштылық танытуы керек, өйткені олар процеске қатысушы болуы мүмкін. Дегенмен, егер олармен судьяның іс жүргізуінде жатқан іске қатысты мәселелер талқыланбаса, бұл жағдайларды жеке таныстық, сондай-ақ процестік емес байланыс ретінде қарастыруға болмайды. Судьяның әлеуметтік желілердегі мінез-құлқы СӘК ұйғарымдарын бұзбауы тиіс. Судьялар жеке өміріне қол сұғылмаушылыққа қауіп төндіруі мүмкін жеке ақпаратты, мекенжайын және басқа да мәліметтерді жарияламауы керек. Олар жеке ақпаратқа қолжетімділікті шектеу, деректерді білместен ықтимал беруге кедергі жасау мақсатында интернет-сайттардың құпиялық параметрлерін тексеруі қажет, сондай-ақ олардың бейтараптығына немесе объективтілігіне, жалпы сот жүйесіне күмән тудыруы мүмкін пікірлерді білдірмеуі тиіс.

2. Құпия ақпарат туралы осы норма «Сот органдарының тәуелсіздігіне қатысты негізгі қағидаттардың» 15-қағидасына<sup>113</sup> және Судьялардың мәртебесі туралы Еуропалық Хартияның судья өз өкілеттіктерін орындау кезінде сақталуы оған заң бойынша сеніп тапсырылған құпияны сақтауы тиістігі туралы 1.5-тармағының ережесіне<sup>114</sup> сәйкес келеді.

2.1. Ақпараттық технологияларды дамыту ақпарат субъектілерінің мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған құпиялылық пен құпия ақпаратты қорғауды талап етеді.

Құпиялылық судьяның лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты алынған ақпаратты жария етпеу міндеттемесі ретінде қарастырылады. Қазақстан заңнамасында құпия ақпараттың нақты анықтамасы жоқ. Мұндай ақпарат жеке және заңды тұлғалардан алынуы мүмкін.

Оның құқықтық режимінің шарттары бойынша құжатталған ақпарат мемлекеттік құпияға жатқызылған және заңды негізде еркін қолжетімді емес құпия ақпаратқа бөлінеді. Ақпаратты қорғау режимі құпия құжатталған ақпаратқа - ақпараттық ресурстардың меншік иесіне немесе уәкілетті тұлғаға қатысты белгіленеді, өйткені оны заңсыз пайдалану оған зиян келтіруі мүмкін.

Судья мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының талап қоюы бойынша процесс барысында да, сондай-ақ белгіленген процестік тәртіпте өз бастамасы бойынша да құпия ақпаратқа қол жеткізе алады. Ол өз міндеттерін орындау процесінде алған ақпарат нақты іс жүргізу мақсаты үшін сот төрелігі мүддесінде пайдаланылуы мүмкін. Бұл жағдайда оны ашуға рұқсат етілуі мүмкін. Мұндай ақпаратты судьяның міндеттерін атқарумен байланысты емес кез келген өзге мақсаттарда пайдалануға болмайды, ол басқа тұлғаларға берілмеуі тиіс. Судья сот билігінің тәуелсіздігі қағидатына немқұрайлы сілтеме жасай отырып, оны елеусіз қалдырмауы керек.

2.2. Кодекстің осы бабының шеңберінде құпия ақпарат деп тізбесі «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 8-тармағында келтірілген қолжетімділігі шектеулі ақпаратты, атап айтқанда мемлекеттік құпияларға,

<sup>113</sup> Сот органдары тәуелсіздігінің негізгі қағидаттары

<sup>114</sup> Судьялардың мәртебесі туралы Еуропа хартиясы, 1.5-тармақ

жеке, отбасылық, дәрігерлік, банктік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпияға жатқызылған ақпаратты, сондай-ақ «қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар қызметтік ақпаратты түсіну керек. Судья оларды таратуға тыйым салуды бірдей сақтауы керек.



## 12-бап

**Судья өз беделі мен отбасы мүшелерінің беделі туралы ойлау керек және қызметтік жағдайын өзінің жеке мүдделеріне, отбасы мүшелерінің және басқа да адамдардың мүдделеріне пайдаланбауы тиіс.**

**Үміткер, судья лауазымына іріктеуге қатысу кезінде, сондай-ақ, судья өз өкілеттігін жүзеге асыру барысында, отбасылық және мүдделер қақтығысына жол бермеуі қажет.**

**Отбасы мүшелерінің, жақын туыстарының қылмыс жасаған фактісі туралы судья белгіленген тәртіпте уәкілетті органның кадр қызметіне шынайы ақпаратты кідіріссіз ұсынуы тиіс.**

**Судья кәмелетке толмаған балаларын асырау, тәрбиелеу, ата-анасы мен басқа да отбасының еңбекке қабілетсіз мүшелерін асырау жөніндегі заңдық міндеттерін тиісінше орындау үшін күш-жігерін салғаны жөн.**

**Судья өз отбасы мүшелерінің материалдық мүдделері туралы хабардар болуы және ол үшін ақылға қонымды шаралар қолдануы тиіс.**

**Судья өз отбасы мүшелеріне, жақын туыстарына және басқа да адамдарға оның сот төрелігін іске асыруға байланысты іс-әрекеттеріне ықпал етуге жол бермеуі тиіс.**

1. Тәуелсіздіктің негізгі қағидаттарында судьялардың «әрқашан өз лауазымына деген құрметті қамтамасыз ететіндей әрекет ету» міндеті бекітілген (8-тармақ).

Кез келген адам үшін өзінің беделі туралы ойлау - табиғи жағдай. Беделді көп жылғы әділ де адал еңбегімен және тек таңдаған мамандығы бойынша немесе күнделікті өмірде ғана емес, сонымен қатар үнемі өзімен жұмыс істеу арқылы алады.

Судья өзінің мәртебесіне байланысты қоғамда ерекше орын алады.

Судьяға қойылатын «беделдің тазалығы» талаптары осы мәртебеге байланысты әлдеқайда жоғары және ымырасыз.

Судьяның беделіне нұқсан келтіру адамдардың осы судьяға деген сеніміне сөзсіз нұқсан келтіреді.

Бірақ бір судьяға деген сенімнің бұзылуының салдары одан да маңызды. Судьяның кезкелген асығыс әрекеті бір сәтте-ақ (заманауи технологиялардың арқасында) белгілі болады және басқа судьяларға және тұтастай алғанда мемлекеттің сот жүйесіне қолданылады.<sup>115</sup>

1.1. Бұл бап судьяға өзінің беделіне ғана емес, сонымен бірге отбасы мүшелерінің беделіне де қамқорлық жасау міндетін жүктейді.

Сондықтан судьяның өз лауазымын жеке мүддесі үшін ғана емес, сонымен бірге отбасы мүшелерінің және басқа адамдардың да мүдделері үшін пайдалануға құқығы жоқ.

Судьяның отбасы мүшелері судья мәртебесін алған сәттен бастап автоматты түрде қоғамның жіті назарында болады. Күнделікті өмірде өздерінің көзге түсетін мінез-құлықтарымен, келеңсіз әрекеттерімен, немқұрайлы пікірлерімен судьяның өзіне, оның моральдық-адамгершілік келбетіне байқаусызда нұқсан келтіруі мүмкін, бұған жол беруге болмайды.

2. СӘК-тің осы бабының екінші абзацында судьялыққа үміткерге судья лауазымына іріктеуге қатысу кезінде және судьяға өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде қойылатын – тамыр-таныстыққа жол бермеу және мүдделер қақтығысын болдырмау

<sup>115</sup>Қараңыз: СӘК-тің 12-бабына түсініктеме

талаптары көрсетілген.

СӘК преамбуласында субъектілік құрам анықталды, оған сәйкес СӘК-тің әдеп нормалары мен әдепті мінез-құлық қағидаларын орындауы туралы белгіленген талаптары судьялар мен отставкадағы судьялар үшін міндетті. Демек, судьялыққа үміткерге қойылатын талаптар декларативті болып табылады және ұсынымдық сипатта, өйткені Комиссия судьялыққа үміткерге ықпал ету шараларын қолдана алмайды (жазалар қолдана алмайды).

Сонымен бірге, судьялыққа үміткер судьялар қоғамдастығының жіті назарында болады және олардың СӘК талаптарын елемей оның жеке қасиеттерінің мінездемесіне нұқсан келтіруі, бұл судьялық лауазымға жоғарылатуда кедергі болуы мүмкін.

3. Кодекстің уәкілетті органның кадр қызметіне судьяның отбасы мүшелерінің, жақын туыстарының қылмыс жасау фактісі туралы дәйекті ақпаратты дереу беру туралы талабы судьялар қызметінің негізгі кепілдіктерінің бірі – мемлекеттік қорғауды дамытуға бағытталған.

Конституциялық заңның 26-бабында судьялар, олардың отбасы мүшелері мен мүлкі мемлекеттің қорғауында болады деп бекітілген.

Бұл бап судьяны нақты сенімді ақпарат беруге міндеттейтініне назар аудару қажет, оның негізінде судьяның отбасы мүшелері, жақын туыстары қылмыстық қудалауға жататын қоғамдық қауіпті әрекет жасады немесе жасауы мүмкін деп қатесіз қорытынды жасауға болады.

Тәртіптік практикада судьяның шағымы қанағаттандырусыз қалдырылды, ал Судья әдеби жөніндегі комиссияның хаттамалық шешімі өзгеріссіз қалдырылды, өйткені судья уәкілетті органның кадр қызметіне өзінің туған ағасына қатысты сотқа дейінгі қылмыстық тергеп-тексеру фактісі туралы, сондай-ақ тергеу органдары іздестіру жариялағанын хабарламаған.

Судьяның отбасы мүшелері туралы және олардың қылмыстық жазаланатын әрекеттерді жасағаны туралы осы ақпарат белгіленген тәртіпте уәкілетті органның кадр қызметіне ұсынылуға жатады. Бұл ретте судья нанымды ақпарат берудің белгіленген тәртібімен таныстырылуы тиіс, бұл судьяның жеке қолымен расталуы тиіс.

4. СӘК-тің 12-бабының төртінші абзацында судьялар үшін өздерінің кәмелетке толмаған балаларын күтіп-бағу және тәрбиелеу, ата-аналарын және отбасының еңбекке жарамсыз басқа да мүшелерін күтіп-бағу мәселелерінің маңыздылығы атап көрсетіледі.

Балаларды асырау және тәрбиелеу, аға ұрпаққа, отбасының еңбекке жарамсыз мүшелеріне қамқорлық жасау – бұл қазақстандық қоғамның жалпы мәдени құндылықтарының тарихи қалыптасқан құбылысы.

5. СӘК-тің 12-бабының бесінші абзацында судьяның өз отбасы мүшелерінің материалдық мүдделері туралы хабардар болуы және ол үшін ақылға қонымды шаралар қабылдауы туралы талаптар белгіленген. Бұл отбасында алынған материалдық құндылықтардың парасаттылығы мен барабарлығын қалыптастыру қажеттілігінен, сондай-ақ судья мен оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін тиісті деңгейде қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайды.

Судьяның да, оның отбасы мүшелерінің де айналасындағылардың айыптауын тудыруы мүмкін көзге түсетін мінез-құлықты, орасан материалдық байлықты көрсетуіне жол берілмейді. Материалдық мүдделер ақылға қонымды және орынды болуы тиіс.

6. СӘК-тің 12-бабының алтыншы абзацына сәйкес, судья өзінің отбасы мүшелеріне, жақын туыстарына және басқа адамдарға оның сот төрелігін жүзеге асыруға байланысты әрекеттеріне ықпал етуге жол бермеуі тиіс.

Судья сот төрелігін жүзеге асыру кезінде үшінші тұлғалар тарапынан, олар кім болса да - жақын туыстары немесе жақын достары тарапынан оның әрекеттері мен қабылдайтын шешімдеріне ықпал етуден аулақ болуы тиіс.

### 13-бап

Осы Кодексте белгіленген мінез-құлық қағидаларын атқарып отырған қызметіне қарамастан Қазақстан Республикасының барлық судьялары, сондай-ақ отставкадағы судьялар да орындауы тиіс.

Судьялық әдепке байланысты қандай да бір мәселелер осы Кодекспен реттелмеген жағдайларда, судья жалпы қабылданған мораль мен адамгершілік қағидаларын, сондай-ақ сот төрелігін іске асыру мен судьялардың мінез-құлық саласындағы халықаралық стандарттарды ұстануы тиіс.

Судья судьялар қауымдастық органына мінез-құлықтың ықтимал моделінің судьялардың нақты жағдайдағы мінез-құлқының әдеп қағидаларына сәйкестігі туралы сұрау салып, жүгінуге құқылы. Судьялар қауымдастығының мұндай сұрауға қарау нәтижелері жөніндегі жауабы

1. Сот төрелігін қабылдаудың жаңа шындықтары оны түсінуге, судьяның тиісті мінез-құлық белгілерін қосу арқылы сот қызметінің неғұрлым кеңірек мағыналық мазмұнына басқаша көзқарас қажеттігін талап етеді.

1.1. Судьяның мінез-құлқындағы әдептік компоненттер оның қызметінің қажетті және ажырамас құрамдас бөліктері және халықаралық құқықтық актілерге сәйкес келетін сот билігінің элементтері ретінде қарастырылуы тиіс. Судья немқұрайлылық пен теріс пікірді білдіретін әрекеттерге жол бермеуге тырысуы тиіс.

Судьяның СӘК талаптарын сақтауы - формальдылық емес, сот төрелігін жүзеге асыру тиімділігінің қажетті шарты, оның қоғамдық маңыздылығы мен құндылығының өлшемшарты. Оларды ұстану кәсіптің қоғамдағы жоғары мәртебесін тану мен бекітудің міндетті шарты, оның өкілдерінің беделін арттыру үшін негіз болады, судьяның жеке басын кәсіби топта және қоғамда өзін-өзі бағалауға және өзін-өзі растауға әкеледі.

Егер судьяның күнделікті қызметіндегі әрекеті мен мінез-құлқы, оның жеке басының басым қасиеттері СӘК-те жүйеленген ұйғарымдарға жауап берсе, онда олар әділдік пен ізгілік, қоғамдық және жеке игілік ұғымдарына сәйкес келеді деп қорытынды жасауға болады. Бұл сәйкестік судьяның әрекеті, мінез-құлқы және жеке адамгершілік келбеті қоғамдағы үстемдік ететін мораль талаптарына, қоғамның кәсіпке және оның жекелеген өкілдеріне деген сеніміне сәйкес келетіндігін білдіреді.

1.2. СӘК талаптарының, ал мәні бойынша - мораль талаптарының орындалуын адамдардың барлығы және әрқайсысы жеке-жеке бақылай алады.<sup>116</sup> Сондықтан оларды сақтау өте маңызды. Судьяның сот билігінің беделіне нұқсан келтіретін не оның әділдігіне, объективтілігі мен бейтараптығына күмән тудыруы мүмкін әрекеттер жасауға құқығы жоқ. Ол өзінің кәсіби қызметі және қызметтен тыс жеке мінез-құлқы арқылы үлгі болуы тиіс. СӘК ережелері сот төрелігін жүзеге асыратын судьяның тұлғасын жалпы адамзаттық адамгершілік құндылықтарға сәйкес қалыптастыруға бағдарланады.

1.3. Сот билігін жүргізушілердің көпшілігі өз өкілеттіктерін сақтықпен және ұстамдылықпен жүзеге асырады, алайда лауазыммен келген артықшылықтар жекелеген судьяларды дұрыс емес, анық емес, әдептік емес және кейде заңнан тыс әрекет етуге итермелейді.<sup>117</sup>

Сонымен, Орталық Кеңестің қаулысымен аудандық сот судьясының судьялық әдепке қайшы келетін, нұқсан келтіретін теріс әрекет жасау фактісін анықтаған

<sup>116</sup> РФ Судья әдеби кодексіне түсініктеме, В.В.Нехаев, Г.Т.Нехаева

<sup>117</sup> Судейская этика. Международные акты и кодексы этики зарубежных стран, 2019 ж. 14-бет.

филиалдың Судья әдебі жөніндегі комиссиясының шешімі өзгеріссіз қалдырылды: судья өз басшысының кабинетінде сөз таластыра келіп, жанжалды істі қарау үшін оның сот отырысы хатшысын алып кететінін айтып, қатты дауыс көтерген Кері жағдайда оны қарамайтынын, жұмысқа жарамсыздық парағын алатынын айтып, істі көрсетіп тұрып шкафқа лақтырып кеткен. Осылайша, судья дұрыс емес мінез-құлыққа жол берді, соның ішінде істі қараудан және өзінің тікелей міндеттерін орындаудан бас тартты. Әдеп жөніндегі комиссияның судья СӘК-тің 1-бабының ережелерін бұзды, яғни сот билігінің беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерді жасады деген пікірі негізді.

1.4. Судьяның қызметтік және қызметтен тыс мінез-құлқына қатысты СӘК нұсқауларын судья өз еркімен: ол қызметке кіріскен және тиісті мәртебеге ие болған сәттен бастап қабылдайды. Судьяның өзіне бір рет жүктелген осы мінез-құлық қағидалары оның судьялар қауымдастығына жататындығын жоғалтуына байланысты тоқтатылады.

Осы баптың бірінші абзацының ережелері оның міндетті сипатын көрсетеді, бұл адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық сарапшыларының пікірінше мақұлдауға лайық, өйткені олар судьялардың Кодекске байыпты қарауына және оның ережелерін іс жүзінде сақтауына ықпал етеді.<sup>118</sup> Осылайша, әдепті мінез-құлық қағидаларын орындау – судьялық әдепті дәл ұстануды талап ететін судьяның сөзсіз міндеті болып табылады. Бұл судьяның ішкі сенімі, оның өмірлік қағидасы болуы тиіс. Судьяның өмірдің барлық саласында жеке ар-намысы мен қадір-қасиетін сақтау туралы қам жеуі -сот билігінің беделін, оған қоғамның сенімін және оның сот төрелігі құзыретті, тәуелсіз, бейтарап және әділ жүзеге асырылатынына сенімін нығайтуға ықпал ететін фактор. Сондықтан заңға сәйкес әлеуметтік және тұлғааралық қақтығыстарды шешуге сенім білдірілген адамдар өздерінің әрекеттері мен шешімдері үшін жоғары адамгершілік жауапкершілікті көтеруі тиіс.

2. Кодекс судьяның мінез-құлқының жалпы шеңберін белгілейді және ол кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде және одан тыс уақытта әдеп нормаларын сақтауға байланысты барлық өмірлік жағдайларды көздей алмайды.

2.1. Мәдени сан алуандық және адамгершілік құндылықтардың тұрақты дамуы судьялардың мінез-құлық стандарттарын қатаң қалыптастыруға мүмкіндік бермейді. Алайда бұл судьяны әдеттегі емес өмір салты үшін немесе қоғамның кейбір өкілдерін ренжітуі мүмкін нәрсеге жеке қызығушылық танытқаны немесе ұнатқаны үшін айыптауға немесе жазалауға негіз бермейді. Мұндай мәселелер туралы пікірлер белгілі бір қоғаммен және белгілі бір уақытпен тығыз байланысты және олардың аз ғана бөлігі әмбебап ретінде қолданыла алады. Тәжірибе Кодекстің ережелерін нақты өмірлік материалмен және құқықтық тәжірибемен толықтырады.

2.2. Осы баптың екінші абзацының ережелеріне сәйкес, судьялардың мінез-құлқының ұлттық әдептік қағидаларының ережелері айқындалмаған кезде мораль мен адамгершіліктің жалпы қабылданған қағидаттарын, сондай-ақ сот төрелігі мен судьялардың мінез-құлқының халықаралық стандарттарын ұстану қажет. СӘК нормаларын талдау оның көптеген ережелері Судьялар мәртебесі туралы Еуропалық хартиямен, Судьялардың мінез-құлқының Бангалорлық қағидаттарымен және әлемнің барлық мәдениеттері мен құқықтық жүйелері ұстанатын сот органдары қолданатын ең жоғары дәстүрлерді көрсететін басқа да халықаралық актілермен үйлесетінін көрсетеді.

Қазақстанның еуропалық сот басқармасы моделі бағытына өтуі жағдайында шетелдік тәжірибеге жүгінуі орынды. Сот төрелігі мен судьялардың мінез-құлқының халықаралық стандарттары өте көп, сондай-ақ соттардың тәуелсіздігі туралы озық

<sup>118</sup> ДИАҚБ түсініктемесі, 9-бет

тәжірибелер (шарттар, декларациялар, пікірлер) де бар, олардың кейбіреулері міндетті, басқалары - өзін-өзі реттейтін болып табылады.<sup>119</sup>

Мұндай жүгіну мүмкіндігі судьяларға жекелеген әдептік жағдайлар бойынша ұстанымын айқындауға септігін тигізеді, судьялар қауымдастығы үшін СӘК нормаларының маңыздылығы мен пәрменділігін көрсетеді, қалың жұртшылықтың назарын сот төрелігінің әдептік мәселелеріне аударады, сондай-ақ қоғамдық сенімнің, қазақстандық сот жүйесінің тәуелсіздігі мен бейтараптығының жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Баптың талаптары барлық судьяларға, оның ішінде отставкадағы судьяларға да қолданылады.

3. Судьяның, отставкадағы судьяның өзі үшін рұқсат етілген нақты шекті айқындау мақсатында судьялар қоғамдастығы органына жүгіну мүмкіндігі туралы СӘК-тің 13-бабының үшінші абзацында көзделген ереже ақталған болып көрінеді. Халықаралық сарапшылар бұл норма Кодекстің ұтымды тұсы екенін атап өтті.<sup>120</sup>

Мұндай орган Судьялар одағының тиісті филиалының конференциясында сайланатын және Ереженің 3.3-тармағына сәйкес қорытынды алу үшін Жоғарғы Соттың Төрағасы, облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары, ЖСК және Сот жюриінің басшылары өтініш білдіретін Комиссия болып табылады. Комиссия берген түсіндірудің дұрыстығына күмән болған жағдайда, судья Орталық Кеңеске жүгінуге құқылы (Комиссия шешіміне шағым жасалғанға ұқсас жағдайда, Ереженің 4.10-тармағына сәйкес).

Әдептік жағдай бойынша түсіндірулер екі жағдайда да ұсынымдық сипатта болуы тиіс.

<sup>119</sup> Қараңыз: Осы Түсініктемеге 4-қосымша

<sup>120</sup> ДИАҚБ түсініктемесі, 9-бет

## 14-бап

**Сот билігінің беделін түсіруге әкеп соққан және судьяның абыройына нұқсан келтірген осы Кодекстің ережелерін бұзу судьяны заңға сәйкес тәртіптік жазаға тарту үшін негіз болып табылады.**

**Азаматтардың шағымы бойынша осындай бұзушылықтар үшін судьяларға қатысты қоғамдық ықпал ету шаралары да қолданылуы мүмкін.**

1. Әдеп кодекстерінің сипаты мен маңызы Француз әдеп міндеттемелері кодексінің 6-тармағында айқын көрсетілген: «Бұл жинақ тәртіп кодексі емес, судьяларға арналған нұсқаулық болып табылады».<sup>121</sup>

1.1. СӘК бұзылуы тәртіптік жазаға әкеп соғатын қағидалар мен тыйымдардың тізбесін жасауды мақсат етпейді. СӘК қағидалары ең алдымен судьялардың өздерінің кәсіби және қызметтен тыс әрекеттерін өзін-өзі реттеуге арналған. Олар күн сайынғы және күнделікті міндеттерді тиісінше орындау үшін арналған нұсқаулық болып табылады. Осы Кодекстің ережелерін басқаша түсіну сот билігінің, судьялардың құқықтары мен бостандықтарының тәуелсіздігі үшін белгілі бір қауіп тудыруы мүмкін. Әдептік қағидалар тәртіптік қағидалармен үйлесуі және өзара әрекеттесуі мүмкін, бірақ олар ұқсас емес. Әдептік қағидалардың болмашы бұзылуы тәртіптік теріс қылық ретінде қарастырыла алмайды және тәртіптік іс жүргізуге әкеп соқпайды. Тәртіптік жауапкершілік судья әдебін өрескел, кешірілмейтін немесе бірнеше рет бұзғаны үшін ғана туындауы мүмкін.

2. СӘК-тің 14-бабының мазмұнынан сот билігі беделінің төмендеуіне әкеп соқтырған және судьяның беделіне нұқсан келтірген судьяның мінез-құлқы тәртіптік жауапкершілік үшін негіз болып табылады. Судьялардың жауапкершілігі туралы мәселені кез келген азамат қоюға құқылы, бірақ оны сот жүйесінің әкімшілігі емес, судьялар қауымдастығының органдары қарауы тиіс.

2.1. Азаматтардың шағымдары мен өтініштерін Судьялар одағының филиалдары жанындағы Судья әдебі жөніндегі комиссиялар қарайды. Қарау нәтижелері бойынша ол қоғамдық ықпал ету шаралары болып табылатын талқылаумен шектелуге немесе қоғамдық сөгіс шығаруға құқылы. Комиссия қызметінің мәні судьялардың СӘК-те көзделген моральдік-әдептік нормалар мен мінез-құлқы қағидаларын сақтауы болып табылады.

2.2. Іске қатысатын адамдардың не сот актісі (шешім, үкім, қаулы) заңды күшіне енбеген істермен байланысты өзге де мүдделі тұлғалардың шағымдары бойынша судьяларды тәртіптік жауапкершілікке тартуға жол берілмейді. Мұндай жағдайда шағым бойынша қарау нақты іс түпкілікті шешілгенге дейін тоқтатыла тұрады. Көрсетілген нұсқау тарап үшін қолайлы нәтиже қабылдау мақсатында сотқа ықпал етудің алдын алуға мүмкіндік береді. Мұндай жағдайларда іс бойынша сот актісі шыққанға дейін шағымдарды қарауды тоқтата тұру тетігі көзделгені анық.

2.3. Судьяның кәсіпте және күнделікті өмірде белгілі бір мінез-құлқын белгілейтін әдеп нормалары Конституциялық заңда бекітілген тұрақты құқықтық қағидаға айналады. Осының нәтижесінде СӘК ережелері судьяның тәртіптік жауапкершілігі тетігін ашатын заңнамадағы белгіленгендермен өзара

<sup>121</sup> Судейская этика. Международные акты и кодексы этики зарубежных стран, 2019 г. 22-бет

байланысады. Демек, судьяны сол немесе өзге әдептік теріс қылықтар үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту бұзушылыққа негізді, қисынды және заңды деп қою деп танылады. Мұндай жағдайларда белгілі бір салдарға, атап айтқанда, сот билігінің беделін төмендетуге және судьяның беделін жоғалтуға әкелетін судьяәдебін елеулі бұзушылықтар туралы сөз болады. Тек осындай жағдайларда ғана СӘК судьяның теріс қылығын тәртіптік ретте қарау құралы ретінде әрекет етеді. Тәртіптік шаралар қолдану қажеттілігі туралы мәселе бұзушылықтың ауырлық дәрежесі, тиісті емес әрекеттерді бірнеше рет жасау және олардың басқа адамдар, тұтастай сот жүйесі үшін салдары сияқты факторларға байланысты болуы мүмкін.

2.4. Судьяларды тәртіптік жауапкершілікке тарту негіздерінің толық тізбесі Конституциялық заңда көзделген. Судья қызметтік міндеттерін атқару кезіндегі не қызметтен тыс қызметтегі кінәлі әрекет (әрекетсіздік) деп түсінілетін, нәтижесінде Конституциялық заңның және (немесе) Судья әдебі кодексінің ережелері бұзылған, бұл сот билігі беделінің төмендеуіне және судьяның беделіне нұқсан келтіруге әкеп соққан тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Жалпы қағида бойынша тәртіпті бұзатын, қоғамға үлкен қауіп төндірмейтін әрекет. Алайда судьяның жоғары мәртебесіне қатысты тәртіптік теріс қылық қоғамға үлкен қауіп төндіреді.<sup>122</sup>

2.5. Бұзушылық үшін бір ғана тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін. Қабылданған тәртіптік шара теріс қылықтың ауырлығына сәйкес келуі тиіс, яғни тәртіптік теріс қылықтың сипаты, судьяның жеке басы туралы деректер және оның кінәсінің дәрежесі ескерілуі тиіс. Теріс қылықтың мән-жайлары толық, жан-жақты, объективті көлемде зерделенуі тиіс және оның жасалғаны туралы куәландырылуға, сондай-ақ дәлелдемелермен расталуы тиіс.

Бұл талапты елемеу судьяның тәртіптік жауапкершілігі туралы қате тұжырымдарға әкеледі. Мәселен, Орталық кеңестің қаулысымен судьяның шағымы қанағаттандырылды, ал филиалдың Судья әдебі жөніндегі комиссиясының шешімі төмендегілерге байланысты күшін жойды. Әдеп жөніндегі комиссия судьяның СӘК-тің 1, 2, 13-баптарын бұзғанын анықтады. Сот төрағасының судья Қазақстан Республикасы Президентінің ел аумағында төтенше жағдай енгізу туралы Жарлығын, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің және облыстың Бас санитариялық дәрігерінің карантин енгізу туралы қаулыларын елемей, шектеу іс-шараларын сақтамай, өзін, процеске қатысушыларды және әріптестерін қатерге тіге отырып, сот отырысын процеске тараптың қатысуымен өткізгеніне уәж келтірген өтініші негіз болды. Судья өзін ақтай отырып, азаматтық іс ұзақ уақыт бойы оның іс жүргізуінде болғанын, операциялық жүйелерді пайдалана алмайтын мүгедек әрі егде жастағы талапкердің процеске қашықтықтан қатыса алмауына орай талапкердің өтініші бойынша бірнеше рет кейінге қалдырылғанын түсіндірді. Талапкердің іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру, процесті қашықтықтан жүргізу мүмкін еместігі туралы кезекті өтінішхатынан кейін ол елдегі төтенше жағдай жойылғаннан кейін сот төрағасына өзінің ниеті туралы ескертіп, істі тыңдауға тағайындаған. Судьяның айтуынша, сот отырысы санитарлық нормалар (бетперде, қашықтық, үй-жайды желдету) сақтала отырып өткен. Орталық кеңес судьяның дәлелдерімен келісті, өйткені Комиссия даулы жағдайды формальды қараған, оның хаттамалық шешімінде судьяның нақты қандай әрекеттері СӘК-тің 1, 2, 13-баптарының нормаларына жататыны туралы мәліметтер болған жоқ.

<sup>122</sup> РФ Судья әдебі кодексіне түсініктеме, В.В.Нехаев, Т.Г.Нехаева, 38-бет

Сонымен қатар, Комиссия судьяның дәлелдерін назарға алмаған, оларды жоққа шығармаған, сондай-ақ теріс қылықты жасау мән-жайын ескермеген. Комиссияға ұсынылған материалдардан көрініп тұрғандай, судья процесте тек тараптың ғана емес, сонымен бірге сот төрелігінің де мүддесі үшін әрекет еткен.

2.6. Судьяның жеке басын сипаттайтын деректерге: жұмыс тәжірибесі, жасы, мемлекеттік және ведомстволық наградалар, көтермелеулер және басқа да факторлар жатқызылуы мүмкін. Жасалған теріс қылыққа деген көзқарас шын өкінуімен, кінәсін сезінуімен, сондай-ақ судьяның бұзушылықтың салдарын жоюға немесе азайтуға бағытталған әрекеттерімен анықталады.

2.7. Судьяның СӘК нормаларын бұзғаны туралы материалдарды қарау нәтижелері бойынша шығарылған Судья әдебі жөніндегі комиссияның шешіміне оны алған күннен бастап 10 күн ішінде Орталық кеңеске шағым жасалуы мүмкін, оның қорытындысы түпкілікті болып табылады, шағымдануға жатпайды.

2.8. Судьяларға келтірілген шағымдардың дәлелдері расталмаған, судьяның беделіне, сот билігінің беделіне нұқсан келтірілмеген жағдайларда, Судьялар одағының филиалдары олардың мүдделерін қорғау үшін сөз сөйлеп, тиісті органдардың өз құқықтарын теріс пайдаланатын адамдарға қоғамдық ықпал ету шараларын қабылдауына бастамашылық жасауға құқылы.

Осылайша, Судьялар одағы Жарғысының 4.3-тармағына сәйкес оның мүшелері ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау үшін Судьялар одағының органдарына жүгіне алады. Жарғының 3.1-тармағы оларға соттарда, мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктерде өз мүшелерінің заңды мүдделерін білдіру және қорғау құқығын береді. Алайда мұндай құқықты соттар мен құқық қорғау органдарында пайдалану үшін беделді қорғаудың өзге әдістері аяқталған ерекше жағдайларда орын алуы тиіс.



## 15-бап

**Осы Кодекс судьялар үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында және ратификацияланған халықаралық актілерде көзделген өз құқықтарын еркін және кедергісіз іске асыруға қандай да бір шектер мен шектеулерді белгілеу мақсатын көздемейді.**

**Осы Кодекстің ережелері Кодекс қабылданған сәттен бастап күшіне енеді және оларды Қазақстан Республикасы судьяларының съезі өзгертуі, толықтыруы немесе күшін жоюы мүмкін.**

**Осы Кодекс қабылданғаннан бастап 2009 жылғы 18 қарашада Қазақстан Республикасы судьяларының V съезінде қабылданған Судья әдеби кодексінің күші жойылады.**

1. Осы бап Кодекстің мақсаты судьялардың өз құқықтарын еркін және кедергісіз іске асыруы үшін шектер мен шектеулерді белгілеу болып табылмайтынын айқындайды.

Судьяның бұл құқықтары Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының заңдарында және ратификацияланған халықаралық актілерде көзделген.

Судья қоғам мүшесі ретінде азаматтың барлық игіліктері мен құқықтарын пайдалануға құқылы. Судьялар қоғамдастығына қатыстылығы және Кодексте жазылған ұсынымдарды ұстану тек ерекше лауазымдық мәртебесі және онымен байланысты мінез-құлқындағы шектеулерді еске салады.<sup>123</sup>

Судья Қазақстан Республикасының Конституциясында және Конституциялық заңда белгіленген тәртіпте сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктер берілген, өз міндеттерін тұрақты негізде орындайтын және сот билігін жүргізуші болып саналатын мемлекеттің лауазымды адамы болып табылады.<sup>124</sup>

2. Осы бап Кодекстің ережелерінің күшіне ену, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібін де белгілейді.

«Қазақстан Республикасының Судьялар одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Жарғысының 5.5-тармағына сәйкес Судьялар әдеби кодексін, оған өзгерістер мен толықтыруларды қабылдау съездің айрықша құзыретіне жатқызылған.

Осылайша Кодекске ерекше мәртебе мен мән беріледі.

Кодекс жұмыс істейтін барлық судьялар, отставкадағы судьялар үшін міндетті болып табылады.

Сондай-ақ Кодекстің 12-бабының екінші абзацында судьялыққа үміткерге қойылатын ұсынымдық сипаттағы талаптар баяндалған.

Ешқандай басқа органдардың немесе ұйымдардың Кодекске өзгерістер енгізуге немесе оны толықтыруға құқығы жоқ. Тек съезд, судьялар қауымдастығының жоғарғы органы ретінде, осы айрықша құқыққа ие.

Кодекс ережелерінің күшіне енуі оны Қазақстан Республикасы судьяларының съезі қабылдаған күн, яғни Кодекске өзгерістер, толықтырулар қаралатын, талқыланатын және бекітілетін немесе оның жаңа редакциясы бекітілетін съездің өткізілген күні болып табылады.

Қазіргі уақытта қолданыстағы Кодекс 2016 жылғы 21 қарашада Қазақстан Республикасы судьяларының VII съезінде қабылданды.

<sup>123</sup> Қараңыз: СӘК-тің 15-бабына түсініктеме

<sup>124</sup> Конституциялық заңның 23-бабы

Дәл осы күннен бастап Кодекстің талаптары Қазақстанның барлық судьялары үшін міндетті болды.

# 1-ҚОСЫМША

## ҰҒЫМДАР

Осы Түсініктемеде қолданылатын сөздер мынадай мағынаға ие:

*Ақысыз* – кез-келген ақысыз, наградасыз, төлемсіз; сыйлық, сыйланған; төленбейтін; риясыз, ештеңемен марапатталмайтын.<sup>125</sup>

*Бейтараптық* – қызығушылықтың, алалаушылықтың және алдын-ала көзқарастың болмауы.

*Игілік* – бұл адамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға қызмет ететін, материалдық әл-ауқат беретін, ләззат беретін, моральдық қанағаттану.<sup>126</sup>

*Сыпайылық* – адамдармен құрметпен және әдептілікпен қарым-қатынас жасау дағдысы, ымыраға келуге және қарама-қарсы көзқарастарды тыңдауға дайын болу.<sup>127</sup>

*Заң үстемдігі* – құқықтық доктрина, оған сәйкес ешкім заңнан жоғары бола алмайды, барлығы заң алдында тең, ешкім заңда белгіленген тәртіпте басқа жолмен жазалана алмайды және оны бұзғаны үшін ғана жазалана алады.

*Судья лауазымының жоғары мәртебесі* – судьядан міндеттерін атқару кезінде ғана емес, тұрмыста, күнделікті өмірде де мінсіз беделді, адамгершілігі жоғары мінез-құлықты талап ететін лауазым мәртебесі.

*Іскерлік бедел* – адамның іскерлік (өндірістік, кәсіптік) қадір-қасиетін қоғамдық пікірмен<sup>128</sup> тұрақты оң бағалау; іскерлік беделге нұқсан келтіру - бұл кемсіту, ол арқылы осы жеке игіліктің мәні азаятын құқыққа қарсы әрекеттің нәтижесі<sup>129</sup>; сыни материалдардың, орынсыз пікірлердің, теріс пікірлердің таралуы нәтижесінде адамға теріс көзқарас қалыптасады.

*Тәртіптік жауапкершілік* – Әдеп кодексіне қатысты бұл – әдеп нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілік.

*Адалдық* – шыншылдық, адалдық, жауапкершілік ретінде көрінетін тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеті; негізінде адамның ізгілік, ізгілікке ұмтылу сияқты рухани адамгершілік қасиеттері бар.

*Қадір-қасиет* – адамның өз қасиеттерін, қабілеттерін, дүниетанымын, әлеуметтік маңыздылығын ішкі өзін-өзі бағалауы<sup>130</sup>; **адамның өзі білетін құқықтар мен міндеттердің негізі болып табылатын моральдық қағидаттарға сәйкестігіне негізделген өзін-өзі құрметтеу қабілеті.**<sup>131</sup>

*Танысу* – бұрын бір-бірін білмеген адамдардың арасында қарым-қатынас орнауы.

*Құпия ақпарат* – шектеулі тұлғалар тобы заңды негізде еркін қол жеткізе алатын ақпарат.

*Мүдделер қақтығысы* – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың,

<sup>125</sup>Толковый словарь. Даль В.И. 1863-1866 ж.ж.

<sup>126</sup>Толковый словарь. Ефремова Т.Ф. 2000 ж.

<sup>127</sup><https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%92%D0%B5%D0%B6%D0%BB%D0%B8%D0%B2%D0%BE%D1%81%D1%82%D1%8C>

<sup>128</sup>Қараңыз: «Сот тәжірибесінде азаматтардың және заңды тұлғалардың ар-намысы мен абыройын және іскерлік беделділігін қорғау жөніндегі заңдылықты қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1992 жылғы 18 желтоқсан № 6 нормативтік қаулысының 1-тармағы // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P92000006S>

<sup>129</sup>Мамонтов Н.И., Мамонтов В.Н. Жәбірленушінің мүліктік емес жеке құқықтарына қол сұғу // <https://www.zakon.kz/4871974-posjagatelstvo-na-lichnye.html>

<sup>130</sup> Қараңыз: «Сот тәжірибесінде азаматтардың және заңды тұлғалардың ар-намысы мен абыройын және іскерлік беделділігін қорғау жөніндегі заңдылықты қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1992 жылғы 18 желтоқсан № 6 нормативтік қаулысының 1-тармағы // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P92000006S>

<sup>131</sup> <https://snob.ru/profile/28142/blog/88337>

оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін.<sup>132</sup>

*Әдептілік* – адамның ішкі мәдениетінің белгісі.

*Мәдениет* – адам өмірінің жасанды құралы ретінде жұмыс істейтін адамзат жасаған материалдық, рухани және әлеуметтік құндылықтардың жиынтығы.<sup>133</sup>

*Сот отырысының мәдениеті* – сот процесі мәдениетінің неғұрлым кең тұжырымдамасының құрамдас бөлігі, оның мазмұны: құқықтық мәдениет - сот талқылауына кәсіби қатысушылардың жоғары құқықтық санасы, олардың заңды дұрыс қолдану және орындау шеберлігі, өнері; адамгершілік мәдениеті (сот әдебі) - процестік және процестік емес қызметте адамгершілік қағидаттары мен нормаларын сақтау; саяси мәдениет – заңда көрсетілген қоғам мен мемлекеттің қазіргі заманғы дамуының саяси бағыты мен міндеттеріне сәйкес істерді қарауға және шешуге мүмкіндік беретін белгілі бір саяси көзқарастардың, құндылықтардың, білім мен дағдылардың жиынтығы; ұйымдастырушылық мәдениет (еңбекті ғылыми ұйымдастыру) – істі жоспар бойынша, нақты, мақсатты түрде, ғылыми-зерттеу құралдарды қолдана отырып және ғылым мен техника жетістіктерін пайдалана отырып жүргізе білу; эстетикалық мәдениет (сот әдебі) – сот төрелігінің сыртқы атрибуттары, сот процесіне кәсіби қатысушылардың мінез-құлық қағидалары, жүгіну, сәлемдесу, қарым-қатынас, мәнер, киім нысаны.<sup>134</sup>

*Жеңілдік* – қандай да бір артықшылықтар беру, белгіленген қағидаларды, міндеттерді орындаудан ішінара босату немесе оларды орындау шарттарын жеңілдету, мысалы, салықтық жеңілдіктер<sup>135</sup>

*Халықаралық стандарттар* – бұл сот төрелігін жүзеге асыруға және судьялардың мінез-құлқына қойылатын талаптарды айқындайтын халықаралық актілерде (шарттар, қарарлар, декларациялар) бекітілген нормалар.

*Қоғамдық ықпал ету шаралары* – оның көмегімен қоғамдық бірлестіктер, еңбек ұжымдары, қызметтегі немесе жұмыстағы әріптестер, тұрғылықты жердегі ұжымдар тиісті бірлестіктердің немесе ұжымдардың мүшелеріне, көбінесе олардың жасаған азғындық қылықтарына, оның ішінде құқықтық нұсқамалармен айыпталатын қылықтарына тәрбиелік әсер ететін құрал.

*Мінез-құлық моделі* – мінез-құлықтың белгілі бір тұрақты параметрлері.

*Мораль* – адамгершілік пен әдеп нормаларының көмегімен адамның қоғамдағы әрекеттерін реттеудің негізгі тәсілдерінің бірі ретінде әрекет ету – бұл адамның басқаларға және қоғамға қатысты мінез-құлқын реттейтін ерекше, рухани қағидалар жиынтығы.

*Тәуелсіздік* – ол нақты қызметті жүзеге асырған кезде сыртқы заңсыз әсердің болмауы.

*Судьяның әдепсіз мінез-құлқы* – әлдекіммен немесе бірнәрсемен қарым-қатынаста әдептіліктің, сыпайылықтың, ұқыптылықтың, тәрбиенің болмауына байланысты қарым-қатынас мәдениеті қағидаларына сай келмейтін мінез-құлық.<sup>136</sup>

*Ұждандылық* – бұл мінез-құлық сипаты, ізгілік, адамның азғыруларға және оны параға сатып алуға тырысқанына қарамастан, өз борышына берік болу қабілеті.<sup>137</sup>

<sup>132</sup> Қараңыз: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 1-бабының 5) тармақшасы.

<sup>133</sup> Философиялық терминдердің қысқаша сөздігі // <https://nenuda.ru/%D0%BA%D1%80%D0%B0%D1%82%D0%BA%D0%B8%D0%B9-%D1%81%D0%BB%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D1%80%D1%8C-%D1%84%D0%B8%D0%BB%D0%BE%D1%81%D0%BE%D1%84%D1%81%D0%BA%D0%B8%D1%85-%D1%82%D0%B5%D1%80%D0%BC%D0%B8%D0%BD%D0%BE%D0%B2.html>

<sup>134</sup> Макарова З.В. *Сот процесінің мәдениеті* // *Сот билігі және қылмыстық процесс*. 2017. № 4. С. 160; <https://cyberleninka.ru/article/n/kultura-sudebnoqo-protssesa>

<sup>135</sup> *Саяси ғалымдар профес. Санжаревская И.И. құрастырған Сөздік-анықтамалық*. 2010 ж.

<sup>136</sup> Д.Н. Ушаков редакциясындағы «Толковый словарь русского языка» 1935-1940.

*Әдеп нормалары* – дербес және қоғамдық пікірмен қамтамасыз етілген жеке және жалпыға міндетті мінез-құлық қағидасы; бұл нормалар адамның қоғамдағы әрекеттерін реттеудің негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады.

*Кең мағынадағы адамгершілік* – бұл қоғамдық сананың ерекше нысаны және қоғамдық қатынастардың түрі, тар мағынада – оның нанымдарына негізделген адам мінез-құлқының қағидалар, қағидаттар жүйесі; шын мәнінде, бұл индивидтің ар-ожданы мен еркіне сәйкес әрекет етудің ішкі көзқарасы; бұл әрқашан жеке тұлғаның ерікті таңдауы екені маңызды; және бұл іс-әрекеттің азғындыққа немесе керісінше моральдық болуына қатысты болатын таңдауға байланысты.

*Қарым-қатынас* – танымдық және/немесе аффективті-бағалау сипатындағы ақпаратпен алмасудан тұратын екі немесе одан да көп адамның өзара іс-қимылы.<sup>138</sup>

*Қоғамдық қызмет* – қандай да бір қоғамдастықтың әлеуметтік-саяси, кәсіби, мәдени және басқа да қажеттіліктеріне қызмет көрсету жөніндегі ерікті және көп жағдайда өтеусіз қызмет.

*Жұртшылық* – қоғамдық өмірге белсенді қатысатын қоғамның алдыңғы қатарлы бөлігі.

*Қоғамдық іс-шара* – ашық, бейбіт, баршаға қолжетімді, жиналыс, митинг, демонстрация, шеру немесе пикет түрінде не осы нысандардың әртүрлі үйлесімінде өткізілетін, азаматтардың, саяси партиялардың, басқа да қоғамдық бірлестіктер мен діни бірлестіктердің бастамасы бойынша, адамдардың кең ауқымын тарта отырып, жүзеге асырылатын белгілі бір әрекет.

*Қоғамдық бірлестіктер* – саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың заңдарға қайшы келмейтін, ортақ мақсаттарға жету үшін ерікті негізде құрылған басқа да бірлестіктері.<sup>139</sup>

*Жалпы қабылданған қағидаттар* – бұл барлық адамдар мойындаған және қолданатын қандай да құбылыстың негізгі идеяларын, бастапқы ережелерін білдіретін тәсілдер.

*Құқықтарды шектеу* – әртүрлі факторларға байланысты және белгілі бір мақсаттарды көздейтін адам құқықтары мен бостандықтарын сапалы және сандық төмендету.

*Сот төрелігін жүзеге асыру* – сот шешімдерінің заңдылығын, негізділігін және әділдігін қамтамасыз ететін, заң талаптары мен ол белгілеген тәртіпті дәл әрі бұлжытпай сақтаған кезде істерді қарауға және шешуге байланысты сот өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызмет.

*Мінез-құлық* – белгілі бір жағдайларға тап болған субъектінің мінез-құлық актілерінің, нақты әрекеттерінің жиынтығы.

*Сыйлық* – бұл біреуге рахат, пайда әкелу мақсатында өз қалауы бойынша тегін берілетін, ұсынылатын зат.<sup>140</sup>

*Мінез-құлық қағидалары* – судьялар үшін Судьялық әдеп кодексінде көзделген міндетті нормалар.

*Артықшылық* – пайда, артық болу (басқа біреумен, бірнәрсемен салыстырғанда), бір нәрсеге айрықша құқық, басымдылық.<sup>141</sup>

*Қоғамдық орын* – қоғамдық кеңістік, пайдалануға арналған және көпшілікке, белгісіз адамдар тобына берілетін, еркін кіруге арналған аумақ.

*Талғампаздық* – талапшылдық, сақтық, айқындық, түсініктілік.

<sup>137</sup><https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9D%D0%B5%D0%BF%D0%BE%D0%B4%D0%BA%D1%83%D0%BF%D0%BD%D0%BE%D1%81%D1%82%D1%8C>

<sup>138</sup> Б.Г. Мещеряков, акад. В.П. Зинченко редакциясындағы «Үлкен психологиялық сөздік». - М.: Прайм-ЕВРОЗНАК. 2003 ж.

<sup>139</sup> Қараңыз: «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 мамырдағы №3 Заңының 2-тармағы.

<sup>140</sup> Толковый словарь. Ушаков Д.Н. 1935-1940 ж.ж.

<sup>141</sup> Толковый словарь. Ожегов С.И., Н.Ю. Шведова. 1949-1992 ж.

*Бедел* – адамның абыройы, қадір-қасиеттері немесе кемшіліктері туралы қалыптасқан пікір;<sup>142</sup> бағаланатын объектінің қадір-қасиеті мен кемшіліктері арасындағы теңгерімді бағалау нәтижесінде қалыптасқан біреу немесе бірнәрсе туралы қоғамдық пікір. Мұндай теңгерімде не басым болатынына байланысты бедел жаман (кемшіліктер) немесе жақсы (қадір-қасиет) болуы мүмкін.

*Ұстамдылық (сондай-ақ өзін-өзі ұстау)* – өз әрекеттерін, эмоциялар көріністерін және ішкі ұмтылыстарды басқару қабілеті.<sup>143</sup>

*Отбасылық* – туыстарына, достары мен жақындарына артықшылықтар мен жеңілдіктер беруге негізделген қызмет қатынастары.<sup>144</sup>

*Қызметтік тәуелділік* – еркіндік пен бостандықтың болмауы, қызметтік міндеттерді орындау кезінде біреудің еркіне, біреудің билігіне бағыну; ол кезде субъект белгілі бір іс-әрекеттерді өзі қалағандықтан емес, қызметтік қарым-қатынастағы адамның ықпалымен жасайтын және ол соны талап ететін жай-күй.

*Әділеттілік* – бұл субъектінің қоғамға беретін және алатын нәрселерінен қалыптасқан пропорцияны оң әлеуметтік бағалау.

*Судьялық әдеп* – судьяның мінез-құлық, мораль және адамгершілігі нормаларының жиынтығы.

*Судьялар қауымдастығы* – судьялар бірлестігі.

*Сот билігінің абыройын төмендету* – оның өзіне тән ерекшелігі мәжбүрлеудің болмауы болып табылатын бедел иесінің қоғамдық пікірдің қалыптасуына ықпал ету қабілетін төмендету, азайту, жете бағаламау.

*Ысырапсыздық* – адамгершілік мақсатқа жету үшін өзін-өзі шектеуді білдіретін қасиет.<sup>145</sup>

*Көрсетілетін қызмет* – басқа адамға пайда, көмек, тұрмыстық ыңғайлылық әкелетін әрекет.<sup>146</sup>

*Сот процесіне қатысушылар* – бұл іс бойынша сот төрелігін жүзеге асыруға қатысатын органдар мен адамдар.

*Қаржылық міндеттеме* – шартта көзделген, ақшалай қаражатты немесе қаржы активтерін беру, белгілі бір шарттарда қаржы құралдарымен алмасу міндеті болып табылатын кез келген міндеттеме.

*Адалдық* – ашықтық және басқа адамдармен және өзімен қарым-қатынаста алдауды болдырмау;<sup>147</sup> моральдық қасиет, ол шыншылдықты, қағидаттылықты, қабылданған міндеттемелерге берілгендікті, істің дұрыстығына субъективті сенімділікті, адамның басшылыққа алатын мотивтеріне қатысты басқалардың алдында және өзінің алдында шынайылықты қамтиды; ар-ожданмен байланысты, қоғамдық нормаларды сақтауға негізделген және адамдардың бір-біріне деген сенімінің негізі болып табылады.<sup>148</sup>

*Әдеп* – мораль мен құқық туралы, олардың даму қағидаттары мен қоғамдағы рөлі, ғылым мораль мен адамгершілікті қоғамдық сананың нысандары ретінде, олардың өзара байланысын, құрылымы мен айырмашылықтарын қалай зерттейтіні туралы ілім.

<sup>142</sup> Заңгерлік энциклопедия. 2015 ж.

<sup>143</sup> <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D0%B4%D0%B5%D1%80%D0%B6%D0%B0%D0%BD%D0%BE%D1%81%D1%82%D1%8C>

<sup>144</sup> Толковый словарь Ефремовой. Т. Ф. Ефремова. 2000 г.

<sup>145</sup> <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A3%D0%BC%D0%B5%D1%80%D0%B5%D0%BD%D0%BE%D1%81%D1%82%D1%8C>

<sup>146</sup> Толковый словарь. С.И. Ожегов, Н.Ю. Шведова. 1949-1992 ж.

<sup>147</sup> <https://www.psychologos.ru/articles/view/chestnost>

<sup>148</sup> <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A7%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%BD%D0%BE%D1%81%D1%82%D1%8C>

## 2-ҚОСЫМША

### Қазақстан Республикасының Конституциясы

1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды

(Үзінді)

#### 13-бап

1. Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы.

2. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар.

3. Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі.

#### 14-бап

1. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең.

2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды

#### 77-бап

1. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады.

2. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді.

3. Заңды қолданған кезде судья төмендегі принциптерді басшылыққа алуы тиіс:

1) адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі;

2) бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды;

3) өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды;

4) сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы;

5) жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады;

6) айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес;

7) ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес. Діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес;

8) адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады;

9) заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес;

10) қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

4. Конституциямен белгіленген сот төрелігінің принциптері Республиканың барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай болып табылады.



## 3-ҚОСЫМША

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы»  
Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132  
Конституциялық заңы (Үзінді)

### 3-бөлім. Судьялар мәртебесі

#### 1-тарау. Судьялардың құқықтық жағдайы

#### 23-бап. Судья мәртебесі

1. Қазақстан Республикасының барлық соттары судьяларының мәртебесі бірдей болады және бір-бірінен тек өкілеттіктерімен ерекшеленеді.

Судья Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіпте сот төрелігін іске асыру жөніндегі өкілеттіктер берілген, өз міндеттерін тұрақты негізде орындайтын және сот билігін жүргізуші болатын мемлекеттің лауазымды адамы болып табылады.

Судьялардың құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Конституциялық заңмен және өзге де заңдармен белгіленеді.

2. Судьяға заңда көзделмеген соттан тыс функциялар мен міндеттерді жүктеуге болмайды. Судьяны қылмысқа қарсы күрес, заңдылық пен құқық тәртібін сақтау мәселелері жөніндегі мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың құрамына енгізуге болмайды

#### 25-бап. Судьяның тәуелсіздігі

1. Судьяның тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады.

Судьялар сот төрелігін жүзеге асыруы кезінде тәуелсіз және Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңға ғана бағынады.

2. Ешкімнің сот төрелігін жүзеге асыру ісіне араласуға және судья мен алқабиге қандай да болмасын ықпал етуге құқығы жоқ. Мұндай әрекеттер заңмен қудаланады.

3. Судья қаралған немесе қаралып жатқан сот істерінің мәні жөнінде қандай да бір түсінік беруге міндетті емес. Кеңесу бөлмесінің құпиясы барлық жағдайларда камтамасыз етілуі тиіс.

#### 26-бап. Судья тәуелсіздігінің кепілдіктері

1. Судьяның тәуелсіздігі:

1) сот төрелігін жүзеге асырудың заңда көзделген рәсімімен;

2) судьяның сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне араласқаны үшін, сондай-ақ сотты және судьяларды сыйламағандық үшін заңда жауаптылық белгілеумен;

3) судьяға ешкімнің тиіспеуімен;

4) Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Конституциялық заңда және «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген судьяны лауазымға сайлау, тағайындау, оның өкілеттіктерін тоқтату және тоқтата тұру тәртібімен, судьяның отставкаға құқығымен;

5) судьяларға мемлекет есебінен олардың мәртебесіне сәйкес материалдық жағдай жасау және әлеуметтік қамсыздандыру, сондай-ақ оны нашарлатуға тыйым салу арқылы қамтамасыз етіледі.

2. Судьялар, олардың отбасы мүшелері мен мүлкі мемлекеттің қорғауында болады.

Егер судьядан тиісті өтініш түссе, ішкі істер органдары судья мен оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін, оларға тиесілі мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге уақытылы және түпкілікті шаралар қабылдауға міндетті.

Судьяға және оның мүлкіне кәсіптік қызметіне байланысты келтірілген зиян республикалық бюджеттің қаражаты есебінен өтеледі.

## 2-тарау. Судьялардың тәртіптік жауапкершілігі

### 39-бап. Судьялардың тәртіптік жауапкершілігінің негіздері

1. Судья тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Қызметтік міндеттерін атқару не қызметтен тыс кездегі кінәлі әрекет (әрекетсіздік) салдарынан осы Конституциялық заңның және (немесе) Судья әдебі кодексінің ережелері бұзылып, бұл сот билігі беделін түсіруге және судьяның беделіне нұқсан келтіруге алып келген тәртіптік теріс қылық болып табылады.

Судья тәртіптік жауаптылыққа:

1) сот істерін қарау кезінде заңдылықты өрескел бұзғаны үшін;

2) судья әдебіне қайшы келетін, атына кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін тартылуы мүмкін.

2. Сот төрағалары және соттардың сот алқаларының төрағалары осы Конституциялық заңда көзделген лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

3. Судьялық қате, сондай-ақ сот актісінің күшін жою немесе оны өзгерту, егер бұл ретте жоғары тұрған сот сатысының сот актісінде көрсетілген, заңды өрескел бұзушылықтарға жол берілмеген болса, судьяның жауаптылығына алып келмейді.

Судьяның кінәлі әрекеттеріне байланысты емес, материалдық немесе процестік құқық нормаларын дұрыс түсіндірмеуге және қолданбауға алып келген іс-әрекет судьялық қате деп танылады.

## 4-ҚОСЫМША

### Халықаралық стандарттар мен сілтемелерге қысқаша шолу <sup>149</sup>

Соттардың тәуелсіздігі жөніндегі көптеген халықаралық стандарттар мен озық практикалар (шарттар, декларациялар, пікірлер) бар, олардың кейбіреулері міндетті болып табылады, басқалары - өзін-өзі реттейтін стандарттар болып табылады. Қазақстан Еуропа Кеңесінің мүшесі болып табылмайтындықтан (әзірге), ол БҰҰ-дың міндетті стандарттарын ғана ұстануы тиіс. Алайда, мен Қазақстанның билігі сот басқармасының еуропалық моделі бағытында біртіндеп жылжығысы келетінін түсінемін.<sup>9</sup>

#### Маңызды көздер:

- БҰҰ-дың Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы;
- Судьялар тәуелсіздігінің негізгі қағидаттары, көбінесе басқа халықаралық стандарттарда келтірілген және көрсетілген;
- Сондай-ақ сот жүйесі үшін негізгі құқықтардың (сөз, ар-ождан, ой, дін, қауымдастық бостандығы) ықтимал шектеулеріне қатысты ерекше қызығушылық тудыратын БҰҰ-дың Азаматтық және саяси құқықтар туралы пактісі;
- БҰҰ-дың Адам құқықтары жөніндегі комиссарының тәуелсіздік және есептілік туралы баяндамалары, атап айтқанда A/HRC 26/32, A/HRC 11/41 (халықаралық стандарттарға кең шолу), CCPR/C/GC/32 жалпы тәртіп туралы ескерту № 32;
- Судьялар мінез құлқының Бангалор қағидаттары және оларға түсініктемелер;
- Халықаралық судьялар қауымдастығы жариялаған әмбебап сот хартиясы;
- Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенция, 6-бап және осы бап бойынша Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттың прецеденттік құқығы;
- Еуропа Кеңесінің судьялардың мәртебесі туралы Еуропалық хартиясы;
- Cm/Res (2020)12 Еуропа Кеңесінің Министрлер комитетінің судьялар туралы ұсынымы: тәуелсіздік, тиімділік және міндеттер;
- Еуропалық судьялар Консультативтік кеңесінің (КЕСЕ) пікірлері. Қазіргі уақытта 23 қорытынды бар, олардың ішінде судьялардың кәсіби мінез-құлқын, атап айтқанда әдепті, үйлеспейтін мінез-құлық пен бейтараптықты реттейтін қағидаттар мен қағидалар туралы КЕСЕ (2002) № 3 пікір «Сот билігінің жағдайы және оның демократияның басқа тасымалдаушыларымен қарым-қатынасы» туралы КЕСЕ (2015) №3 пікір және № 18 пікір 4. «Судьялар Хартиясында» КЕСЕ пікірлерінің керемет топтамасы бар, КЕСЕ (2010) 3, онда негіз қалаушы қағидаттар көрсетілген.
- Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссия (Венециялық комиссия), Еуропа кеңесіне кеңес беретін сарапшылар комиссиясы судьяларының тәуелсіздігі (аспектілері) бойынша бірнеше зерттеулер мен пікірлер. Басқа да

<sup>149</sup> Извлечение из доклада международного эксперта Маартен Стинбик (Нидерланды). Укрепление независимости судебной власти и Кодекс этики Казахстана // Из представленных Центральным советом материалов. С.5-6

көптеген зерттеулердің ішіндегі қызықтылары: № 494/2008 зерттеу, Сот жүйесінің тәуелсіздігі туралы есеп, I бөлім: Судьялардың тәуелсіздігі, CDL-AD(2010)004 және 494/2008 зерттеу, Сот жүйесі тәуелсіздігінің еуропалық стандарттары, CDL-JD (2008) 002;

- Шығыс Еуропада, Оңтүстік Кавказда және Орталық Азияда сот билігінің тәуелсіздігі жөніндегі Киев ұсынымдары (2010), ЕҚЫҰ Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы.

Осы құжаттардың кейбірінде үкіметтің сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету міндетіне, ал басқаларында сот билігінің жауапкершілігіне баса назар аударылады. Егжей-тегжейлі шолуды Прагадағы CEELI институты жақында шығарған және Интернет арқылы қолжетімді Тәуелсіздік, бейтараптық және сот төрелігінің тұтастығы жөніндегі нұсқаулықтан және оның қосымшасынан табуға болады.

## 5-ҚОСЫМША

### Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы

Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған

(Үзінді)

#### 18-бап

Әр адамның ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар; бұл құқық өз дінін немесе наным-сенімін өзгерту еркіндігін, өз дінін, наным-сенімін жеке өзі, немесе басқа адамдармен бірігіп тұтып, жария түрде, немесе жеке жолмен уағыздау, құдайға құлшылық ету, діни салт-жораларын орындау бостандығын да қамтиды.

#### 19-бап

Әр адамның наным-сенім бостандығына және өз көзқарасын еркін білдіруіне құқығы бар; бұл құқық өз наным-сенімін кедергісіз ұстану еркіндігін және мемлекеттік шекаралар тәртібіне тәуелді болып қалмай, ақпараттар мен идеяларды еркін іздеп, кез келген құралдар арқылы тарату бостандығын да қамтиды.

#### 29-бап

1. Әр адамның, адам баласының еркін және толық кемелденуіне мүмкіншілік беретін қоғам алдында міндеттері бар.

2. Өзінің құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруда әр адам тек басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын тиісті түрде тану және құрметтеу мақсаты көзделген жағдайда ғана және демократиялық қоғамдағы моральдің, қоғамдық тәртіп пен игіліктің әділетті талаптарын қанағаттандыру мақсаты көзделген жағдайда ғана, заңмен белгіленген шектеуге ұшырауы тиіс.

## 6-ҚОСЫМША

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті,

1966 жылы 16 желтоқсанда Нью-Йоркте жасалған,

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы № 91

Заңымен ратификацияланған

(Үзінді)

### 18-бап

1. Әрбір адамның ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар. Бұл құқық дінге сену немесе дінді қабылдау және наным-сенімін өз қалауынша таңдап алу еркіндігін, өз дінін, наным-сенімін жеке өзі немесе басқа адамдармен бірігіп тұту бостандығын, жария түрде немесе жеке жолмен уағыздау, құдайға құлшылық ету, діни және наным-сенім мен ілім салт-жораларын орындау бостандығын да қамтиды.

2. Ешкім де дінге сену немесе дін мен наным-сенімдерін өз қалауынша таңдап алу еркіндігін кемітетін мәжбүрлікке ұшыратылуы тиіс емес.

3. Дінге сену немесе наным-сенімдерін тұтыну еркіндігі тек қана қоғам қауіпсіздігін, тәртіпті, денсаулық пен имандылықты, сондай-ақ басқалардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін заңмен белгіленген шектеулермен ғана шектелуі тиіс.

4. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер ата-аналардың, тиісті жағдайларда заңды қамқоршылардың, балаларына өздерінің наным-сенімдеріне сай діни және имандылық тәрбиені қамтамасыз ету бостандығын құрметтеуге міндеттенеді.

### 19-бап

1. Әрбір адам өз ой-пікірін еш кедергісіз ұстануға құқылы.

2. Әрбір адам өз пікірін еркін білдіруге құқылы. Бұл құқық мемлекеттік шекараларға қарамастан кез келген ақпараттар мен идеяларды еркін іздеу, тауып алу және оларды өз қалауынша таңдап алған құралдар арқылы ауызша, жазбаша немесе баспасөз арқылы немесе көркемдік бейнелеу формалары түрінде тарату бостандығын да қамтиды.

3. Осы баптың 2-ші тармағында көзделген құқықтарды қолдану ерекше міндеттер мен ерекше жауапкершілікті жүктейді. Сондықтан оларды қолдану кезінде кейбір шектеулердің кездесуі мүмкін, алайда ондай шектеулер заңмен белгіленіп және:

а) басқа тұлғалардың құқықтары мен абырой-беделін құрметтеу;

б) мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, жұртшылықтың денсаулығын немесе имандылығын қорғау қажеттілігінен туындауы тиіс.

## 7-ҚОСЫМША

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті,  
1966 жылы 16 желтоқсанда Нью-Йоркте жасалған

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қарашадағы N 87 Заңымен  
ратификацияланған  
(Үзінді)

(2006 жылғы 24 сәуірде күшіне енді - Қазақстан Республикасының Халықаралық  
шарттары бюллетені, 2006 ж., № 4, 31-құжат)

### 14-бап

1. Барлық адамдар соттар мен трибуналдар алдында тең. Әркімнің өзіне тағылған кез келген қылмыстық айыптауды қарау кезінде немесе қандай да бір азаматтық процесте оның құқықтары мен міндеттерін айқындау кезінде заң негізінде құрылған құзыретті, тәуелсіз және бейтарап соттың істі әділ әрі жария талқылауына құқығы бар. Демократиялық қоғамдағы мораль, қоғамдық тәртіп немесе мемлекеттік қауіпсіздік себептері бойынша немесе Тараптардың жеке өмірінің мүдделері талап етілген кезде немесе соттың пікірінше қатаң қажет болған жағдайда – жариялылық бұзылған ерекше жағдайларда БАҚ пен көпшілікке барлық сот талқылауына немесе оның бір бөлігіне жол берілмеуі мүмкін. Сот төрелігінің мүдделері; алайда, қылмыстық немесе азаматтық іс бойынша кез-келген сот шешімі, кәметке толмағандардың мүдделері басқасын талап ететін немесе іс матримониалдық дауларға немесе балаларға қамқорлық жасауға қатысты жағдайларды қоспағанда, жария болуы керек.

2. Әрбір қылмыстық іс бойынша айыпталушы оның кінәсі заңға сәйкес дәлелденгенге дейін кінәсіз деп саналуға құқылы.

3. Әрбір адам өзіне тағылатын кез келген қылмыстық айыптауды қараған кезде, кем дегенде, толық теңдік негізінде мынадай кепілдіктерге:

а) өзіне тағылған айыптың сипаты мен негізі туралы шұғыл түрде және ол түсінетін тілде егжей-тегжейлі хабарлануы керек;

б) өз қорғанысын дайындау үшін жеткілікті уақыт пен мүмкіндіктерге ие болу және өзі таңдаған қорғаушымен қарым-қатынас жасауға;

с) негізсіз кідіріссіз сотталуға;

д) өзінің қатысуымен сотталуға және өзін-өзі немесе өзі таңдап алған қорғаушы арқылы қорғауға; егер оның қорғаушысы болмаса, бұл құқық туралы хабардар болуға және сот төрелігінің мүдделері оны талап еткен кез келген жағдайда өзіне тағайындалған қорғаушыға ие болуға, оның бұл қорғаушыға төлем жасау үшін жеткілікті қаражаты болмаған кез келген жағдайда бұл қорғаушының ол үшін тегін болуына;

е) оған қарсы куәлардан жауап алуға немесе осы куәлардан жауап алуға құқығы бар және оған қарсы куәлар үшін бар шарттарда оның куәларын шақыруға және жауап алуға;

ф) егер ол сотта қолданылатын тілді түсінбесе немесе сол тілде сөйлемесе, аудармашының тегін көмегін пайдалануға;

г) өзіне қарсы айғақтар беруге немесе өзін кінәлі деп тануға мәжбүр болмауға құқылы.

5. Қандай да бір қылмыс жасағаны үшін сотталған әрбір тұлға өзінің сотталуы мен үкімін заңға сәйкес жоғары тұрған сот инстанциясы арқылы қайта қарауға ұсынуға құқылы.

6. Егер қандай да бір адам түпкілікті шешіммен ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталса және егер оған шығарылған үкім кейіннен жойылса немесе оған қандай да бір жаңа немесе жаңадан ашылған мән-жай сот қатесінің болуын даусыз дәлелдейді деген негізде рақымшылық берілсе, егер бұл белгісіз мән-жай бір уақытта тек немесе ішінара оның кінәсінен табылған жоқ екені дәлелденбесе, онда мұндай соттау нәтижесінде сотталған адам заңға сәйкес өтемақы алады.

7. Әрбір елдің заңы мен қылмыстық-процестік құқығына сәйкес ол түпкілікті сотталған немесе ақталған қылмыс үшін ешкім екінші рет сотталмауы немесе жазаланбауы керек.

## 15-бап

1. Оны жасау кезінде қолданылған мемлекетішілік заңнамаға немесе халықаралық құқыққа сәйкес қылмыстық іс болып табылмаған қандай да бір әрекеттің немесе олқылықтың салдарынан ешкімді де қандай да бір қылмыстық іс жасағаны үшін кінәлі деп тануға болмайды. Сол сияқты, қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде қолданылуға жатқаннан гөрі неғұрлым ауыр жаза тағайындала алмайды. Егер қылмыс жасалғаннан кейін заңда жеңілірек жаза белгіленсе, онда бұл заң осы қылмыскерге қолданылады.

## 16-бап

Әрбір адамның ол қай жерде болмаса да, оның құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар.



## 8-ҚОСЫМША

### БҰҰ Бас Ассамблеясының Қарарымен мақұлданған сот органдары тәуелсіздігінің негізгі қағидаттары (Үзінді)

Сот органдары тәуелсіздігінің негізгі қағидаттарын БҰҰ-дың 1985 жылғы 26 тамыз бен 6 қыркүйек аралығында Миланда өткен қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен жұмыс істеу жөніндегі жетінші Конгресі қабылдады және БҰҰ-дың Бас Ассамблеясының 1985 жылғы 29 қарашадағы 40/32 қарарымен мақұлданды.

#### Сот органдарының тәуелсіздігі

1. Сот органдарының тәуелсіздігіне мемлекет кепілдік береді және елдің Конституциясында немесе заңдарында бекітіледі. Барлық мемлекеттік және басқа да мекемелер сот органдарының тәуелсіздігін құрметтеуге және сақтауға міндетті.

2. Сот органдары өздеріне берілген істерді, қандай да бір шектеулерсіз, заңсыз ықпал етусіз, уәждеусіз, қысым көрсетусіз, қорқыту немесе араласусыз, тікелей немесе жанама, кімнің тарабы болмасын және қандай да бір себептермен болмасын бейтарап, фактілер негізінде және заңға сәйкес шешеді.

6. Сот органдарының тәуелсіздігі қағидаты сот органдарына құқық береді және олардан сот талқылауының әділ жүргізілуін және тараптардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуді талап етеді.

#### Сөз және қауымдастықтар бостандығы

8. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына сәйкес сот органдарының мүшелері, басқа азаматтар сияқты, сөз, діни сенім, қауымдастық және жиналыс еркіндігін пайдаланады; алайда, осындай құқықтарды пайдалана отырып, судьялар әрқашан өз қызметіне құрметпен қарауды қамтамасыз ететіндей және сот органдарының әділдігі мен тәуелсіздігін сақтайтындай әрекет етуі тиіс.

9. Судьялар судьялар қауымдастығын немесе басқа да ұйымдарды ұйымдастыруға және өз мүдделерін қорғау, кәсіптік даярлықты жетілдіру және өзінің сот тәуелсіздігін сақтау үшін оларға кіруге құқылы.

#### Біліктілік, іріктеу және дайындық

10. Сот лауазымдарына іріктелген адамдардың жоғары моральдық қасиеттері мен қабілеттері, сондай-ақ құқық саласындағы тиісті даярлығы мен біліктілігі болуы тиіс. Судьяларды іріктеудің кез келген әдісі заңсыз себептермен судьяларды тағайындаудан кепілдік беруі керек. Судьяларды іріктеу кезінде осы адамға қатысты нәсілі, терісінің түсі, жынысы, діні, саяси және өзге де сенімі, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, мүліктік, тектік-топтық немесе өзге де жағдайы белгілері бойынша кемсіту болмауы тиіс; алайда, заңды лауазымға үміткердің тиісті елдің азаматы болуы туралы талап кемсітушілік ретінде қарастырылмауы керек.

#### Кәсіби құпия және иммунитет

15. Судьялар, ашық сот талқылауы жағдайларын қоспағанда, өз жұмысына және өз міндеттерін орындау барысында алынған құпия ақпаратқа қатысты кәсіптік құпияны сақтауға міндетті және осындай мәселелер бойынша айғақтар беруге мәжбүрленбеуі тиіс.

#### Жазалау, қызметтен шеттету және жұмыстан шығару

17. Судьяға өзінің сот және кәсіби міндеттерін орындау барысында келіп түскен айыптау немесе шағым тиісті рәсімге сәйкес кідіріссіз және бейтарап қаралуы тиіс. Судьяның жауап алуға және әділ талқылауға құқығы бар. Егер судья өзгеше өтініш жасамаса, шағымды бастапқы кезеңде қарау құпия түрде жүргізілуі тиіс.

## 9-ҚОСЫМША

**Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенция**

(Үзінді)

**Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенция, 2010 жылғы 1 маусымда күшіне енген, № 11 және № 14 хаттамалармен өзгертілген және толықтырылған**

**Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы конвенция, Рим қаласы 4.XI.1950 ж.**

### 8-бап. Жеке және отбасылық өмірді құрметтеу құқығы

Әркімнің өзінің жеке және отбасылық өмірін, үйін және хат-хабарын құрметтеуге құқығы бар.

Мұндай араласу заңда көзделген және демократиялық қоғамда ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп, елдің экономикалық әл-ауқаты мүдделері үшін, тәртіпсіздіктердің немесе қылмыстардың алдын алу мақсатында, денсаулықты немесе адамгершілікті сақтау немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, жария билік тарапынан осы құқықты жүзеге асыруға араласуға жол берілмейді.

### 9-бап. Ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығы

Әркімнің ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар; бұл құқық өз дінін немесе наным-сенімін өзгерту еркіндігін, өз дінін, наным-сенімін жеке өзі, не болмаса өзгелермен бірігіп тұтып, жария түрде немесе жеке жолмен Құдайға құлшылық ету, оқыту, діни ғұрыптарды орындау бостандығын да қамтиды.

Өз дінін немесе наным-сенімін ұстану бостандығы заңмен көзделген және демократиялық қоғамда қоғамдық қауіпсіздік мүддесінде, қоғамдық тәртіпті, денсаулықты немесе адамгершілікті сақтау үшін немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қажетті шектеулерге ғана жатады.

### 10-бап. Пікір білдіру бостандығы

Әркімнің өз пікірін еркін білдіруге құқығы бар. Бұл құқық өз пікірін ұстану еркіндігін және жария билік тарапынан және мемлекеттік шекараларға қарамастан қандай да бір араласусыз ақпарат пен идеяларды алу және тарату еркіндігін қамтиды. Осы бап мемлекеттерге радиохабар, телевизиялық немесе кинематографиялық кәсіпорындарды лицензиялауды жүзеге асыруға кедергі келтірмейді.

Міндеттер мен жауапкершілік жүктейтін осы бостандықтарды жүзеге асыру заңда көзделген және демократиялық қоғамда ұлттық қауіпсіздік, аумақтық тұтастық немесе қоғамдық тәртіп мүдделері үшін, тәртіпсіздіктердің немесе қылмыстардың алдын алу мақсатында, денсаулық пен адамгершілікті сақтау үшін қажетті белгілі бір формальдылықтармен, жағдайлармен, шектеулермен немесе санкциялармен ұштасуы мүмкін, беделі немесе құқықтары құпия түрде алынған ақпараттың жария етілуіне жол бермеу немесе сот төрелігінің беделі мен бейтараптығын қамтамасыз ету.

### 11-бап. Жиналыстар мен бірлестіктер бостандығы

Әркімнің бейбіт жиындар мен басқалармен бірлесу бостандығына, соның ішінде кәсіптік одақтар құру және өз мүдделерін қорғау үшін осындай одақтарға кіруге құқығы бар.

Бұл құқықтарды жүзеге асыру заңда көзделген және демократиялық қоғамда ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп мүддесінде, тәртіпсіздіктер мен қылмыстардың алдын алу мақсатында, денсаулық пен адамгершілікті сақтау немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қажетті құқықтардан басқа ешқандай шектеулерге жатпайды. Осы бап Қарулы Күштердің, полицияның немесе Мемлекеттің әкімшілік органдарының құрамына кіретін адамдардың осы құқықтарды жүзеге асыруына заңды шектеулер енгізуіне кедергі келтірмейді.

## **21-бап. Судьяларға қойылатын талаптар**

Судьялар ең жоғары моральдық қасиеттерге ие болуы және жоғары сот лауазымдарына тағайындау кезінде қойылатын талаптарды қанағаттандыруы немесе жалпыға бірдей танылған абыройы бар құқықтанушы болуы тиіс.

Судьялар сот жұмысына жеке тұлға ретінде қатысады.

Судья лауазымында болудың бүкіл мерзімі ішінде өздерінің тәуелсіздігіне, бейтараптығына немесе толық жұмыс күні ішіндегі жұмысының сипатынан туындайтын талаптарға сай келмейтін ешқандай қызметті жүзеге асырмауы тиіс. Осы тармақтың ережелерін қолдануға байланысты туындайтын барлық мәселелерді сот шешеді.

## 10-ҚОСЫМША

### Судьялардың мәртебесі туралы Еуропалық хартия

Еуропа Кеңесі Страсбург, 1998 жылғы 8-10 шілде (Үзінді)

#### 1. Жалпы қағидаттар

1.1. Судьялар мәртебесінің мақсаты әрбір азамат сот сатыларынан және өзінің құқықтарын қорғау сеніп тапсырылған әрбір судьядан күтуге құқылы құзыреттілікті, тәуелсіздікті және бейтараптылықты қамтамасыз ету болып табылады. Мәртебе олардың құзыреттілігіне, тәуелсіздігіне және бейтараптығына деген сенімді төмендетуге қабілетті кез келген нормативтік ережелерді немесе рәсімдерді қабылдау және қолдану мүмкіндігін жоққа шығарады. Осы Хартияда оның мақсаттарына қол жеткізуге барынша кепілдік беретін ережелер бар. Бұл ережелер Еуропаның әртүрлі елдеріндегі кепілдіктер деңгейін арттыруға бағытталған. Олар қазірдің өзінде қамтамасыз етілген кепілдіктер деңгейінің төмендеуіне әкелуі мүмкін жекелеген елдердегі ұлттық мәртебедегі осындай өзгерістер үшін негіз бола алмайды.

1.5. Судьялар өз міндеттерін жүзеге асыру кезінде азаматтардың жеке құқықтарын қамтамасыз етуге байланысты істерді сотта қараудың барлық жағдайларында талап етілетін жоғары кәсібиліктің сақталуын бақылай отырып, жұмысқа дайын болуы және азаматтарға құрмет көрсетуі, сондай-ақ заңға сәйкес оларға сеніп тапсырылған құпияларды сақтауы тиіс.

## 11-ҚОСЫМША

### Судьялар мінез-құлқының Бангалор қағидаттары

Гаага, 2002 жылғы 26 қараша

(Үзінді)

#### Бірінші көрсеткіш. Тәуелсіздік

Қағидат. Сот органдарының тәуелсіздігі құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің алғышарты және істі сотта әділ шешудің негізгі кепілі болып табылады. Демек, судья сот органдарының тәуелсіздігі қағидатын оның жеке және институционалдық аспектілерінде қорғауы және жүзеге асыруы тиіс.

#### Екінші көрсеткіш. Объективтілік

Қағидат. Судьяның объективтілігі оның өз міндеттерін тиісінше атқаруының міндетті шарты болып табылады. Бұл шығарылып жатқан шешімнің мазмұнында ғана емес, оны қабылдаумен қатар жүретін барлық процестік әрекеттерде де көрініс табады.

#### Үшінші көрсеткіш. Адалдық және ұждандылық

Қағидат. Адалдық пен ұждандылық судьяның өз міндеттерін тиісінше орындауының қажетті шарттары болып табылады.

#### Төртінші көрсеткіш. Әдеп нормаларын сақтау

Қағидат. Әдеп нормаларын сақтау, әдеп нормаларын сақтауды көрсету судьялар қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады.

#### Бесінші көрсеткіш. Теңдік

Қағидат. Сот отырысының барлық тараптары үшін тең қарауды қамтамасыз ету судьяның өз міндеттерін тиісінше орындауы үшін бірінші дәрежелі мәнге ие.

#### Алтыншы көрсеткіш. Құзыреттілік және еңбекқорлық

Қағидат. Құзыреттілік және еңбекқорлық судьяның өз міндеттерін атқаруының қажетті шарттары болып табылады.

**Куанова И.З., Носов П.Б., Темирова Е.А.**

**СУДЬЯЛЫҚ ӘДЕП КОДЕКСІНЕ  
ТҮСІНІКТЕМЕ**

